

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі ұсынған

Б.У.Салыхова, Ж.Ж.Акимбаева, Р.А.Абдраимова,
Қ.Ә.Әуесбай, Д.Т.Кенжетев, М.Н.Диханбаева, Е.Ж.Караев

Жаһандық ҚҰЗЫРЕТТЕР

Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сынып
оқушыларына арналған оқулық

9



ӘОЖ 373(072)
КБЖ 74.26
Ж26

Салыхова Б.У. ж.б.
Ж26 **Жаһандық құзыреттер.** Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сынып оқушыларына арналған оқулық./ Б.У.Салыхова, Ж.Ж.Акимбаева, Р.А.Абдраимова, М.Н.Диханбаева, Қ.Ә.Әуесбай, Д.Т.Кенжетәев. – Астана: «Арман-РV баспасы» 2024. – 176 бет.

ISBN 978-601-201-208-8

Оқулық негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы бағдарламасы бойынша жазылды. Оқулықтың мақсаты – жаһандық құзыреттерге ие, бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру, оқушының әлемдегі өз орнын анықтау үшін қажетті құндылық бағдарларын, коммуникативтік дағдыларын, мінез-құлық ұстанымдарын қалыптастыруға ықпал ету.

ӘОЖ 373(072)
КБЖ 74.26

ISBN 978-601-201-208-8

© Салыхова Б.У.,
Акимбаева Ж.Ж.,
Абдраимова Р.А.,
Диханбаева М.Н.,
Әуесбай Қ.Ә.,
Кенжетәев Д.Т., 2024
© «Арман-РV баспасы», 2024

Барлық құқығы қорғалған. Баспаның рұқсатынсыз көшіріп басуға болмайды.

Шартты белгілер

 Түйін сөздер	тақырыпқа қатысты маңызды ұғымдар	 Ойна да ойла!	ойын түріндегі қызықты тапсырмалар
 Бұл маңызды	таңымдық деректер	 Ақықта!	білім-тәжірибеге сүйеніп орыңдалатын тапсырмалар
 Талда!	талдауға арналған тапсырмалар	 Ойлаң!	логикалық тапсырмалар
 Жадыңда сақта!	маңызды жаднамалар	 Жағдаяттық тапсырма	түрлі жағдаяттарды шешуге арналған тапсырмалар
 Жасап көр!	АКТ қолданып орыңдалатын шығармашылық жұмыс	 Оқы, қызық!	қосымша қызықты мәліметтер
 Диналардан шығарып ала	ұлы тұлғалардың гифрат сөздері	 Зертте!	зерттеушілік тапсырмалар
 Сөйкестендір!	сөйкестендіруге, салыстыруға арналған тапсырмалар	 Біліміңді тексер!	сабақтан алған біліміңді тексеретін сұрақтар



Смартфондағы «Play Market» (OC Android базасында) немесе «Apple App Store» (OC iOS базасында) дүкенінен «Сканер QR» қосымшасын тегін жүктеп алу керек.

Оқулықтағы QR-код арқылы берілген тапсырмаларды орындау үшін жүктелген қосымшаны ашып, QR-кодқа бағыттау керек. *Ескерту:* кейбір смартфондардың камералары еш қосымшасыз бірден QR-кодты аша алады.

Кіріспе

Қымбатты жас дос!

Қазіргідей алуан түрлі, өзара байланысты және өзгермелі әлемде сенің есеюің экономикалық, әлеуметтік, мәдени, цифрлық, экологиялық, кейде эпидемиологиялық факторлардың ықпалымен жүзеге асады. «Жаһандық құзыреттер» пәні арқылы өзіңе қажет білімді меңгеріп, әлемдегі өз орныңды анықтайсың. Бүгінгі таңда жаһандық құзыреттерді дамыту адам өміріндегі өзекті міндеттерінің біріне айналды. Пәннің оқу бағдарламасы алты бөлімнен тұрады.

«Этика және әдеп» бөлімі сенің бойыңда адалдық, әдептілік, тәртіптілік, өз іс-әрекеттерің үшін жауапкершілік, ұжымда тіл табыса білу сияқты қасиеттеріңді дамытуға, мінез-құлық мәдениетінің стандартын қалыптастыруға ықпал етеді.

«Азаматтық және патриотизм» бөлімі өзіңді ел азаматы, Отанның бір мүшесі ретінде сезінуге, оның мүдделеріне қызмет етуге, азаматтық ұстанымыңды қалыптастыруға қажетті білім береді.

«Медиасауаттылық және қаржылық сауаттылық» бөлімін оқып, медиа кеңістіктің құралдарын талдауды, бағалауды, сондай-ақ қаржыны пайдалану және басқару дағдыларын үйренесің.

«Өмір сүру қауіпсіздігі» бөлімі қандай да бір қауіп төнгенде, төтенше жағдайларда не істеу керектігі туралы мағлұмат беріп, бағыттауға, саламатты өмір салтын ұстану дағдыларыңды қалыптастыруға негізделген.

«Экологиялық мәдениет» бөлімі сенің табиғатқа ұқыпты қарайтын, қоршаған ортаға теріс әсердің салдарын түсінетін және табиғатты қорғау қызметін белсенді жүргізетін тұлға ретінде қалыптасуыңа септігін тигізеді.

Жас дос! Қоғамдық дамудың қазіргі үрдісі өзіңнің іс-әрекетін тиімді жоспарлай алатын, білімін орынды пайдалана білетін, түпкі нәтижеге жету үшін әртүрлі топтардағы адамдармен тиімді қарым-қатынас диалогіне түсе алатын білімді тұлғаны тәрбиелеу мәселесін қойып отыр. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Авторлар ұжымы

I БӨЛІМ.

ЭТИКА ЖӘНЕ ӘДЕП

Досым, сен осы бөлімді оқу арқылы:

- этика мен әдептің адамзат өміріндегі маңызын біліп, сөйлеу этикеті мен қарым-қатынас дағдыларыңды дамытасың;
- еңбек ұжымындағы адал еңбектің, ұжымдық қарым-қатынастың мәні туралы біліміңді жетілдіріп, ұжымда бірлесіп шешім қабылдауды үйренесің;
- «сыбайлас жемқорлық» ұғымы туралы түсінігің қалыптасып, болашақтағы еңбек жолыңда адалдық пен ар тазалығын сақтаудың маңызын түсінесің;
- алтыннан қымбат уақытыңды тиімді пайдалану үшін, өзіңнен есеп алуға дағдыланасың.



Меңгерілетін білім:

- Еңбек мәдениеті, адал еңбектің адам өміріндегі мәні туралы білімді жетілдіру;
- Еңбекті бағалау, еңбектің қуанышын сезіну; іскерлікті дамытуға, еңбексүйгіштікке төселу;
- Еңбек ұжымындағы әрбір адамның құқығы заңмен қорғалатынын білу;
- Ұжымдағы татулықтың, бір-біріне сенудің маңызын түсіну.

Кел, ойланайық!

- Еңбек мәдениетін, еңбектің адам өміріндегі мәнін қалай түсінесің?
- Еңбек мәдениетінің ережелері мен қағидалары не үшін керек?
- Өз еңбегіңнің жемісі неліктен тәтті?
- Мінез-құлықты түзету, көпшілікпен тіл табысып, ұжыммен сыйласа білу қаншалықты маңызды?

**Түйін сөздер**

Еңбек
Мәдениет
Мәдениеттілік
Маңдай тер
Еңбек ұжымы
Еңбек тәрбиесі

Еңбек әдептіліктен басталады

Еңбек – өзінің тұтынушылығын қамтамасыз етуге қажетті бүкіл заттар жиынтығын жасайтын адам әрекетінің негізгі формасы. Адамның тұлға ретінде қалыптасуы барысында оның бойында қарым-қатынас қабілеттерін дамытатын шешуші күш еңбек екенін білеміз.

«Еңбек – адамның екінші анасы» дейміз. Тәрбиелік мәні терең бұл төмсілдің мағынасын «Адамды адам еткен – еңбек» деген тағы бір дана сөз аша түседі. Еңбек адамды өсіреді, тұлға ретінде қалыптастырып, қатарға қосады. Өмірден өз орнын табуға септігін тигізеді. Ұлы Абай: «Жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық аздырар адам баласын», – деп бекер айтпаса керек.

1948 жылы 10 желтоқсанда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен қабылданған «Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының» 23 бабында былай көрсеткен:

1. Әр адам жұмыс түрін еркін таңдауға, қолайлы еңбек жағдайында еңбек етіп, жұмыссыздықтан қорғалуға құқылы.
2. Басқалармен тең еңбегі үшін, нендей бір кемсітусіз, әр адамның тең еңбекақы алуына құқығы бар.
3. Жұмыс істеп жүрген әр адам өзінің лайықты өмір сүруін қамтамасыз ететіндей әділ және қанағаттанарлық, кейде әлеуметтік қамсыздандыру құралдары арқылы толықтырылып отыратын сый-сияпатқа құқылы.

4. Әр адам кәсіподақтарын құруға және өз мүдделерін қорғау үшін кәсіподақтарға кіруге құқылы.

Еңбек мәдениеті. Бір жұмысты әртүрлі нәтижемен жасауға болатыны белгілі. Бір адам жұмысты сапалы және тез орындайды. Екіншісі көп уақыт жұмсайды, шаршайды, жұмысы нәтижесіз болады. Әр адамның еңбекке деген көзқарасы әртүрлі. Мәселен, еңбекті жоспарлау, ұйымдастыру, технологияларды қолдану, қауіпсіздік ережесін сақтау, жұмыс орнын оңтайландыру т.б. туралы түрлі пікірдегі адамдарды кездестіреміз. Осының бәрі еңбек мәдениетін құрайды. Әр адамның еңбек мәдениеті әрқилы: біреудікі жоғары, екінші адамдікі төмен, осыдан барып еңбектің нәтижесі де біреуде жоғары, біреуде төмен болады. Еңбек пен мәдениет – адамзаттың негізгі жетістігі мен адамның танымдық әрекеттері.

Еңбек қауіпсіздігі мәдениеті – жұмыскерлерге зиянды немесе қауіпті өндірістік факторлардың әсерін болдырмау; олардың әсер ету деңгейін белгіленген нормативтерден асырмау және физиологиялық салдарын барынша азайту.

Еңбек мәдениеті технологиялық тәртіп, еңбек қауіпсіздігі мен өндірістік эстетиканы сақтау, жабдыққа, материалдарға, энергияға ұқыпты қарау, еңбектің экономикалық тиімділігін анықтау және талдау сияқты мәселелерді қамтиды.

Еңбек адамның денесін шынықтырып, мінез-құлық мәдениетін, ұжымдық ізгі қарым-қатынасты қалыптастырады. Еңбек ету адам баласынан тапсырылған іске деген табандылық пен ынта-жігерді, тындырымдылық пен жауапкершілікті, іскерлікті талап етеді. Адам ерінбей еңбек ету арқылы қуанышқа, шаттыққа бөленеді. Еңбексүйгіш, шыдамды, төзімді және еңбекті бағалай білген адам ғана өмірде құрметке лайық.

Адам еңбегі оймен, санамен, ақылмен істеледі. Табиғат заттарын өңдеп, өзіне қажет бұйымдар жасайды. Адам табиғаттан үйреніп, кейбір заттарды ойлап тапқан.

Мысалы:

- 1) аспанда қалықтап ұшқан құсқа қарап, ұшақты ойлап шығарды;
- 2) бал арасының ұясын, ағаш жапырақтарының діңін, бұтақтарының орналасуын, құрылымын т.б. зерделеп, түрлі ғимараттар салды;
- 3) құмырсқа илеуіне негізделген қалалар тұрғызды;
- 4) балықтың жүзуіне қарап, кемелер жасады;
- 5) табиғаттағы инелікке қарап, тікұшақ жасады.



Талда

- Еңбектің адамзат өміріндегі рөлін қалай түсінесің?
- Еңбек пен мәдениет егіз ұғым екеніне көз жеткізе алдың ба?
- Еңбексүйгіш, еңбекқор адамның бойында қандай құндылықтар болады? Кластер жаса.



Бұл маңызды

Еңбек – өзінің тұтынушылығын қамтамасыз етуге қажетті бүкіл заттар жиынтығын жасайтын адам әрекетінің негізгі формасы. Еңбек – адамның ой-сана, сөйлеу тәрізді қабілеттерін қалыптастыратын шешуші күш.

Мәдениет (араб. «қала», «қалалық») – жетілгендік, дамығандық, өркениеттілік. Табиғат нысандарында адамның әрекеті арқылы жасалатын өзгерістер. Адамзаттың болмыс пен сананың барлық саласындағы прогрестік шығармашылығының қызметі.

Мәдениеттілік – адамның тұлғалық асыл қасиеттерінің көрінісі. Әдептілік, имандылық, ізеттілік ұғымдарымен үндес.

Маңдай тер – істелген адал еңбек, жұмсалған күш. Еңбегінің жемісін, бейнетінің зейнетін көруді «маңдай тері ақталды» дейді.

Еңбек ұжымы – қоғамның мүддесіне керекті өнім өндіруді немесе қызмет етуді көздеген адамдар бірлестігі. Ұжымның қарапайым түрі алғашқы қоғамда қалыптасқан. Орталықтанған меншікке негізделген экономикада еңбек ұжымын ұйымдастыру мемлекеттің қолында болады.

Еңбек тәрбиесі – тәрбиеленушілердің жалпы еңбектік біліктері мен қабілеттерін, еңбекке психологиялық дайындығын дамытуға, мамандықты саналы таңдауға бағытталған іс-әрекеті. Жасөспірімдерді еңбекқорлыққа, еңбекті құрметтеуге, еңбек мәдениетін үйренуге бейімдеп, олардың еңбек ету шеберлігі мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған тәрбиенің бір саласы.



Жадында сақта!

2007 жылдың 15 мамырында қабылданған Қазақстан Республикасының Еңбек туралы Заңының 1-бабында еңбек пен еңбек қатынастарына былай түсінік береді:

- Еңбек – адамдардың өмірі үшін қажетті материалдық, рухани және басқа да құндылықтар жасауға бағытталған адам қызметі;
- Еңбек қатынастары – тараптардың жеке еңбек және ұжымдық шарттар негізінде белгілі бір еңбек қызметін жүзеге асыруы жөнінде туындайтын жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы қатынастар.

Осы Заңның 4-бабында әр адамның өз еңбек құқығын іске асыру мүмкіндігіне былай түсінік берілген:

1. Әркімнің өз еңбек құқығын іске асыруға тең мүмкіндігі бар. Жынысына, жасына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, мүлік және қызмет жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына, сеніміне, азаматтықта, қоғамдық бірлестіктерде болуына, сондай-ақ қызметкердің іскерлік қабілеті мен оның еңбегінің нәтижелеріне байланысты болмайтын басқа да мән-жайларға қарамастан, ешкімнің де еңбек құқықтары шектелуге немесе оларды іске асыруда қандай да бір артықшылықтар алуға тиіс емес.
2. Еңбек саласында кемсітушілікке ұшырадым деп есептейтін адамдар тиісті арызымен сотқа жүгіне алады.



Жасап көр!

I топ «Адал қызмет ету кодексінің» жобасын жасайды.

II топ «Абыройға бөлеген адал еңбек» тақырыбында эссе жазады.

III топ еңбек туралы мақалдардың мағынасын ажыратып, түсіндіреді.

- Еңбек – адамның екінші анасы.
- Еңбек – ата, жер – ана.
- Адал еңбек, алғыр ой – анық досың біліп қой.



Даналардан шыққан сөз

Даналардың өсиеттерін оқып, ой түйінде.

Бала тәрбиесінің ең үлкені – оны еңбекке баулу. Еңбекшіл жас қана ең үздік азамат болып қалыптасады.

Әзілхан Нұршайықов

Еңбексіз бос жүру адамды моральдық жағынан құлдыраушылыққа, жалқаулыққа, зерігушілікке, жұрт еңбегінің есебінен күн көруге әкеп соғады, табиғи талантын мұқалтады. Адал да белсенді еңбек адамның ерік-жігері мен мінезін, жарасымды дене бітімін жетілдіре түседі.

Төлеген Тәжібаев


Еңбек үстінде жолдастық қалыптасады, яғни адам басқа жұртпен дұрыс қарым-қатынас жасау арқылы тәрбиеленеді.

Антон Макаренко



Ойна да ойла!

Сөзжұмбақты дұрыс шешкенде, ерекше жолдан «Еңбекқор» сөзін оқуға болады.



1. «Айрықша» сөзіне жуық мәндес сөз.
2. «Жұмысшы» сөзінің синонимі.
3. Еңбек түбі –
4. «Диқан» сөзіне мағыналас сөз.
5. «Мамандық», «жұмыс» сөздерінің баламасы.
6. Күш-жігер.
7. Көп оқыған, білімді адам.
8. «Несібе» сөзіне мағынасы жақын сөз.



Зертте!

1. «Адал еңбек иесі» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргіз. Өзің білетін еңбек адамдарымен сұхбаттасып, олардың өмірінен деректер жинақта. Зерттеу жұмыстарыңды қорытындылап, олар (ата-анаң, туысқандарың, ұстазың, таныстарың, досың, белгілі адамдар және т.б.) туралы альбом, слайд немесе бейнеүзік өзірле.
2. Адам өміріндегі еңбектің рөлін талдап, инфографика жаса.



Біліміңді тексер!

- Еңбек мәдениеті, еңбектің адам өміріндегі мәні, ұжымдық қарым-қатынас туралы не түсіндің?
- Еңбек қуанышы деген не? Пікіріңді түйіндеп өңгімеле.
- Шынайы, адал еңбекке қол жеткізу үшін төзімділіктің мәні қандай?

Меңгерілетін білім:

- «Ел игілігіне еңбек ету», «адал еңбек» ұғымдарының мәнін түсіну;
- Азаматтық парыз, адам мен қоғам үйлесімділігін түсіну;
- Отан алдындағы жауапкершілікті сезіне білу;
- Еңбек игілігін сезініп, нәтижелі іс атқарудың маңыздылығын ұғыну;
- Еңбегімен елге танылған, халықтың перзенті болған тұлғалармен танысу, олардан үлгі алу.

Кел, ойланайық!

- Ел игілігі, қоғам үшін еңбек ету дегенді қалай түсінесің?
- Отан алдындағы азаматтық парыз, ата-ана алдындағы перзенттік парыз, ұстаз алдындағы шәкірттік парызды қалай өтеуге болады?
- Еңбек тәртібінің мәні, еңбекқорлық туралы не айтар едің?
- Сыныптағы бірлескен еңбекте ұйымшылдықтың пайдасы қандай?

**Түйін сөздер**

Игілік
Азаматтық парыз
Абырой

Қоғамға пайдалы азамат болу – парыз

Әлемдік өркениеттің барлық құндылығы адам еңбегімен жасалатындықтан, әлеуметтік жаңғыру да өнімді еңбектің арқасында жүзеге асады. Бүкіл қоғам адал еңбекке бет бұрып, тынымсыз әрекеттенсе, азаматтардың тұрмысы түзеліп, мемлекеттің даму деңгейі артатыны мәлім.

Қазақ халқы әу бастан еңбек етуді тіршіліктің көзі, тұтқасы, бүкіл тәрбиенің басы деп санаған. Еңбек арқылы балаларды бірлікке, іскерлікке баулыған, баласына еңбектің пайдалы жағын үнемі айтып отырған. Оны көбіне мақал-мәтел, өсиет айту, өнеге көрсету арқылы жүзеге асырған. Оған «Еңбегі қаттының ембегі тәтті», «Еңбек түбі – береке» деген мақалдар дәлел бола алады. Бұдан біз ата-бабамыздың тәрбиенің көзі еңбекте екенін білгенін ұғамыз.

«Адал еңбекпен мал іздемек – ол арлы адамның ісі» деп дана Абай айтқандай, расында да, адамзат пайда болғаннан бері өзінің қажеттілігін тек еңбек арқылы қамтамасыз етіп келеді. Еңбек адамды адалдық, табандылық, жауапкершілік сияқты қасиеттерге баулып игілікке жеткізеді.

Адам өмірінде өзіне ыңғайлы, өзі қызығатын, қолынан келетін істі істесе, еңбегі өзіне де, өзгеге де пайдалы болып, еліне, халқына пайдасы берекелі болады. Елдің еңсесін көтеретін игі бастаманың маңызын қоғамның

әрбір мүшесі түсініп, әлеуметтік жаңғыртуға шамасы келгенше үлес қосса, ол өзі үшін де, еліміз үшін де тиімді.

Әр жұмыстың нәтижесі де әрқилы. Құрылысшы үй салады, өнертапқыш жаңа үлгідегі компьютерді жинайды. Бұлар еңбек қызметі нәтижесінің көрнекі өнімдері.

Біз жұмысты жақсы мен жаманға бөлмейміз, өйткені әр адам өз саласында жақсы қызметкер ретінде танылады. Хирург ешқашан ғарыш кемесін жасай алмайды, ал инженер-конструктор адамға ота жасамайды, бірақ бұдан олардың біреуінің еңбегін құнсыздандыруға болмайды, өйткені олардың әрқайсысы өмірді жақсартуға: біреуі адам өмірін құтқаруға, екіншісі ғарыш кеңістігін игеруге және көкжиектерді кеңейтуге бағытталған.

Ұлы Абай: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп насихат қалдырған. Бұл – әр отбасында айтылып отыруы тиіс өнегелі сөз. Ата-бабамыз кісінің ақысын жемеуге, қоғам мүлкіне қол сұқпауға тәрбиеледі. Маңдай термен тапқан нанның тәтті екенін өз еңбектерімен үлгі етіп көрсетті. Маңдай тер, адал еңбек бар жерде береке-бірлік болады, абырой мен сый-құрметке ие боласың. Қоғамға пайдалы азамат болу – бәріміздің парызымыз.



Талда

- Қазақ халқы еңбек арқылы ұрпағын қандай мінезге тәрбиелеген?
- Адамның өзіне жұмыс жасауы мен еліне еңбек етуі арасында айырма мен өзара байланыс бар ма? Түсіндір.
- Әр адам өз мамандығы бойынша жұмысын адал атқарып, жақсы нәтижеге қол жеткізсе, бұл қоғамға пайдалы еңбек болып санала ма? Мысалдар келтір.



Бұл маңызды

Игілік – ырыздықты, рухани және мәдени байлықты білдіретін жалпы ұғым; адамның белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандыратын, оның мүддесі мен ниетіне сәйкес келетін нәрселер.

Игілік табиғи және қоғамдық болып бөлінеді. Табиғи игілік – табиғи байлық, мысалы, топырақтың құнарлылығы, пайдалы қазбалар т.б. Қоғамдық игілік – адам қызметінің нәтижелері.

Азаматтық парыз – адам мен қоғам үйлесімділігін білдіретін әлеуметтік-этикалық ұғым, жеке тұлғаның туған жер, атамекен,

Отан, халық алындағы парызы. Азаматтық парыз адам құқықтарын қастерлеумен тығыз байланысты. Азамат өз құқықтарын пайдаланып қана қоймай, сонымен бірге қоғам, заң және басқа тұлғалар алдындағы жауапкершілігін сезінуі қажет.

Абырой – адамгершілік, еңбек арқылы көпшілік тарапынан қадір-қасиетке, сый-құрметке ие ететін этикалық категория.



Оқы, қызық!

Билл Гейтс пен Илон Масктің табысқа жету формуласын анықта. Оларды ел игілігіне еңбек етіп жүр деп айта аламыз ба?

Билл Гейтс – бағдарламалық қамсыздандыру саласының өлемдік көшбасшысы. Жасөспірім кезінен программалаумен айналысқан. Билл Гейтс – 31 жасында миллиарддер атанған ең табысты адам. Қазіргі табысы күніне 20 миллион АҚШ долларын құрайды. Жұбайымен бірге қайырымдылық қорын ашып, қайырымдылыққа 28 миллиардтан артық ақша жұмсаған.

Илон Маск – бүкіл өлемге танымал америкалық инженер, өнертапқыш, ірі кәсіпкер. 12 жасында прграммалау тілін білген, соның арқасында 1984 жылы ең алғашқы 500 доллар табысын тапқан. Бұл өзі жасаған Blastar атты видео ойынын компьютерлік журналға сатудан түскен қаражат еді.

Илон Маск SpaceX Starship планетааралық зымыранын ойлап тапты. Оның айтуынша, бұл – тарихтағы ең қуатты зымыран, ол болашақта адамдарды Марсқа қоныстандырады.



Даналардан шыққан сөз

Данышпан Абайдың сөздерін оқып, ақынның жастарды неге шақырғанын сарала.

Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың...

Егер ісім өңсін десең, ретін тап. Биік мансап – биік жартаc: ерінбей еңбектеп жылан да шығады; екпіндеп ұшып қыран да шығады.

Сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан бала артық...

Абай Құнанбайұлы



Сәйкестендір!

Елі үшін игілікті істер атқарған тұлғалардың есімдерін олар туралы мәліметпен сәйкестендір.

1.	Ахмет Байтұрсынұлы	А)	Жазушы, филология ғылымдарының докторы мен профессоры. Қазақтың көркем прозасын классикалық деңгейге көтерген туынды – «Абай жолы» роман-эпопеясының авторы
2.	Мұхтар Әуезов	Ә)	Ақын, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым, ұлттық жазудың реформаторы, ағартушы, қоғам қайраткері
3.	Күләш Байсейітова	Б)	Қазақстанның халық әртісі, ұлттық би өнерін дамытушы, сахналық образдардың ішкі жан сұлулығын бидегі пластикалық шешіммен шебер шендестіре білген дарын иесі
4.	Шара Жиенқұлова	В)	24 жасында «Халық әртісі» атағын алған, қазақ операсының негізін қалаған әнші. КСРО халық әртісі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
5.	Камшат Дөненбаева	Г)	Екі мәрте Социалистік Еңбек Ері, атақты күрішші, егін шаруашылығының шебері, колхоз құрылысының ардагері
6.	Димаш Құдайберген	Ғ)	Ауыл шаруашылығын дамытуға үлес қосқан механизатор, тың игеруші, еңбек ардагері, қоғам қайраткері. Социалистік Еңбек Ері (1975)
7.	Ыбырай Жақаев	Д)	Витебск қаласында өткен XXIV Халықаралық эстрадалық «Славян базары-2015» байқауында Гран-при жеңіп алған, 29 жасында «Қазақстанның халық әртісі» атағын алған әнші



Зертте!

Өртүрлі мамандық иелері мен олардың қол жеткізген игілікті істері туралы қосымша дереккөздерінен ізденіп, «Менің болашақтағы мамандығым» тақырыбына бейнеролик жаса.



Жасап көр!

I топ «Қоғамға пайдалы азамат болу – парыз» мәтінінен өздеріне әсер еткен ойды және еңбек игілігі туралы ұсыныстарды жазып, кестені толтырады.

Мәтіндегі бізге әсер еткен ойлар	Ұжымдық еңбек туралы ұсыныстар

II топ бірлескен ұжымдық еңбекте ұжым мүшелеріне керек қасиеттер туралы инфографика жасайды.



III топ берілген шағын мәтінді оқып, сұрақтарды талқылап. «Отан игілігі үшін» атты жоба жұмысын жасайды.

«Адам әрқашан Отаны үшін, елі үшін қызмет етуі керек», – деді атасы. Немересі: «Ол мүмкін емес қой, ата. Мен қай кезде өзім үшін өмір сүремін?» – деді. Атасы: «Мүмкін болғанда қандай!? Бұл – өте қарапайым нәрсе. Әр ісіңді сүйіспеншілікпен, зор жауапкершілікпен жасасаң, онда әрбір ісің, оқуың, еңбегің, басқаларға қызмет етуің – барлығы Отаның мен еліңнің игілігіне айналады», – деп жауап берді. Сонда немересі былай деді: «Ата, мен енді барлық атқаратын ісімді зор сүйіспеншілікпен және жауапкершілікпен адал атқаруға тырысамын».

1. Атасының айтқан ақылына алып, қосарларың бар ма?
2. Отанға, елге адал қызмет етудің тағы да қандай жолдарын ұсынар едіңдер?



Біліміңді тексер!

- «Адал еңбек» ұғымының мәнін қалай түсіндің? Ел игілігі үшін адал қызмет етудің мәні не деп ойлайсың?
- Еңбек игілігін сезініп, нәтижелі іс атқарудың маңыздылығы деген не?

● Меңгерілетін білім:

- Қарым-қатынас мәдениеті және этикет туралы білімді толықтыру;
- Сыныпта, еңбек ұжымында сақталуға тиіс қарым-қатынас мәдениеті бойынша түсінікті жетілдіру;
- Сөйлеу этикеті мен қарым-қатынастағы дағдыларды дамыту;
- Ынтымақ, сыйластық, сыпайылық, татулықтың адамзат өмірінде алатын орнын түсіну.

● Кел, ойланайық!

- Қарым-қатынас мәдениеті және этикет дегенді қалай түсінесің?
- Сыныпта, еңбек ұжымында әдепті қарым-қатынасты қалай жолға қоюға болады? Ол үшін қандай адами құндылықтарды ұстанған жөн?
- Сөйлеу этикеті деген не?
- Отбасындағы татулық, көршімен сыйластықтарың қандай деңгейде?



Түйін сөздер

Қарым-қатынас мәдениеті
Этикет
Сөйлеу этикеті
Сыпайылық

Қарым-қатынас мәдениеті де қажеттілік

Қарым-қатынассыз топтың да, ұйымның да, қоғамның да болуы мүмкін еместігі баршамызға мәлім. Өзара қарым-қатынас жасай алу – адамзаттың эволюция барысындағы басты жетістіктерінің бірі. Мамандардың мәлімдеуінше, қарым-қатынас – ақпарат алмасу мен өзара әрекеттесудің бірегей стратегиясына дағдыланудан, басқа адамды қабылдаудан және түсініуден құрылған, бірлескен қызметтің қажеттіліктерінен туындаған, адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуының жоспарлы процесі.

Ғалымдар қарым-қатынасты адамдардың тіршілік әрекетінің рухани және материалды формаларының алуан түрлілігін біріктіретін, сонымен қатар оның маңызды қажеттілігі болып саналатын әлеуметтік-психологиялық құбылыс ретінде қарастырады. «Қарым-қатынас» (коммуникация) сөзі латынның «қоғам, қауым, ортақ» деген мағына білдіретін *communis* сөзінен шыққан.

Әлдекімен ақпарат алмасу үшін, ең алдымен, байланысқа, қарым-қатынасқа түсіп, одан кейін бірлескен қызмет барысында ортақ көзқарасқа жетуге тырысу керек.

Қандай да бір тұлғамен кездескенде алғашқы әсердің қалыптасуына небәрі бірнеше минут жеткілікті. Көп адамда бірден ұнату немесе ұнатпау пайда болады. Бұл оның киім киісіне немесе

сыртқы келбетіне емес, адамның қалай сөйлейтініне байланысты. Қарым-қатынас мәдениеті, әдептілік және этикет ережелерін білу – бәрі жеке тұлғаны бағалау кезінде бірінші орынға шығады.

«Әдеп» дегеніміз – жақсы тәрбие, адамдармен жақсы мәміледе болу, сыпайылық, көркем мінез. Әдеп – ғасырлар бойы қалыптасқан халықтық құнды қазына. Бұл – адам мен жануарды ажырататын басты айырмашылық. Әдептілік бала дүниеге келе сала берілмейді, оны біртіндеп үйрену керек. Қоғамдағы дұрыс мінез-құлықтың алғашқы іргетасын ата-ана қалайды. Бала барлық жақсы мен жаман қасиеттерді ата-анасынан алады. Сөйтіп, өмір бойы осы білім мен дағдыны, тәрбиені жетілдіреді.

Мақсат қою арқылы сіз басқа адамдармен жылы қарым-қатынас қалыптастырып, жағымды әсер қалдырасыз және тезірек жетістікке жетуге тырысасыз.

Қарым-қатынас адамның өміріне толығымен еніп, тамақ, киім, су, тұрғын үй және басқа да тіршіліктің қажеттіліктері сияқты маңызды болып саналады.

Адам өмір бойы көпшілікпен тіл табысу тәжірибесін үнемі толықтырып, өз дағдысы мен икемділігін жетілдіріп, коммуникативті құзыреттілігін дамытуы тиіс. Қарым-қатынас ережесі мен ана тілінің қуатты әлеуетін меңгеру, сендіре білу және келіссөздер жүргізе білу, басқа адамдарға жағымды әсер ету – мұның бәрі өмірдің барлық саласында тәжірибелік пайда әкеледі, мансапта көмектеседі, кәсіби жетістікке жеткізеді, бәсекеге қабілетті тұлға болуға мүмкіндік береді.



Талда

- Көркем мінезімен елге сыйлы адамды қалай атар едің?
- Ұжымдағы сыйластық пен достық қарым-қатынастың ортақ еңбекке пайдасы бар ма? Түсіндір.
- Айналаңдағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білудің өз өміріңе тигізетін игі ықпалына кластер жаса.





Қарым-қатынас – адамдар арасындағы байланыстың орнауы мен дамуы, ортақ іс-әрекет қажеттілігі мен ақпарат алмасуды қамтамасыз ететін күрделі көпжақты процесс.

Қарым-қатынас мәдениеті – адамдардың өз мінез-құлқын басқару арқылы басқалармен тіл табысуы.

Этикет деп нақты бір мезетте нақты бір жағдайға байланысты нақты адамдардың өзін-өзі белгілі бір ортада ұстау әдебін айтады. Іскерлік немесе кәсіптік этикеттің моральдық негізі – адамның қадір-қасиетіне деген құрмет, өріптесінің мүддесі мен іс-әрекет психологиясын тану арқылы жақсы қарым-қатынас орнату.

Сөйлеу этикеті – сөйлеу әдебінің ережесі, адамдар арасындағы тілдік, ұлттық, этникалық т.б. факторлар түйісетін қатынас саласы. Сөйлеу этикеті кез келген ұлттық мәдениеттің маңызды элементі болып саналады.

Сыпайылық – айналадағылармен қарым-қатынас жасаудың күнделікті нормасы, әдептілік, ізеттілік.



I топ сұрақтарға жауап бере отырып, суретті негізге алып (*1-сурет*), қоғамдық орындарда телефонмен сөйлесу әдебі туралы пікір алмасады.

1. Қоғамдық орындарда телефон арқылы сөйлесу мәдениеті туралы не айтуға болады?
2. Өзің көпшілік орында телефон арқылы қалай сөйлесесің?
3. Мектепте, театрда, жиналыстарда, жарыстар мен конкурстарда, қоғамдық көлікте телефонмен қалай сөйлескен жөн?



1-сурет. Қоғамдық орында телефонмен сөйлесу

II топ отбасындағы сыйластық, татулық, бірлік туралы әңгімелеп береді (2-сурет). Қандай қарым-қатынас дәстүрі жолға қойылғаны және отбасы мүшелерімен сыйластығы туралы пікірлерімен бөліседі.



2-сурет. Отбасындағы сыйластық

III топ «Адами қарым-қатынас жасау – адам өміріндегі бағалы құндылық» тақырыбында брифинг ұйымдастырады.

Сұрақтары:

1. Сөздің қарым-қатынас жасаудағы рөлі қандай?
2. Әдепті сөйлеудің адами қарым-қатынасқа ықпалы қандай?
3. Адами қарым-қатынас жасау мәдениетіне нелер жатады?



Даналардан шыққан сөз

Шөкәрімнің даналық сөздерін оқып, ой тұжырымын жаса.

Сөзінді түзе –
әдетіңе айналады,
Әдетің мінезіңе айналады,
Мінезің – сенің тағдырың.

Адамдық борышың –
Халқыңа еңбек қыл.
Ақ жолдан айнымай,
Ар сақта, оны біл.



Ойна да ойла!

«Қарым-қатынас» сөзінің әр әрпіне адам бойындағы жақсы қасиеттерді сипаттайтын сын есім сөздер жаз.

Мысалы:

Қ – қайырымды

А – адал

Р – ...

Ы – ...

М – ...



Жадында сақта!

Қарым-қатынас ережелері:

1. Әрқашан күлімсіреңіз. Сіздің күлімсіреуіңіз және жақсы көңіл күйіңіз әңгімелесушіні өзіне тартады;
2. Қарым-қатынас барысында сыпайы болыңыз;
3. Әңгімелесушіні атымен атаңыз;
4. Аз сөйлеп, көбірек тыңдаңыз;
5. Шынайы және адал болыңыз;
6. Әр нәрсені айтпас бұрын ойланыңыз;
7. Әңгімелесушінің сөзін бөлмеңіз, оған сөйлеуге мүмкіндік беріңіз;
8. Әңгімелесу барысында төкашпарлықтан аулақ болыңыз;
9. Адамды түсінуге тырысыңыз;
10. Егер сіз онымен келіспесеңіз де, сұхбаттасушының көзқарасын құрметтеңіз т.б.
11. Осы тиімді ережелерді өміріңізде қолданыңыз және айналаңыз қаншалықты тез өзгере бастайтынын көресіз.

Ақштан Бақтыгереева



Білімді тексер!

- Қарым-қатынас мәдениеті және этикет туралы не түсіндің?
- Әдеп, этикалық нормалар туралы не білдің?
- Өміріңе сабақ болар қандай ой түйдің?

Меңгерілетін білім:

- «Сыбайлас жемқорлық», «пара беру», «пара алу» және «құқықбұзушылық» сөздерінің мағынасын түсіну;
- Отанымыздың байлығын қорғап, ел игілігіне қызмет етуді мақсат ету;
- Еңбек адамдарын құрметтеу, пайдалы мамандық таңдау жолдарын қарастыру.

Кел, ойланайық!

- Сыбайлас жемқорлық пен құқықбұзушылық дегеніміз не? Бұлардың адам өміріне ықпалы қандай деп ойлайсың?
- Сыбайлас жемқорлыққа, пара беруге қалай қарсы тұруға болады?
- Отанымыздың байлығын қорғап, ел игілігіне қызмет етуді қалай жүзеге асыруға болады?
- Кәсіптік ортадағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің мәнін қалай түсінесің?

**Түйін сөздер**

Сыбайлас жемқорлық
Пара
Пара алу
Пара беру
Құқықбұзушылық

Сыбайлас жемқорлық

«Сыбайлас жемқорлық» ұғымының мазмұнын, тарихи түп-тамырын түсінбейінше, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің мәнін ұғыну мүмкін емес. Бұл ұғым қазіргі ғылыми, қоғамдық-саяси әдебиетте кеңінен қолданылады. «Сыбайлас жемқорлық» (латын тілінен «соупрег») сөзінің көп мағынасы бар: бұлдіру, құлдырау, параға сатып алу, азғыру, тура жолдан тайдыру, істі бұрмалау, алдау, қорлау, ар-намысын таптау. Бұдан өзге «сыбайласу» етістігі «біреуді ақшамен немесе өзге де материалдық игіліктермен сатып алу» дегенді білдіреді.

Ежелгі дереккөздерге сүйенсек, сыбайлас жемқорлық мемлекеттік аппараттың туындауымен қатар пайда болған, әртүрлі тарихи даму кезеңінде барлық елге тән болды.

Алғашқы деректер Ежелгі Вавилон мұрағаттарында (б.з.б. XXIV ғасырдың екінші жартысы), кейіннен Вавилон патшасы Хаммурапидің заңдарында (б.з.б. XIX ғ.) кездеседі. Ежелгі Үндістанда (б.з.б. II ғ. – б.з. II ғ.) брахман мектебі құрастырған үнділер құқығының тарихи ескерткіші – Ману Заңдарында айтылды.

Ежелгі грек ойшылдары Платон мен Аристотель өз еңбектерінде билікті асыра пайдалану мен парақорлық қоғамның экономикалық, саяси, рухани өмірін күйрететінін ескерткен.

Аристотель «Саясат» атты еңбегінде сыбайлас жемқорлықтың

мемлекетті күйретуге әкелмесе де, азғындауына әкелетін маңызды фактор екенін атап көрсеткен. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті Аристотель мемлекеттік тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізі деп санаған.

Рим құқықтарында «сыбайлас жемқорлық» термині заңдық күшіне енді. Бұған мысал ретінде Рим заңының XII кестесін (б.з.б. V ғ.) айтсақ болады. Мұнда «сыбайлас жемқорлық» термині судьяны сатып алып, сот шешімін өзгерту мағынасында қолданылған.

Италия саясаткері Н.Макиавеллидің еңбектерінде сыбайлас жемқорлықты пайымдауға маңызды серпін берілген. «Билеуші» атты еңбегінде (1513 ж.) ол сыбайлас жемқорлықты «жария мүмкіндіктерді жеке басының мүддесіне қарай пайдалану» ретінде анықтап, сыбайлас жемқорлықты алдын ала анықталуы қиын, бірақ жеңіл емделетін, ал асқынып кеткенде, анықталуы оңай, бірақ емделуі қиын аурумен салыстырған.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» жинағынан

Қазақстанда сыбайлас жемқорлықты реттейтін нормативтік-құқықтық актілер

Қазақстан Республикасы 37 мемлекет қабылдаған конвенцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заң қабылдады. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер, мысалы, «Мемлекеттік қызмет туралы» және «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңдары қабылданды. Бұндай қылмыстарды жасағаны үшін белгіленетін жазаның түрі мен мөлшері жасалған қылмыстық әрекеттің қауіптілік деңгейі мен келтірілген залалына байланысты болады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 361-бабына сәйкес лауазымдық өкілеттікті теріс пайдаланғаны үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырылып, 2000 АЕК айыппұл төлеу, 2 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылу немесе шектеу жазалары қолданылады.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 366-бабына сәйкес пара алғаны үшін мүлкі тәркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айырылып, параның 50 еселенген мөлшерінде

айыпшұл салыну не 5 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылу жазалары қолданылады.



Талда

- «Сыбайлас жемқорлық» ұғымын қалай түсіндің?
- Республикамызда сыбайлас жемқорлықты реттейтін қандай құқықтық актілерді білесің?
- Сыбайлас жемқорлықтың адам өміріне ықпалы қандай? Оған қалай қарсы тұра аламыз?
- Болашақта өз еңбек жолыңда адалдық пен ар тазалығын сақтау үшін не істеу керек деп ойлайсың?



Бұл маңызды

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, парақорлығы. Өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады.

Пара – белгілі бір мәселе тиімді шешілу үшін лауазымды адамға берілген ақша, бағалы қағаз, басқа да мүлік.

Пара алу – қызметтік қылмыстың ең қауіпті түрі. Лауазымды қызметкердің өзінің жұмысы немесе лауазымдық қызметі үшін басқалардан заңсыз түрде ақша не материалдық сыйлық алуы.

Пара беру – лауазымды тұлғаның заңды не заңсыз жасайтын әрекеті (әрекетсіздігі) үшін, пара берушінің пайдасына белгілі бір басымдық алу, қолдау жасауы үшін не қызметтегі теріс іске біле тұра жол беруі үшін лауазымды тұлғаға жеке өзі немесе делдал арқылы жасалатын қылмыс.



Жағдаяттық тапсырма

Төменде берілген жағдаятты талқылап, брифинг өткізіңдер. Қорытындысын сызба түрінде жазыңдар.

Азамат – университеттің 2 курс студенті. Оқу жылы аяқталуда, алда емтихан тапсыруы керек. Азаматтың ата-анасы

оның оқу үлгерімінің нашар екенінен хабарсыз. Баласының болашағынан үлкен үміт күтеді. Ол емтиханнан жақсы баға алу үшін, оқытушыға 30 мың теңге пара бермек болды.

1. Азаматтың әрекеті дұрыс па, бұрыс па?
2. Мұндай жағдайда оқытушы қандай іс-әрекетке баруы мүмкін?
3. Азаматты пара бергені үшін жауапқа тартуға бола ма?
4. Мұндай келеңсіз жағдайға әкелетін факторлар мен оны болдырмау жолдарын анықтап, қорытынды жасаңдар.



Анықта!

Өңгімені оқып, «қанағат» сөзінің мағынасын анықта, бұл сөзді «сыбайлас жемқорлық» ұғымымен салыстыра талда.

Қанағат	Сыбайлас жемқорлық

Қанағат

Өзірет Әлиден бір кісі келіп сұрады дейді:

– Толық байлық қайтсең табылады?

Әли айтты:

– Қанағат ете білсең. Қанша мал көп те болса қанағаты жоқ кісі байлыққа жеттім деп тоймайды; қанша мал аз да болса барына қанағат ете білсе, бұл адамның көңілі жайлы, тынышырақ болады, соның үшін байлық – қанағатта.

Ыбырай Алтынсарин



Сәйкестендір!

Нақыл сөздердің жалғасын тауып, сәйкестендір.

1.	Заңның құрығы	А)	ханға лайық заң болсын
2.	Ұрлық түбі	Ә)	туған жоқ
3.	Өш алғаннан гөрі	Б)	жамандық жоқ
4.	Ақырын жүріп	В)	арты игі
5.	Абыз болсын,	Г)	би түсетін үй бол
6.	Тура биде	Ғ)	анық бас
7.	Хан болсын,	Д)	абыз сайлау парыз болсын
8.	Жазасын тартпайтын	Е)	бәрінен ұзын
9.	Әділ істің	Ж)	қорлық
10.	Би болмасаң да,	З)	кешірген жөн



Жадында сақта!

Жеке тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті – жеке тұлғаның бұны қабылдамауға және оған қарсы әрекет жасауға бағыттайтын қабілеті мен адами қасиеттерінің, білімінің жүйесі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлықтың қоғам қауіпсіздігіне және игілігіне зияны туралы жеке тұлғаның білімі. Ол – индивидтің жай ғана сыбайлас жемқорлыққа төзбеуі емес, сонымен қатар оны жоюға, онымен күресуге талпынуы.

Тұлғаның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыру мынаны көздейді:

- моральдық-адамгершілік, этикалық мәдениетті тәрбиелеу;
- құқықтық сауаттылық негіздерін қалыптастыру;
- қоғам мүшелерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық уәжін ынталандыру;
- мүдделер қақтығысының барлық көріністеріне төзбеушілікті қалыптастыру.

Адамгершілік ұстанымы мықты адам сыбайлас жемқорлықты былайша сипаттайды:

- өзі үшін, өз елі және оның болашағы үшін төнетін нақты қауіп;
- өзі азаматы болып табылатын елмен байланыстың тоқтауының бір себебі;

- ұлттық байлықты тонау және қоғамдық сананы бұзу арқылы параға сатып алу және заңсыз баюдың қылмыстық сызбасы;
- мемлекеттің құрылысына, өнегелік құндылықтарына қол сұғатын және бұқара санасына жалған құндылықтарды енгізу үшін жағдай жасайтын қылмыстық идеологияны заңсыз енгізу;
- заңдар жұмыс істемейтін және әділдікке орын жоқ әділетсіз өмір.



Даналардан шыққан сөз

Мақалдар мен қанатты сөздерді оқып, ой тұжырымын жаса.

Елін сатып, асаған
Екі күн ғана жасаған.

Халық даналығы

Байлық – қанағат пен еңбекте.

Ыбырай Алтынсарин

Ынсап, ұят, терең ой –
Асыл зейнет, біліп қой!

Абай

Ынсап, ұят, ар, рақым, сабыр, сақтық –
Талапқа алты түрлі нөқта тақтық.
Алтауының ішінде ынсап әділ,
Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық.

Шәкәрім



Білімді тексер!

- Сыбайлас жемқорлық, құқықбұзушылық туралы қандай мағлұмат алдың?
- Сыбайлас жемқорлықты болдырмау жолдары туралы не үйрендің?
- Адамгершілік ұстанымы мықты адам сыбайлас жемқорлыққа бой алдыра ма?

Меңгерілетін білім:

- «Өзіңнен есеп алу» деген тіркестің мағынасын білу;
- Пайдалы іс пен әдет, азаматтық парыз, ар-ождан туралы білімді толықтыру;
- Өз ісіне есеп беріп, уақытын үнемдеудің тиімділігін, нәтижелі іс атқарудың маңызын түсіну;
- Қоршаған ортаға, қоғамға, өз өміріне пайдалы іс атқарудың мәнін сезіну.

Кел, ойланайық!

- Өзіңнен есеп алу дегенді қалай түсінесің, ол не үшін керек?
- Қоршаған ортаға, қоғамға, өз өміріңе пайдалы іс атқарудың мәні қандай?
- Өзіңнің өмірлік ұстанымың, алдыңа қойған мақсатың қандай?
- Өз ісіңе есеп беріп, уақытты үнемдеудің тиімділігі туралы пікіріңмен бөліс.

**Түйін сөздер**

Әдет
Азаматтық парыз
Өз ісіне есеп беру

Абайдың он бесінші қарасөзі

Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, мен бір белгілі парқын көрдім.

Әуелі, пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен.

Есер кісі орнын таппай, не болса сол бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болса, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен дағы, күнінде өкінгені пайда болмайды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны қатып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.

Үшінші – әрбір нәрсеге қызықпақтық. Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе екен. Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде яки өне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, біртүрлі мастық пайда болады екен.

Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төңіректегі қараушылардың көзін ашып,

«ананы-мынаны» дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен. Есер кісілер ер-тоқымын тастап, бөркі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жынды кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім.

Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір **өзіңнен өзің есеп ал!** Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың.



Талда

- Абайдың қарасөзінен не түсінгеніңді талдап, жинақта.
- «Істеген ісіңе өкіну», «берекесіз болу» ұғымдарының мағынасын салыстыр.
- Өзің істеген істерің туралы өзің-өзің есеп беріп көрдің бе? Әңгімеле.



Бұл маңызды

Әдет – адамның күнбе-күнгі тіршілік қажетіне байланысты қалыптасқан тұрақты мінез, іс-қимыл ерекшелігі. Жақсы әдет адамның күш-жігерін пайдалы істерге арнауына, уақытын үнемдеп, негізгі ісін тындыруына көмектеседі. Әдеттің негізгі қалыптасатын кезеңі – балалық шақ. Осы кезеңдегі кез келген нәрсеге еліктей бергіштік қасиет кейде ұнамсыз әдеттердің қалыптасуына себепші болады. Әдет дұрыс бағытталған тәрбие арқылы пайда болып, мінездің тұрақты қырына айналуы мүмкін.

Азаматтық парыз – адам мен қоғам үйлесімділігін білдіретін әлеуметтік-этикалық ұғым, жеке тұлғаның Отан, халық алдындағы парызы. Азаматтық парыз адам құқықтарын қастерлеумен тығыз байланысты. Азамат өз құқықтарын пайдаланып қана қоймай, сонымен бірге қоғам, заң және басқа тұлғалар алдындағы жауапкершілігін сезінуі қажет.

Өз ісіне есеп беру. Өзіне есеп беру адамның кеткен қателіктерін қайталамауына, ісін саралап, жоспарлауына септігін тигізеді. Сол арқылы адамның күндік, апталық, айлық, жылдық және маусымдық жоспарлары пайда болады.



Оқы, қызық!

«Торғайдың үш өсиеті» әңгімесін QR-code-тан тыңда. Әңгімеден қандай ой тұжырымын жасауға болады? Өзіңнің өмірлік мақсатың қандай? Мақсатқа жетудің қандай жолдары бар?



Сөйкестендір!

Кестеде берілген сөздерді анықтамасымен сөйкестендір.

Ұғымдар		Анықтамалары
1. Ғалам	А)	Алға қойған мақсат, тілек, арман
2. Мұрат	Ә)	Адам іс-әрекетінің, бағдарының негізі, ішкі қозғаушы күші
3. Мүдде	Б)	Ынта, ұмтылыс, талпыныс
4. Рақым	В)	Бүкіл жер жүзі, өлем
5. Сенім	Г)	Қайырым, мейірім, шапағат
6. Талап	Ғ)	Қандай да бір күдіктен арылу; адамның сөзінде тұруы, сертіне беріктігі арқылы ие болатын қасиет



Ойлан!

- Адамның бойындағы қандай қасиеттері оны абырой биігіне көтеріп, дұрыс әрекетке жетелейді?
 - ақылдылығы, білімділігі, жауапкершілігі
 - төкаппарлығы, көңілшектігі, менмендігі
 - сыртқы тартымдылығы, жақсы талғамы
- Сеніңше, өмірдің мәні:
 - әрбір күнді ұмытпастай етіп өткізу
 - риясыз қызмет ету арқылы өзін де, өзгелерді де шаттыққа бөлеу
 - өзінің мүддесін ғана ойлау
- Адамның рухани дамуына даңғыл жол неден басталады?
 - терең білімнен, қабілет пен дарыннан
 - ата-ананың мансабы, лауазымы мен байлығынан
 - ар-ұят тазалығы, адамдық қадір-қасиет пен кісілік келбетінен
- «Өмірдегі ең мардымсыз игілік – байлық, ең зор игілік – даналық» деген ой-тұжырымға көзқарасың қандай?
 - байлық – бір күндік, ал даналық – мың күндік, себебі бұл – өмірлік тәжірибе

- Ә) қолында байлығы бар адам – дана адам
- Б) даналық деген – кітаптан оқып алатын нәрсе, ал байлыққа қол жеткізу оңай емес



Даналардан шыққан сөз

Жүсіпбек Аймауытовтың сөздерін оқып, ой қорытындысын жаса.

Ең күшті мақсат – бас мақсат

Кісі іштен туғаннан-ақ белгілі бір өнерге, қызметке икем болып туады; басқаша айтқанда, әр адамда бір нәрсеге талап, ыңғай, қабілет яки зеректік болады. Біреу бала оқытуға, біреу етік тігуге, біреу әкім болуға, біреу мал бағуға, біреу іскерлікке, біреу жазушылыққа, біреу дәрігерлікке, біреу саудаға, біреу сөзге, біреу дауға ыңғайланып жаралады. Өмірде еш жұмысқа икемі жоқ жан сирек болады. Ең болмаса өтірік айтуға зерек болып жаралады.

Кімде-кім өзіне біткен ыңғайына қарай өз жолымен жүрсе, өз басына да, әлеуметке де үлкен пайда келтірмек. «Өз орнындағы» адамның жұмысы да өнімді, берекелі болмақ. Адамның еңбегі қашан жемісті болмақ? Әркім «өз орнында» қызмет істегенде. Олай болса, бұл – негізгі мәселе.

Екінші, әр адам өз пайдасын, өз мақсатын көздемек. Бас мақсатын ұмытып, әлеумет қызметіне берілген адам кемде-кем. Біреу әлеумет үшін еңбегін көп жұмсайды, біреу бас мақсатын көбірек сағалайды. Айырма осында. Бұл – адамның табиғатынан туатын заң. Сондықтан ең күшті мақсат – бас мақсат. Қайткенде әрі жеке адамның, әрі әлеуметтің пайдасы бірден табылады? Қай уақытта әлеумет тілегі мен жеке адам тілегі тоғысады? Әр адам табиғатына біткен қабілетіне, ыңғайына, зеректігіне қарай өз орнында қызмет етсе, сонда табылады...

Жүсіпбек Аймауытов



Жадында сақта!

Әрбір адам өзінің өмір жолын табуға талпынады, зор жетістікке жетуді армандайды. Бірақ барлығы бірдей ойлағанына жете алмайды. Неліктен? Себеп түрліше. Көп адам қиындыққа

кездескенде, үмітсіздікке салынып, өмірлік жоспарынан бас тартады. Олар өз мүмкіндіктерін жете бағаламайды. Адам өз мүмкіндіктерін жетілдіріп қана қоймай, оны байыта түсу керек. Әр адам өзімен жұмыс істеуді неғұрлым ерте бастаса, соғұрлым ірі жетістікке жетеді, себебі адамның жас кезінде икемділігі, өзгеріске және дамуға қабілеттілігі жоғары.

Кейбір адамдардың таланттары мен қабілеттері кемел шақта ғана ашылып, дамуы мүмкін. Өз бетінше әрекет етіп, жетістікке жете білу еш уақытта кеш емес.



Зертте!

Абайдың қарасөзі мен Ж.Аймауытовтың мақаласынан қандай ой түйдің? Ойыңды жинақтап, инфографикаға маңыздылығына қарай ретімен орналастыр.



Білімді тексер!

- Өз ісіңнен есеп алу, пайдалы іспен айналысу туралы не түсіндің?
- Алда істелетін игілікті істерге жоспар құрасың ба?
- Өз ісіңе қалай есеп беріп жүрсің?

II БӨЛІМ.

АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ

Досым, сен осы бөлімді оқу арқылы:

- өз еліңнің нағыз патриот азаматы болып қалыптасу үшін өзгелердің жеке бас ерекшелігін түсініп, қабылдауды үйренесің;
- жауапкершілік пен өлеуметтік жауапкершілік туралы кең түрде мағлұмат аласың;
- өмірлік позицияңды айқындап, қоғамда адамгершілік нормаларға сәйкес шешім қабылдауға, қажет кезде азаматтығың мен отансүйгіштігіңді танытуға дағдыланасың;
- Қазақстанның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы ең қымбат құндылық екенін, елімізде бірлікті нығайту әр адамның міндеті екенін ұғынасың.



Меңгерілетін білім:

- Өзгелердің жеке бас ерекшеліктерін, болмысын қабылдау, қадір-қасиетіне сыйластықпен қарау сияқты мінездерді үйрену;
- Адам деген атына, ар-ұяты мен адамгершілігіне сай әрекет етіп, айнала қоршаған ортасына ойымен, сөзімен, ісімен қиянат жасамаудың маңызын түсіну.

Кел, ойланайық!

- Өзгені өзіңдей сыйла дегенді қалай түсінесің?
- Өзін-өзі сыйлайтын адам қандай болады?
- Өзін және өзгелерді сыйлап, құрметтейтін адамның бойында қандай құндылықтар мен қасиеттер болады деп ойлайсың?

**Түйін сөздер**

Әдептілік
Парасаттылық
Кішіпейілділік
Зиялылық

Лұқпан хакімнің ұлына айтқан өсиеттерінен

Біреуге ақыл-насихат айтсаң, соны алдымен өзің жүзеге асыр! Сөйлеген сөзің өз қадіріңе лайық болсын. Дана және білгір адаммен дос бол. Ақкөңіл және адал кісілермен ақылдас.

Көпшіліктің ақысын ойла, қиянат қылма. Барша адамды құрметтей біл. Мейірімді және кішіпейіл бол. Адамдардың жетістігіне күншілдік қылма. Көпшілікке жаман көрінуші болма. Әжет сұрап келгендерді үмітсіз қайтарма. Істеген жақсылығыңды міндет қылмай, естен шығар!

Халыққа ынсап қыл, кішілерге мейірім жаса, жоқ-жұқанаға қайыр-садақа бер, жастарға насихат айт, дұшпандарға ақкөңілділік көрсет және ғалымдарға еліктеумен өмір сүр.

Біреуді екінші адамның алдында ұялтпа. Айтқан сөзіңді екінші рет қайталама. Шын сөзді әзілге бұрма. Екі адам сөйлескенде, сөзіне араласпа. Ескі ұрысты еске алушы болма. Орынсыз жұмыстарға соқтығып, абыройыңды төкпе. Өзіңді және жақындарыңды бөтендердің алдында мақтама. Адамдардың көре алмаушылығынан сақтан. Өзіңнің қор болмауыңды ойла.

Жақсы жұмысты тастама, жаман жұмысты бастама. Бүгінгі жұмысты ертеңге қалдырма. Аз сөйлеп, аз тамақтануды әдет қыл. Күн шыққанға дейін ұйықтама.

«Отырар» энциклопедиясынан



Талда

- Лұқпан хакімнің ұлына айтқан өсиеттерінен өзіңе қайсысы ұнады? Неліктен?
- Мәтіндегі «Біреуге ақыл-насихат айтсаң, соны алдымен өзің жүзеге асыр» деген ойды қалай түсінесің?
- Ұстаз неліктен «Істеген жақсылығыңды міндет қылмай, естен шығар!» деп өсиет еткен? Себебін түсіндір.



Бұл маңызды

Әдептілікке сыпайылық, көрегенділік, инабаттылық, кішіпейілділік және басқа да сүйкімді қылықтар жатады.

Кішіпейілділік – ізеттілік пен әдептіліктің, құрмет пен сыйластықтың белгісі, пейіл мен ниеттің бір түрі. Қарапайымдылықтан, басқалардан ерекшеленуге әрекеттенбеуден көрінеді.

Парасаттылық – адамға тән байыптылық, байсалдылық.

Зиялылық – адамның жоғары мәдениеттілігінің, ақыл-парасаты мен адамгершілік қасиеттерінің жиынтығын білдіретін ұғым.



Зертте!

Өзгені өзіңдей сыйлау үшін адам бойында қандай құндылықтар мен қасиеттер болуы тиіс? Сөздіктерден тауып, кестені толтыр.

Құндылықтар мен қасиеттер	Анықтамалары



Даналардан шыққан сөз

Құтты білік (Үзінді)

Барлық істе сабырлы бол, көшелі,
Сабырлы жан тілегіне жетеді!
Қай істе де бол ұстамды, сабырлы,
Ұстамдылық үйірер мал, бағынды.
Тіліңді тый, қарай жүргін көзіңе,
Нәпсіңді тый, құлқының – жүт өзіңе.
Қиянатшыл елден без де жолама,

Қара ниет кісіге ерме додада.
 Өкпелесең, ашуланба, налыма,
 Сабыр соңы – салқын сая жаныңа.
 Сабаз ердің сөзін ұқ та біле бер:
 «Сабыр етсең – бұзылған іс түзелер!
 Сабырлы ер өз тілегін табады,
 Сабырлы аушы шыдаса, ақ құс алады!»

Жүсіп Баласағұни



Жасап көр!

Өз көзқарасыңды дәлелдеп, сызбаны жұбыңмен талқыла.



Жадында сақта!

Толеранттық (лат. *tolerancia* – «төзімділік») – өзіндік айырмашылықты, өзгешелікті, ерекшелікті мойындау, басқа түрлерге төзімділікпен қарау, өзге сенімдегі, көзқарастағы, әрекеттегі кісілердің таңдау құқын құрметтеу, өзара сұхбат пен келісім арқылы қақтығысты шешу жолын қарастыру, зорлық күшке жүгінбеу, дәрекі, мәдениетсіз амалдарды қолданбау, кешірімшіл және жанашыр болу, түрлі сенімдер мен бағыттардың қатар өмір сүре алу ережесі.



Сәйкестендір!


Ұғымдарды анықтамалармен сәйкестендір.

	Ұғымдар		Анықтамалары
1.	Толеранттылық	А)	Адамның өз мінез-құлқын басқарып, иелік ете алуы, ашулы, ызалы кезінде, өмірлік мәселелерді шешкен кезде өзін-өзі ұстай білуі
2.	Сабырлылық	Ә)	Шыдамдылық, көнбістік
3.	Төзімділік	Б)	Өзге сенімдегі, көзқарастағы кісілердің таңдау құқын құрметтеу, мәселені тіл табысу мен келісім арқылы шешу, бейбіт қатар өмір сүру



Ойлан!

Берілген сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, өзгені өзіңдей сыйлай алу үшін қажетті қасиеттер мен құндылықтарды маңыздылығына қарай орналастыр.



Диалогке дайын болу, өзгенің пікірін мойындамау, өзара түсінісу және сыйласу, достасу жолдарын іздеу, бейбітшілік пен рухани келісім, біреудің таңдау құқығын шектеу, тепе-теңдікті мойындау, өзгенің жеке басын құрметтеу, зорлық-зомбылық пен үстем болудан бас тарту, өзгені өзім деп қабылдау, менмендік, өзімшілдік, көнбістік, төртіпке бағыну.



Біліміңді тексер!

- Өзгені өзіңдей сыйлау дегенді қалай түсіндің?
- Өзін және өзгелерді сыйлап, құрметтейтін адамның бойында қандай құндылықтар мен қасиеттер болады екен?
- «Өзгені өзіңдей сыйлау» деген ұғым мен толеранттылықтың қандай ұқсастығы бар?

Меңгерілетін білім:

- Жауапкершілік және әлеуметтік жауапкершіліктің не екенін білу;
- Жауапкершілікті сақтамаудың салдарын түсіну;
- Қиын сәтте жауапкершілік танытудың маңыздылығын білу;
- Жауапкершілік және әлеуметтік жауапкершілікті сақтағанда, адам өмірі қандай болатынын саралау.

Кел, ойланайық!

- Жауапкершілік және әлеуметтік жауапкершіліктің қандай ұқсастығы мен айырмашылығы бар?
- Адамдар жауапкершілікті сақтамаса, не болады деп ойлайсыңдар?
- Жауапкершілік және әлеуметтік жауапкершілікті сақтап, заңға бағынудың жеке адамға және қоғамға қандай әсері бар?
- Адамның мақсат-мұратына жетуі жауапкершілік сақтауға тікелей байланысты ма?

**Түйін сөздер**

Жауапкершілік
Әлеуметтік жауапкершілік

Жауапкершілік және әлеуметтік жауапкершілік

Жауапкершілік – белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті қалай орындағанынан байқалатын адам бойындағы қасиет. Адамның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне деген борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі.

Адамның қоғам алдындағы азаматтық борышын атқарумен бірге, өзіне жүктелген жауапкершілікті орындап шығуы оның кісілік беделін қалыптастырып, іскерлігін шыңдайды. Әр адам ерік-жігеріне, қайраты мен табандылығына қарай жауапкершілікті әрқалай сезінеді. Жүктелген міндетіне жауапкершілікпен қарайтын адам туған-туыстары, жора-жолдастары, ұжымдағы қызметтестері, жалпы әлеумет алдында жоғары бағаланып, оған жауапты да күрделі істерді сеніп тапсырады.

Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы оның жауапкершілікті сезінуіне тікелей байланысты болып келеді. Біріншіден, жауапкершілікті сезінетін адам міндетті ісін орындап шығу үшін сол жұмыстың мән-жайын жете түсініп, үнемі мезгілінде атқарудың әдіс-тәсілін қарастырады. Екіншіден, орындаған ісінің өзі мен өзгелерге нендей нәтиже беретінін айқын аңғарып, көпшілікке, қауымға тигізетін пайдасын ойластырып, азаматтық борышын орындайды. Үшіншіден, оның өз міндеттерін атқарудағы тиянақтылығын,

өз ісіне адалдығын, сондай-ақ өз әрекеттерінің салдарына жауап беруге дайын екендігін айтуға болады. Кез келген міндетті орындау адамнан ерік күшін, қайрат-жігерді, табандылықты, ынтаны, шыдамдылықты талап етеді.



Жауапкершіліктің кері ұнамсыз жағы – жауапсыздық. **Жауапсыздық** – міндетті іске салқын қарап, жүктелген міндетті орындамау. Ондай адам қоғам алдында абырой-беделге ие бола алмайды. Жауапкершілік тек мінезде ғана емес, сондай-ақ сезімдерде, қатынастарда көрініс табады.

Әлеуметтік жауапкершілік – ұйымның заң талабынсыз, қоғам игілігі үшін өз еркімен жасайтын іс-әрекеті. Әлеуметтік жауапкершілік – қоғаммен тығыз байланыстағы тұлғаның әлеуметтік сапасы, адамгершілік тәрбиесінің жетістігі.

Әлеуметтік жауапкершіліктің атқаратын қызметін шартты түрде былай жіктеуге болады:

1. **Нормативті реттеуші қызмет.** Ол қандай да бір қоғамдық талаптар мен субъектінің сол қоғамдық ортадағы әрекет қылығын реттеу тәсілдерінен тұрады (құқықтық, міндеттіліктің негізінде).
2. **Құндылықтық бағыттаушы қызмет.** Бұл сол қоғамның қабылдаған дәстүрлері, құндылықтары мен шектеулерінен тұрады.
3. **Анықтаушы (қайта жаңғыртушы) қызмет.** Адамның бар білім, тәжірибесінің негізінде өзінің әлем туралы, өзі туралы, өзінің қоғамдағы орны туралы көзқарас жүйесін, қатынасын қалыптастыруы.

А.А.Қоңырова, Т.С.Сламбекова



Талда

- Адамдар неліктен жауапкершілікті әрқалай сезінеді?
- Адамның мақсат-мұратына жету себебі неліктен жауапкершілікпен байланысты?
- «Жауапкершілік» және «әлеуметтік жауапкершілік» ұғымдарының айырмашылығы туралы қандай ой түйдің? Тобыңмен талда.



Сәйкестендір!

Ұғымдар мен олардың анықтамасын сәйкестендір.

	Ұғым		Анықтамалары
1.	Әлеуметтік жауапкершілік	А)	Адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет
2.	Жауапкершілік	Ә)	Тапсырылған іске немқұрайды қарап, жүктелген міндетті дұрыс орындамау
3.	Жауапсыздық	Б)	Ұйымның заң талабынсыз, қоғам игілігі үшін өз еркімен жасайтын іс-әрекеті



Жасап көр!

«Жауапкершілік – өмірлік ұстанымым» тақырыбында өтетін флэшмобтың жоспарын жаса.



Зертте!

1. Отбасыңның, достарыңның алдындағы өз жауапкершіліктеріңді тізбектеп жаз.
2. «Жауапкершілікті сақтау маған не береді?» деген тақырыбында сыныптастарыңның арасында сауалнама жүргіз. Сауалнама нәтижесі бойынша кестені толтыр.

Жауапкершілікті сақтау (салдары)	Жауапкершілікті сақтамау (салдары)



Жағдаяттық тапсырма

«Жауапкершілік деген – өміріңе ұқыптылықпен қарау» мәтінін QR-code-тан тындап, өз шешімің мен тұжырымыңды айт. Сұрақтарға жауап бер.



1. Сен қалай түсіндірер едің?
2. Өзің адам бақытын жауапкершілікпен байланыста қарай аласың ба?



Анықта!

Төменде берілген ой тұжырымдарды оқы. Дұрыс/бұрысын анықта.

Ой тұжырым	Дұрыс	Бұрыс
Жауапкершілік – адамның қоғамда немесе ұжымда қабылданған әлеуметтік, өнегелі және құқықтық нормалар мен ережелеріне, борыш сезіміне сәйкес өз қызметін бақылау қабілеттілігі.		
Әлеуметтік жауапкершілік – өз отбасымен ғана тығыз байланыстағы тұлғаның әлеуметтік сапасы, адамгершілік тәрбиесінің жетістігі.		
Жауапсыздық – міндетті іске салқын қарап, жүктелген міндетті орындамау.		
Адамның мақсатына жетуі, ісінің сәтті болуы оның жауапкершілікті сезініп, тапсырылған істі жауапкершілікпен атқаруына тікелей байланысты емес.		



Біліміңді тексер!

- Жауапкершілік және әлеуметтік жауапкершіліктің қандай ұқсастығы мен айырмашылығын білдің?
- Жауапкершілікті сақтап, заңға бағынудың жеке адамға және қоғамға қандай әсері бар?
- Адамның мақсатын-мұратына жетуі жауапкершілік сақтауға тікелей байланысты ма?
- Жауапкершіліктен адам бойында туындайтын қандай жақсы қасиеттерді білдің?

Меңгерілетін білім:

- Қазақстанның жастары елдің басты байлығы екенін, сондай-ақ еліміздің үміті, жарқын болашағы жастардың жауапкершілігінде екенін білу;
- Өмірлік позицияны білу, әртүрлі мәселелерді адамгершілік нормаларға сәйкес конструктивті шеше алу, өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасай алу;
- Қажет кезінде белсенділік, азаматтық және отансүйгіштік таныта алу;
- Қоғамға қызмет етудің маңызын түсіну.

Кел, ойланайық!

- Еліміздің ертеңін нәліктен жастардың жауапкершілігімен байланыстырамыз?
- Жастардың бойында қандай құндылықтар мен қасиеттер болуы тиіс деп ойлайсыңдар?
- Жастар өмірлік позициясын немен байланыстырады? Неге басымдылық береді?

**Түйін сөздер**

Жастар
Тұлға

Тоғыз тағылым

Әкенің балаға өнегелі сөздер айтуы заңды да. Әлі күнге дейін атамның бізге, ұрпақтарына жазып кеткен өсиеттерін қастерлеп сақтаймын. Бұл біздің әулеттің ең бір қымбат, қимас байлығы десем, артық айтқандық емес. Бұдан ширек ғасыр бұрын жазылған қойын дәптерлерді әр кез қайта парақтаймын. Менің атам, сенің бабаң – Сұлтан Ысқақұлының өз қолымен жазылған, иісі сіңген осынау беттер ұрпақтарына, шөбере, шөпшектеріне аманатталған. Мұны жеткізу – менің парызым.

Бүгін көкірегімде сайрап тұрған сол сөздерден тоғыз ғибратты өзіңнің есіңе салғым келеді:

1. Өмір екі нәрседен тұратын секілді: қажетті және қажетсіз. Таңдар кезде осы екеуін шатастырып алма.
2. Барлық адамда қабілет бар. Тек оны көрсету үшін кейбірімізге еңбек-қорлық, ізденіс, шыдамдылық жетіспейді.
3. Ойлана білмейтіндерден, жіберген кемшілігінен қысылмайтындардан қорқамын. Бұлар қоғамның да, өзінің де нағыз жаулары.
4. Келер ұрпақ! Туған жерге деген перзенттік борыш пен парыз денең қара жер құшағына кіргенше өмір сүре беруі керек.
5. Жүрек жылуың, адамдығың жоғалмасын. Адамдық әрдайым жақсылық жасау, ізгілік, мейірімділік деген ұғыммен қатар тұруы тиіс.

6. Біреуден үйренуден тартынуға болмайды. Үйренуді ар тұтар адам ешқашан алысқа бармайды.
7. Білім алудан, ізденуден, алға ұмтылудан шаршамау – адамды шындай түседі.
8. Қам-қарекетсіз босқа қарап отырма. Азаптың ең үлкені – осы. Ертеңгі жұмысыңды бүгін атқар.
9. Өмір өзге жанға да қымбат. Осыны назарда ұста. Жақсыны жоғалтпа. Асылды аяла.

Осынау сөздердің жалғасы ретінде мен де саған өзімше ой өрнектерін ұсынуға тиіспін деп ойлаймын... Толғанып отырып, тоғыз тағылым жазудамын. Дәл осынау сөздерді талай ата-ана баласына айтқан да шығар. Әйтсе де өкенің баласына деген жүрек дүрсілі деп қабылдарсың. Мынаны естен шығармашы:

1. Жақсылықтан ешқашан күдер үзбе!
2. Бар мүмкіндігіңді пайдалан, мақсат еткен бағытыңа жұмылдыр.
3. Бойыңдағы қабілетіңді дамыта түс.
4. Өмірдің өзі азаматтығыңды, адамдығыңды көрсетіп, өзіңді дәлелдеуден тұрады.
5. Білмеген ақымақ емес, білгісі келмеген ақымақ. Өмірде білмегеніңді үйренуден еш жалықпа.
6. Айналаңа қатыгез болма!
7. Ешқашан да жау арттырма!
8. Қайта досыңды көбейт, қолыңнан келсе, жақсылығыңды аяма!
9. «Өнерден жақсы, білімнен үлкен, ұяттан сұлу нәрсе жоқ, қызғаншақтықтан асқан дұшпан жоқ» (Сократ) екенін ұмытпа.

Әкім Ысқақ



Талда

- Автордың келер ұрпаққа «Туған жерге деген перзенттік борыш пен парыз денең қара жер құшағына кіргенше өмір сүре беруі керек» деген ойымен келісесің бе? Өз ойыңды ортаға сал.
- «Ойлана білмейтіндерден, жіберген кемшілігінен қысылмайтындардан қорқамын. Бұлар қоғамның да, өзінің де нағыз жаулары» деген пікірін жұбыңмен талда.
- Іс-әрекеттеріңді, мінез-құлқыңның жақсылыққа қарай жетілдіруге қандай кеңес алдың?



Бұл маңызды

Жастар – өзінің өмірлік позициясын анықтай алатын, әртүрлі мәселелерді адамгершілік нормаларға сәйкес конструктивті шеше алатын, өзіне, адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасайтын, адамдарға қолдан келгенше көмек беретін, туыстарына және жақындарына қамқорлық көрсете алатын, ойы, сөзі және іс-әрекетінде шынайылық, белсенділік, азаматтық және отансүйгіштік таныта алатын, өз сөзі мен ісіне жауапты, қоғамға қызмет ету дағдыларын іс жүзінде көрсете алатын тұлғалар.

Тұлға (ағылш. *person*) – пайымдау, мораль, зерде, мендік сана секілді болмыстық қырларын, сондай-ақ әлеуметтік байланыс пен мәдени нормаға қатысты туыстық, мүлік меншігі, заңдық жауапкершілігін қамтитын кісілік қабілеттер мен ерекшеліктерге ие жеке адам.



Зертте!

1. Қ.Тоқаевтың «Кез келген елдің табысы өз азаматтарының жекелеген жетістіктерінен құралады. Егер әрқайсысыңыз алдарыңызға қойған мақсатқа қол жеткізіп, өз қабілеттеріңізді арттырсаңыздар, мемлекет те табысты болады. Табысты болу үшін үнемі еңбектену керек, ең алдымен өз-өзінді дамытуың қажет», – деген сөзін негіз етіп алып, өзіңнің өмірлік позицияңды зертте.
 - Не істеу керек?
 - Бұған қалайша жетуге болады?
 - Іске асырудың жолдары мен құралдары.
2. «Жастар бейнесі және олар ұстанатын құндылықтар» тақырыбында жастар арасында сауалнама жүргіз. Сауалнама нәтижесі бойынша қорытынды шығар.



Жағдаяттық тапсырма

Топқа бөлініп, жағдаяттарды шешіңдер.

1-жағдаят. Сенің бір досың: «Бүгінгі жастар үшін отбасы, ата-анадан гөрі, білім алу, өзін-өзі дамыту, саяхаттау приоритеттері алдыңғы шепте. Ата-анаң мен жақындарыңның көңілін аулау емес, өз мүддеңе негізделген сапалы өмірге бет бұру керек», – деп есептейді. Сенің пікірің.

2-жағдаят. Сенің екінші досың: «Тұлғалық жетістіктер, рухани-адамгершілік, интеллектуалдық дамуға бас қатырмай, сәнді киіну, қыдыру, бағалы бұйымдармен көзге түсу маңызды», – деп есептейді. Сенің пікірің.

3-жағдаят. Сенің үшінші досың жастар арасында белең алған суицид, есірткі, компьютерлік және құмар ойындарға тәуелділік – барлығы рухани-адамгершілік білімнің жетіспеуінен немесе өзін-өзі танымаудан деп есептейді. Ал тағы бір досың мұның бәрі отбасында қатал тәрбиенің болмауынан деп санайды. Сенің пікірің.



Жадында сақта!

Отанды сүю – біздің перзенттік парызымыз, қарыс қадам жер үшін жанын қиған бабалардың асыл аманатына адалдығымыз.

Қазақ халқы – ежелден жауынгер халық. «Ұлтарақтай болса да, ата қоныс жер қымбат» деп, туған жердің қадірін білген. Отан үшін, елі мен жері үшін жанын аямаған, атамекенін жаттың табанына салмаған. Ұрпағына Отанды қорғаудың маңызын ұлағатты өсиет етіп қалдырған, ел үшін күресте жан аямауды аманат еткен.

Отанды сүю – адал еңбек ету, сол арқылы елдің дамуына үлес қосу. Өз сөзі мен ісіне жауапты адам Отанының алдында міндеті мен борышын адал орындайтын болады.



Жасап көр!

1-топ М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлеңін оқып, жастардың бойында болуға тиісті қасиеттерді дәптерге жазады.

2-топ жақсы қасиеттерді жетілдіру, кемшіліктерді жою, саналы және мақсатты іс-әрекет жасау, өзін-өзі тәрбиелеу жолдарын жинақтап, дәптерге жазады.

3-топ «Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – жастар» атты акция шеңберінде өткізілетін іс-шараның жоспарын жасайды.



Біліміңді тексер!

V - «білемін»	- «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! «мені таңғалдырды»

Меңгерілетін білім:

- Еліміздің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы бәрінен қымбат құндылықтар екенін білу;
- Еліміздегі бірлікті нығайту әрбір адамның міндеті екенін түсіну;
- Татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, үйде, ұжымда, жалпы, барлық жерде керек екенін ұғыну;
- Еліміздегі татулықты, келісімді сақтау және нығайту үшін өз сөзі мен ісіне жауап бере алатын азамат болу керектігін сезіну.

Кел, ойланайық!

- Не себепті Отанымыздың дамуының негізгі тұғыры бірлік пен ынтымақ, тұрақтылық дейміз?
- Бірлікті нығайту үшін әрбір азаматтың не істеуі керек?
- Жалпыұлттық бірегейлік дегенді қалай түсінесің?
- Қазақстандағы барлық этнос өкілдерін қандай құндылықтар мен қасиеттер біріктіріп отыр?
- Еліміздегі ынтымақ пен татулық біздің тарихымыз, бүгінгі тіршілігіміз, ең бастысы, келешегіміз болуы үшін не істеуіміз керек?

Біз біртұтас халықпыз
(Үзінді)

...Біз: «Бірлік пен тұрақтылық болмаса, саяси-экономикалық реформалар жүзеге аспайды», – дейміз. Әрине, бұл – дұрыс пайым. Бірақ бірлік дегеніміз – мақсатымызға апаратын жол ғана емес, мемлекеттігіміздің ең басты тірегі.

...Шын мәнінде, азаматтардың бірлігін, жалпыұлттық бірегейлікті және еліміздің этноәлеуметтік тұтастығын нығайту жөніндегі іргелі, қасиетті міндеттерді жүзеге асыру үшін мынадай басымдықтарға мән беруді ұсынамын.

1. Бірлігіміз бен татулығымызға сынаққа қысы келетін кез келген арандатушылық әрекетке батыл түрде тосқауыл қою қажет. Қоғамда түрлі жалған ақпарат, фейктер мен деструктивті жарияланымдар айтарлықтай көбейгенін көріп отырмыз. Жауапкершілігі бар азамат ретінде радикализм, экстремизм және сепаратизмнің кез келген түріне қарсы тұруымыз керек.

Әрбір азамат өз болашағын Қазақстанмен тығыз байланыстыруы керек. Сонда ғана халқымыз біртұтас ел болып тұра алады. Әрқайсысымыз Қазақстан атты қасиетті қара шаңырақтың перзентіміз. Бәріміз бүгінгі өмірі және болашағы бір бауырлас азаматтармыз.

Ынтымағы жарасқан қоғам құрамыз десек, біз заң мен тәртіпке

мүлтіксіз бағынуымыз қажет. Бұл – Әділетті мемлекет құрудың ең басты қағидаты. Оны жүзеге асыру үшін кез келген құқықбұзушылық әрекет жазасыз қалмауы керек. Заң нормалары қағаз күйінде қалып қоймай, іс жүзінде, яғни қоғамдағы орнына немесе сіңірген еңбегіне қарамастан, азаматтардың барлығына бірдей қолданылуға тиіс.

Халқымыздың ынтымақ-бірлігі – тағдырдың бере салған сыйы емес. Бұл, ең алдымен, жұртымыздың күнделікті табанды еңбегінің арқасы екенін дұрыс түсінуіміз керек.

2. Этноәлеуметтік шиеленістің шығу себептерін жою үшін нақты шаралар қабылдаған жөн.
3. Көпмәдениетті ортаны дамытып, барлық азаматтың мемлекеттік тілді меңгеруі үшін жүйелі қадамдар жасау қажет.
4. Ассамблеяның саяси партиялармен және мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынасын күшейту керек.
5. Этносаясатымыз біртұтас, дәйекті түрде жүргізілуіне тиіс.

Біз бір елдің перзенті, бір халықтың ұл-қызымыз! Ұлы даланың ұлан-ғайыр жерінде бәрімізге орын жетеді. Осы киелі мекенде бәріміздің де көздің қарашығындай сақтайтын және сол үшін еңбек етіп, өмір сүретін қастерлі дүниелеріміз бар.

Қазақстанның болашағы, балаларымыздың тағдыры, ата-баба мұрасы – бәрі өз қолымызда. Біз уақыттың кез келген сын-қатеріне еңсемізді тік ұстап қарсы тұрамыз. Біз біртұтас халықпыз, біз барлық сынақты еңсереміз.

Әрбір отандасымның бойынан шынайы патриотизмнің, жоғары азаматтық жауапкершіліктің, өз ісіне деген адалдықтың үлгісін көреміз. Дәл осы қасиеттер – Әділетті Қазақстанды сәтті құрудың кепілі!

Еліміз бір! Халқымыз да бір болсын!

Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында сөйлеген сөзінен



Талда

- «Еліміздегі бірлік пен тұрақтылық бізді бақытқа, жақсылыққа бастайтын жол» деген қағиданы қалай түсінесің?
- Мәтіндегі «халықтың құқықтық сауатын дәйекті түрде арттырып, қоғам санасына адами құндылықтарды сіңірген жөн» деген ойдан не ұқтың?

- Мәтіндегі «Ынтымағы жарасқан қоғам құрамыз десек, біз заң мен тәртіпке мүлтіксіз бағынуымыз қажет» деген пікірді қолдайсың ба? Тобыңмен талқыла.



Жасап көр!

1-топ мәтін мен мақал-мәтелді талдайды. «Ынтымағы жарасқан қоғам құру үшін не істеу керек? деген сұраққа жауаптарын сызбаға жазады.

Ынтымақтың түбі – игілік.

Игілік басы – ынтымақ,
Ынтымақты елде күн шуақ.

Ырыс алды – ынтымақ.

Бірлік болмай, тірлік болмас.

Ынтымақ – бұзылмайтын қорған.

Күш – бірлікте.

Байлық – байлық емес, бірлік – байлық.



2-топ «Біз, Қазақстан атты қасиетті қара шаңырақтың перзенттері, болашағымыздың жарқын болуына өзіндік үлес қоса

аламыз» деген тақырыпқа «Мозаика» тәсілімен бейнеролик жасайды.

- 1-оқушы бейнероликтің сценарийін жазады.
- 2-оқушы музыкамен жабдықтайды.
- 3-оқушы суреттермен, иллюстрациялармен жабдықтайды.
- 4-оқушы кейіпкердің монологін жазады.



Сәйкестендір!

Ұғымдарды анықтамаларымен сәйкестендір.

	Ұғым		Анықтамасы
1.	Бауырмалдық	А)	Адамдар арасындағы ынтымақтың, жарасымды татулықтың көрінісі, ел болудың белгісі
2.	Бірлік	Ә)	Адамдардың туыстық негізде ғана емес, жалпы адами қасиет ретінде өзге жұрттарды бауырына тарта білуі, қамқорлық көрсетуі
3.	Отандас	Б)	Түрлі мүдделі топтардың бейбіт қатар өмір сүру жағдайында экономикалық, саяси-әлеуметтік, рухани-мәдени мәселелерді бірлесіп шешудегі қабілеттілігі
4.	Ынтымақтастық	В)	Отаны бір, бір Отанда өмір сүретін адамдар



Ойлан!

Тест сұрақтарын шеш.

1. Татулық:
 - А) қоғамда, отбасында, ұжымда тыныштық пен береке-бірліктің артуы үшін қажет табиғи тұтастық
 - Ә) кісінің адамгершілігін, имандылығын айқындайтын қасиет
 - Б) жеке адамның толысқан кемелдігінің, үлкен сана мен келісті өдебінің, кең мінезінің жарасты тұтастығы
2. Жалпыұлттық бірегейлік:
 - А) бір ұлттың екінші ұлтпен барабар келуі, ұқсастығы, яғни көпұлтты елдегі ұлттардың өзара көмегін, ынтымақтастығын, одағын бейнелейтін ұғым
 - Ә) адамдардың тарихи қалыптасқан әлеуметтік-этникалық қауымы

- Б) нысанның ішкі құрылымының бірлігін, айналадағы ортадан тәуелсіз дербестігін, өзіндік ерекшелігін білдіретін ұғым
3. Халқымыздың ынтымақ-бірлігі:
- А) тағдырдың бере салған сыйы
 - Ә) жұртымыздың күнделікті табанды еңбегінің арқасы
 - Б) көрші елдердің ықпалы



Зертте!

1. «Татулық пен ынтымақтастықтың үлгісін көрсеткендер» тақырыбында зерттеу жұмысын жүргіз. Зерттеу нысанын өзіңнің айналаңнан, жақын адамдарыңнан және газет-журналдардан, ғаламтордан ізде. Төмендегі қадамдарды басшылыққа алып, әрекет ет.
 - Мен іздеген кейіпкер кім?
 - Менің кейіпкерім несімен мықты?
 - Кейіпкердің өзін бақытты сезінуінің сыры неде?
 - Кейіпкерімнің бойындағы сегіз жақсы қасиет.
2. «Жерұйық» (реж. Сламбек Тәуекел) фильмін көріп, «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп...» тақырыбында эссе жаз.



Білімді тексер!

- Татулық пен келісім тек мемлекеттік саясатта емес, қоғамда, үйде, ұжымда, жалпы, барлық жерде керек екен. Осыған өзіндік үлес қосып жүрсің бе?
- Өз сөзі мен ісіне жауап бере алатын азамат болу үшін өзіңе мақсат қоя алдың ба?
- Бірлікті нығайту үшін әрбір азаматтың не істеуі керек екенін болжай алдың ба?
- Қазақстандағы барлық этнос өкілдерін қандай құндылықтар мен қасиеттер біріктіріп отыр? Сол құндылықтың бірі мемлекеттік тіл екенімен келісесің бе? Мемлекеттік тілді дамытуға қандай үлес қосып жүрсің?

III БӨЛІМ.

МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Досым, сен осы бөлімді оқу арқылы:

- «блог», «блогер» ұғымы туралы түсінігіңді кеңейтіп, блог жүргізуде заңның сақталуы туралы білетін боласың;
- «кибербуллинг» туралы біліп, одан қорғану жолдарымен танысасың;
- отбасы бюджетінің түрлері, белсенді және пассив кірістер, отбасы бюджетін тиімді жұмсау, шығынды есептеу жолдары туралы біліміңді жетілдіресің;
- қаржы пирамидасы, оған алданып қалмау жолдары туралы түсінік аласың;



Меңгерілетін білім:

- Блогер ұғымының мәнін ашу. Блогерлердің өз профилінде контент құру тәсілдерімен танысу;
- Блогерлер жүргізетін блогтердің мазмұндық, тақырыптық ерекшеліктерін зерделеу;
- Әлеуметтік желілердегі блогерлер іс-әрекеті мен заңның сақталуына өз көзқарасын айта алу.

Кел, ойнайық!

- «Блог», «блогер» ұғымдары туралы не білесің?
- Қандай блогерлерді танысың, оқисың?
- Егер сен блог ашсаң, қандай тақырыпта жүргізер едің?

Түйін сөздер

Блог
Аккаунт
Онлайн-платформа
Инфлюенсер
Стартап

Танымал блогерлер Қазақстанды таныстырды

2019 жылы Астананың Бейбітшілік және келісім сарайында «Қазақстанды таны» атты халықаралық блогерлер форумы өтті.

Үш кезеңнен тұратын аталған жобаның алғашқы кезеңінде «Мен Қазақстаннанмын» атты видеоблог конкурсы өтті. Бұған қатысушыларға туған қалалары мен ауылдары туралы видеоблог дайындап, ол мекенді туристерге тартымды етіп көрсету үшін көрікті жерлерін ерекше таныстыруы шарт болды.

Екінші кезеңде Қазақстанның барлық аймақтарына халықаралық блогтур ұйымдастырылды. Жоба аясында Ұлыбритания, Аустралия, АҚШ, Италия, Ресей, Таиланд, Үндістан, Грекия, Канада, Корея Республикасы, Түркия және Филиппин елдерінің танымал блогерлері біздің елге табан тіреді. Олар қазақстандық блогерлермен бірге өңірлерге 5 күндік саяхат жасады. Осыдан кейін қатысушылар Қазақстан туралы бейнешолу әзірлеп, оны әлеуметтік желілердегі өз арналарында жариялады.

Ал соңғы кезеңде айтулы жобаның қорытындысы ретінде елордада екі күнге жалғасқан форум өтті.

Форумда «Мен Қазақстаннанмын» атты видеоблогерлер байқауының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Конкурса қатысуға 1000-ға жуық

өтінім түсіп, 200-ден аса жұмыс қабылданды. Финалға 15 видео-блогер өтті.

Байқау қорытындысы бойынша, Алакөлді айрықша таныстырған Дидар Мұратов «мыңнан тұлпар» шығып, 1 миллион теңгені еншіледі. Ал 500 мың теңгелік екінші орынды Ақ Бауыр петроглифтері туралы видеосымен Дмитрий Москаленко жеңіп алды. Үздік үштікке ілінген Алдияр Байрақымов Көк жайлауды ерекшелеп көрсетіп, 200 мың теңге иеленді.

«Егемен Қазақстан» газетінен



Талда

- Қазір блогерлікпен бесіктен белі шықпаған жас балалар да айналысып жүр. Осыған сенің көзқарасың қалай?
- Блогерлікті шындап қолға алу үшін кісі нені білуі керек? Блог жүргізу үшін тақырыпты қалай таңдауға болады?
- Блогерлік тек қаржы табу көзі ме? Осы істі өмірінің мәні деп санайтын қандай блогерлерді білесің?



Бұл маңызды

Аккаунт – онлайн-платформадағы пайдаланушының дербес парақшасы.

Онлайн-платформа – пайдаланушының өзі ашқан аккаунт, жария қоғамдық қауымдастық арқылы өртүрлі әрекеттерді (алу, өндіру, орналастыру, тарату, сақтау) жасауға мүмкіндік беретін және орташа тәуліктік пайдаланушысы кемінде 100 мың болатын интернет-ресурс, интернет желісінде жұмыс істейтін бағдарламалық қамтылым, лездік хабар алмасу сервисі.

Онлайн-платформаны пайдаланушы – онлайн-платформада өзінің дербес деректерін тіркеген, сәйкестендіруден өткен жеке немесе заңды тұлға.

Инфлюенсер (блогер) – онлайн-платформада тұлғалардың беймәлім тобына арналған ақпаратты кәсіпкерлік қызмет мақсатында жариялайтын онлайн-платформаны пайдаланушы.

Стартап – ортақ мақсаттары, идеялары бар адамдардың ерікті бірлестігі. Олар нарықтағы баламалы өнімдерден басқа жаңа өнімді құру үшін өз күштерін біріктіреді. Стартаптың негізінде инновациялық идея немесе жаңадан құрылған технология тұрады.



Жасап көр!

1-топ тақырып бойынша ақпарат жинап, блогер туралы сызбаны толықтырады.



2-топ алдыңғы бөлімде «Жерұйық» фильмі туралы жазған эсселерін өңдеп, әлеуметтік желіге қазақ халқының бауырмалдығы туралы пост жариялайды.

3-топ инфлюенсерлердің (блогерлердің) құқықтары мен міндеттерін талқылап, сызбаға жазады.



Зертте!

1. Әлем бойынша сәтті жасалған стартаптың табысты компанияға айналған тәжірибелері жайлы не білесің? Airbnb, Uber, Google, Snap, Xiaomi сияқты компаниялар тізімі жыл сайын толығуда. Сондай бір табысты компания туралы жоба дайында.

2. «Менің туған қалам (ауылым)» тақырыбында видеоблог дайындап, байқау ұйымдастырыңдар.



Жадында сақта!

Біздің цифрлық өмірімізде әлеуметтік желілерді қолдану қауіпсіздігін білу маңызды. Солардың негізгілерімен таныс бол:

1. Сенімді пароль қолдан және пароліңді үнемі жаңартып отыр.
2. Өз профиліңді құпия ұста: кей ақпаратты тек достарың мен жазылушыларың ғана көретін болсын.
3. Өзің жақсы танитын адамдардың ғана достығын қабылда, бейтаныстардан сақ бол.
4. Жеке басың туралы кей ақпараттарды мүлде жариялама. Мәселен, телефон, кредит карта нөмірлері.

Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы заң 2023 жылғы 9 қыркүйекте күшіне енді. Егер сен болашақта онлайн-платформа ашатын ойың болса не жарнама бергің келсе, осы заңның кей тармақтарымен таныс бол.



Біліміңді тексер!

1. Бүгінгі сабақтан қандай ой түйдің?
2. Блогер сөзін қалай түсінесің?
3. Қазіргі кезде блог жүргізіп, табыс табу үшін не істеу керек?

Меңгерілетін білім:

- Кибербуллинг ұғымының мәнін ашу;
- Кибербуллингтің қалай жүзеге асатынын түсіну және әлеуметтік желілерде кибербуллингке ұшырамас үшін не істеу керектігін білу;
- Кибербуллинг құрбандарына көмектесу.

Кел, ойланайық!

- «Кибербуллинг» ұғымы туралы не білесің?
- Қандай жағдайлар кибербуллингке жалғасуы мүмкін?
- Егер кибербуллинг құрбаны болсаң, не істер едің?

**Түйін сөздер**

Кибербуллинг
Қорлау
Қудалау
TED

Кибербуллинг дегеніміз не?

Кибербуллинг – адамды әлеуметтік желілерде қорлау немесе қудалау.

Егер саған зұлым, ренішті хабарламалар, смс немесе электронды хаттар (email) жазса; сені қорлайтын бейнероликтер, суреттер, өсек немесе жалған сөздер таратса; әлеуметтік желілерде сенің атыңнан жалған аккаунттар құрып, онда ерсі фотосуреттерді орналастырса; сені ренжіту үшін әлеуметтік желілерде достар тобынан әдейі шығарып тастаса; саған әдепсіз сөздер жазылған немесе қоқан-лоқы түрдегі хабарламалар жіберсе; жеке басыңа қатысты ақпаратты басқаларға жайса; сені ренжіту не қорлау мақсатында жеке фотосуреттеріңді басқаларға рұқсатсыз жіберсе, онда сен кибербуллингке тап болдың.

Кез келген адамның кибербуллингке ұшырауы мүмкін. Егер бұндай жағдай орын алып жатса, ол – сенің кінәң емес. Дегенмен саған онлайн қауіпсіздігін сақтау қажет және көмек сұраудан қорықпа, бұл – әлсіздік емес. *uyatemes.kz сайтынан*

**Талда**

- Мәтіннен не ұқтың?
- Қалай ойлайсың, кез келген адамның кибербуллингке ұшырауы мүмкін бе?
- Бұл жағымсыз жағдайлар сенің өмірінде болса, не істейсің, кімнен көмек сұрайсың?



Бұл маңызды

Кибербуллинг – әлеуметтік желі, түрлі сайт арқылы қоқан-лоқы көрсету, қудалау.

Қорлау – 1) басыну, кемсіту; 2) аяқ асты ету, қадірін түсіру; 3) біреудің ар-намысын аяққа басу; 4) жәбірлеу, азаптау.

Қудалау – біреудің қыр соңынан қалмау, қуғындау.

TED (ағылш. *Technology Entertainment Design*) – спикерлердің белгілі бір аудитория алдында өз идеясын айту форматы. TED конференциясы 1984 жылы АҚШ-тың Калифорния штатында алғаш рет өткізілді. TED конференциясының ерекшелігі: сөйлеушілер 18 минут ішінде бірегей идеяны түсіндіріп, айтып береді, оған қоса тыңдаушылар спикердің ойынан шабыт алып, әлемді, өз айналасын өзгертуге талпынады. TED лицензиясын алып, әр елде өткізілетін жобаны **TEDx** деп атайды. Жоба біздің елімізде де қарқынды дамып келеді. Алматы, Астана және т.б. қалаларда өткізілді.



Жадында сақта!

Егер кибербуллингке тап болсаң, не істеу керек? Есіңде сақта:

- саған жағымсыз пікір жазса да, әдепті бол;
- онлайн «қақтығыстардан» аулақ бол, арандатуға ерме;
- егер тіл тигізуін доғармаса, жауап берме, елемей қою оны тоқтатуы мүмкін;
- ата-анаңа, ересектерге болған жайтты айт, мұндайда үлкендердің қолдауы қажет болады;
- ондай хабарлама/посттарға жауап берме, әлеуметтік желіде сол адамды бұғатта;
- осы хабарлама/посттарды скриншот жаса, дәлел ретінде сақтап қой;
- егер қоқан-лоқы жалғаса берсе, әлеуметтік желінің өкімшісіне сол постқа не комментарийге шағым жаса;

Мына нөмірлерге қоңырау шалып, көмек сұрай аласың.

111 – балалар мен жастарға арналған ұлттық сенім нөмірі. Әрбір бала қажеттілік туындаған жағдайда тәулік бойы жұмыс істейтін 111 шұғыл қызметі телефонына хабарласа алады.

150 – психологиялық көмек нөмірі. 150 сенім орталығында орыс және қазақ тілінде сөйлейтін білікті психотерапевт мамандар отырады.



Жасап көр!

1-топ кибербуллингке түсінік беріп, сызбаға жазады.



2-топ «Кибербуллинг» тақырыбында TEDx форматында конференция өткізеді. Спикерлер төмендегі сұрақтар төңірегінде пікірлерін ортаға салады, талқылайды.

1-стикер: «Адамдар кибербуллингке не себепті барады?»

2-спикер: «Кибербуллингке ұшыраған адам қандай күйде болады?»

3-спикер: «Кибербуллингке қарсы тұру жолдары қандай?»

4-спикер: «Кибербуллингтің алдын алу жолдары бар ма?»



Жадында сақта!

Заңға сәйкес қандай контентті жариялауға болмайды?

Қазақстанның аумағындағы онлайн-платформаларда құқыққа қайшы контентті орналастыруға және таратуға тыйым салынады:

- Қазақстан конституциялық құрылысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды;
- ҚР мемлекеттілігіне және аумақтық тұтастығына күмән келтіретін, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін мәлімдемелерді, мемлекеттік құпияларды не заңмен қорғалатын өзге де құпияны ашатын ақпарат және ҚР заңдарында тыйым салынған өзге де ақпарат.
- соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылықты; суицидті, есірткі, психотроптық заттарды, сепаратизм идеяларын, алаяқтықты, ұлтаралық және конфессияаралық татулықты бұзатын ақпаратты үндеу, насихаттау немесе үгіттеу.

*ҚР Әділет министрлігі
Заңнама және құқықтық ақпарат институты*



Жағдаяттық тапсырма

Жағдаятты шеш. «Егер басқа біреу (досың, сыныптасың, танысың) кибербуллингке ұшыраса, не істеу керек? Сыныптастар арасында сауалнама жүргізіп, сызбаға жаз.



Даналардан шыққан сөз

Нақыл сөздерді оқып, ой қорытындысын жаса.

Құлаққа кірген суық сөз
Көңіліңе барып, болар мүз.

Мақал

Сөз есепсіз, тілінді тый, тарта ұста,
Тыймаған тіл басыңа сор әр тұста.
Есепті сөз – ер сөзінің асылы,
Мылжың тілді жау деп ұғын тартыста.

Ахмет Йүгінеки

Сөз кейде қылыштан өткір, кесіп түседі. Сөз кейде мақтадан жұмсақ, жаныңа жылы тиеді. Сиқырлы сөзге иланып қаласың. Суық сөз естіп, қиналып қаласың.

Әкім Ысқақ



Білімді тексер!

- «Кибербуллинг» ұғымы туралы не білдің?
- Қазіргі кезде кибербуллингтің көбеюінің басты себептері қандай деп ойлайсың?
- Кибербуллингтің шығу себептері мен одан құтылу жолдарын жаз.

Меңгерілетін білім:

- Отбасындағы белсенді және пассивті кірістерді ажырату;
- Отбасы бюджетінің түрлерін білу;
- Белсенді және пассив кірістерді меңгеру.

Кел, ойланайық!

- Белсенді және пассив кірістер туралы не білесің?
- Отбасы бюджетінің қай түрі тиімді?
- Отбасы бюджетінде балаларға жұмсалатын қаржыны, шығынды қалай есептеуге болады?

**Түйін сөздер**

Отбасы бюджеті
Белсенді және пассив кіріс

Кіріс түрлері

Белсенді кіріс – белгілі бір қызмет нәтижесінде алынған тұрақты кіріс. Мысалы, ата-анаңыздың жалақысы не ата-анаңыздың бизнесінен түсетін пайда.

Пассив кіріс – сіздің күнделікті жұмысыңызға қарамастан үнемі түсіп тұратын ақша. Мысалы, банк салымы, жылжымайтын мүлік

Пассив кіріс қайдан келеді?

1. Банк салымы. Сіз белгілі бір ақша сомасын банкте сақтайсыз. Банк сізге пайызын төлейді. Тұрақты түрде кіріс алып отырасыз. Ол үшін банкке депозитке ақша салу керек. Кіріс болуы үшін үлкен мөлшерде инвестиция салу керек.
2. Бағалы қағаздарға инвестиция салу. Ол үшін бағалы қағаздарды сатып алып, белгілі бір уақыт өткеннен кейін жоғары бағамен сату қажет. Тәуекел жасау керек. Пайда түспеуі де мүмкін.
3. Инвестициялық қор пайлары (ИҚП). Бұл – қордың пайларын сатып алып, кейіннен оларды түрлі қаржы құралдарына инвестициялау арқылы инвесторлардың ақшаларын жинауға арналған қор. Пай құны өссе, инвестордың кірісі де өседі. Баға құлдыраса, ИҚП активтерінің құны да төмендейді.
4. Жылжымайтын мүлік. Пәтерді, кеңсені жалға беру. Ай сайын ақша түсіп тұрады. Тәуекелге бел буасыз. Жалдау шартын жасап, пәтерді сақтандыру керек. Жалға алушылар ақысын уақтылы төлемеуі немесе мүлікті бұлдіруі мүмкін.
5. Зияткерлік меншік. Хоббиіңізді (әуестігіңізді) кіріс көзіне айналдырыңыз. Кез келген хобби табыс көзі бола алады.

Мысалы, сіз суретке түсіресіз. Сіз фото жүктейтін платформалардың біріне тіркеліп, фотосуреттерді орналастырасыз және жүктелген әр сурет үшін белгілі бір ақы аласыз. Ешкім сатып алмауы мүмкін. Ол үшін сату, жарнамалау машықтарыңызды дамыту керек.



Талда

1. Сенің отбасыңа белсенді және пассив кіріс қайдан келеді? Отбасың инвестиция жасай ма?
2. Пайда әкелетін қандай әуестіктерің бар?



Бұл маңызды

Отбасы бюджеті – уақыт бірлігіне (айға, жылға) шаққандағы отбасының кірісі мен шығысы жиынтығы.



Жасап көр!

Сұрақты тобыңмен талқылап, сызбаны толықтыр.

Қандай әуестік пайда әкеледі?



Жағдаяттық тапсырма

Топқа бөлініп, жағдаяттарды шешіңдер.

1-жағдаят. «Жақсы көріп істейтін ісің, әуестігің пайда әкеледі», – деді ағаң. Оның бұл тұжырымымен келісесің бе? Неге «иә», неге «жоқ»?

2-жағдаят. Әкең «Балаға қалтапұл бермей, өз бетінше еңбек етуге, адал еңбекпен ақша табуға баулу керек» деп ойлайды. Оның бұл ойын қолдайсың ба? Сенің жауабың.

Зертте!

Қандай бюджет түрі жиі қолданылатынын зерттеп, туыстарыңа, достарыңа, сыныптастарыңа сауалнама жүргіз. Сыныпта талқыла.



Білімді тексер!

- Белсенді және пассив кірістер туралы не білдің?
- Отбасында белсенді және пассив кірістерді ойластырғанда нені ескеру қажет?
- Пассив кіріс алудың қиындығы, ерекшеліктері неде?

Меңгерілетін білім:

- Отбасы бюджетін жоспарлаудың маңызын түсіндіру;
- Отбасы бюджетінде ақысы төленбейтін жұмыстың орны мен ерекшелігін түсіну;
- Жинақ жасау және оны сақтау жолдарын үйрену.

Кел, ойланайық!

- «Отбасы бюджетін жоспарлау» туралы не білесің?
- Ақы төленбейтін жұмыс деген не, оны кім істейді?
- Балалар ақша жинай ала ма? Балалар өздері жинаған ақшасын қалай жұмсауы керек?

**Түйін сөздер**

Бюджет
Отбасы бюджетін жоспарлау
Жинақтарды сақтау

Ақысы төленбейтін үй шаруасы

Ақысы төленетін және ақысы төленбейтін еңбек анықтамасы Халықаралық еңбек ұйымының (ХЕҰ, 2013) халықаралық конвенциясында және экономикалық іс-әрекет көрсеткішін есептеу жөніндегі халықаралық стандартта анық жазылған. Қандай да бір атқарылған жұмысқа ақша төленбейтін болса, ондай еңбекті «ақысы төленбейтін еңбек» деп атайды. Бұған үй шаруашылығын жүргізу, үй жинау, кір жуу, тамақ істеу, қажет заттарды сатып алу, сәбилер мен балаларға қарау, төсек тартып жатқан немесе уақытша ауырып қалған адамға күтім жасау (қарт туыстар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға қарайласу) және үй жануарларына қарау кіреді. Мұндай міндеттерді орындау физикалық күш-қуат пен уақытты қажет етеді.

Ақысы төленбейтін еңбекті атқаруға қанша уақыт кететіні отбасының қалада не ауылда тұратынына, әлеуметтік инфрақұрылымның бар-жоғына, үй шаруашылығының өзіне тән ерекшелігіне байланысты. Ақысы төленбейтін еңбектің басқа да түрлері бар, мысалы: ерікті (волонтер) болу, қайырымдылықпен айналысу және басқа да қоғамдық жұмыстарды тегін істеу.

Ақысы төленбейтін еңбек ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) есебіне және мемлекеттік бюджетке кірмейді, саяси тұжырымдама жасау процесінде елеусіз

қалады (Charmes, 2019). Сондықтан ақысы төленбейтін еңбекті дәл бағалау қиын.

Біріккен Ұлттар Ұйымының статистика бөлімі адамдар уақытын қалай пайдаланатынын зерттеп (2007), әлемнің барлық елінде ақысы төленбейтін еңбекті, негізінен, әйелдер істейтінін анықтаған. Үй шаруашылығы теңдей бөлінбегендіктен, әйелдер мемлекет істеріне де, жеке өміріне де көп көңіл бөле алмайды. Бірақ мемлекет дамып, әл-ауқаты артқан сайын, үй шаруасына бөлінетін уақыт та азаюы керек.

shyndyq.kz ақпараттық порталынан



Талда

1. Әйелдер мен ерлердің қайсысы ақысы төленбейтін жұмысты көп істейді деп ойлайсың?
2. Ақысы төленбейтін еңбек туралы ойларыңды жинақтап, қорытынды шығар.



Бұл маңызды

Бюджет (ағыл. *budget* – «қоржын») – орталықтандырылған ақша қорының құралу көздері мен жұмсалу бағыттарын сипаттайтын экономикалық категория, ақшалай кіріс пен шығыстың балансы.

Отбасы бюджетін жоспарлау дегеніміз – отбасы кірістері мен шығыстарын есептей отырып жасалатын қаржылық жоспар.

Жинақты қайда, қалай сақтау керек?

Ең бірінші, «қауіпсіз қор» деген ұғымды білу қажет. Мұны көбінесе іскер не кәсіпкер азаматтар қолданады. Дегенмен де еліміздің әр азаматы қауіпсіздік қорын білуі тиіс. «Сақтық қоры» деп те атауға болады.

Дамыған елдерде отбасы бюджетін құрарда міндетті түрде отбасыға кіретін кірістің 20% -ын осы сақтық қорға аударып отырады. Тек еңбекақы ғана емес, бонустар немесе сыйақы алса да, соны қорға жинауды әдетке айналдырған. Біздің қоғамда 20% -ын жинау қиын. Алғашында 10% -ын жинаудан бастау қажет.

Мәселен, отбасына 100 мың көлемінде табыс келсе, оның 10 мыңын осы сақтық қорға аударып отырған абзал. Әрине, аталған қор үйде немесе жастық астында, кітап ішінде сақталмауы керек. Өйткені «ақшаның құны» деген ұғым бар.

Экономикада кешегі ақша – бүгінгі ақша емес, ол құнсызданады. Ал банктен шот ашып, депозитке сақтайтын болсақ, оның беретін сыйақы мөлшерлемесі болады.

Ақшаны тез жинау өте сирек кездеседі және екінің бірінің қолынан келе қоймайды. Ақша тиыннан құралады. Біріншіден, қаражат бірден көбейіп кетпейді. Сіз ақша жинауды әдетке айналдырсаңыз, үш-төрт жылдан кейін нәтиже бере бастайды.

Бұдан бөлек, жинақты үш жылдан кейін өртүрлендіруге болады. Депозиттегі қаражатты тек қана теңгемен емес, доллармен немесе евромен сақтап, ақшаны кем дегенде үш валютаға бөліп қойған абзал.

Мақсат Халық



Жағдаяттық тапсырма

Екі топқа бөлініп, жағдаяттарды шешіңдер.

1-жағдаят. Сен туған күннен бастап, ата-анаң айына он мың теңгеден жинаса, мектеп бітірер сәтке дейін қанша ақша жиналатынын есептеп көр. Топта немесе жұпта түрлі нұсқаларын талқыла. Сен осылай ақша жинар ма едің?

2-жағдаят. Бала қалтапұлға беретін ақшасын жинайтын болса, бір жылда қанша ақша жиналатынын есептеп көр. Өздерің қалтапұл ақшасын қаншалықты тиімді жұмсап жүрсіңдер?



Жасап көр!

1-топ сызбаны талқылап, толықтырады.



2-топ «Отбасы табысы қайда жұмсалады?» сұрағын талқылап, сызбаны пайыздық көрсеткішпен толықтырып, ойын дәлелдейді.



Зертте!

Отбасы бюджетіне зерттеу жүргізіп, шығындардың сызбасын жаса.



Біліміңді тексер!

- Отбасы бюджетін жоспарлау туралы не білдің?
- Ақысыз істелетін еңбектің отбасы бюджетіне пайдасы бар ма?
- Ақша жинақтаудың қай түрі тиімді деп ойлайсың?

Меңгерілетін білім:

- Қаржы пирамидасы ұғымын, оның қандай зияны бар екенін түсіну;
- Қаржы пирамидасына алданып қалмау жолдарын білу;
- Өлеуметтік желілердегі қаржы пирамидасы мәселесіне өз көзқарасын айта алу.

Кел, ойланайық!

- «Қаржы пирамидасы» туралы не білесің?
- Адамдар неге қаржы пирамидасына сенеді?
- «Тез баю» деген тіркесті қалай түсінесің?

Түйін сөздер

Пирамида
Қаржы пирамидасы
Криптовалюта

Қаржы пирамидасы деген не?

Қаржы пирамидасы – қаржы компаниялары қолданатын жеңіл табыс тәсілі, алаяқтық, заңсыз қызмет, басқа адамдардың жарналары есебінен бір қатысушылардың баюы. «Пирамида» ерте ме, кеш пе – өйтеуір бір кезде құлайды, қатысушылар өз ақшаларынан айырылады. Бірқатар елдердің заңнамасында қаржы пирамидасы операцияларына тыйым салынған.

Қаржы пирамидасын ұйымдастырушылар қандай уәде береді? Әрине, олар: «Тез және оңай ақша табасыз», – деп уәде береді.

Қаржы пирамидасы не ұсынады? Олар көбінесе өзін инвестициялық кәсіпорын ретінде көрсетеді. Мысалы, акциялар мен облигацияларды сатады, жоғары өнімді құрылыс, алтын өндіруге немесе ультра тиімді өндіріске инвестиция салуды т.б. ұсынады.

Қаржы пирамидаларының қандай түрлері бар?





Бұл маңызды

Пирамида (ағылш. *pyramid*; грек. *pyramidos*) – монументтік құрылғы.

Қаржы пирамидасы – қаржы компанияларының өз табысын көтеру мақсатында алаяқтық жолмен басқа адамдардың жарналары есебінен бір қатысушылардың байып, кейінгілерін ақшасыз қалдыру тәсілі.

Криптовалюта – электрондық ақша, криптографиялық технологияға негізделген цифрлық ақшаның түрі.



Оқы, қызық!

Тарихтағы ең үлкен қаржылық пирамида тарихымен таныс.

1960 жылы америкалық бизнесмен Бернард Мэдофф адамзат тарихындағы ең ірі «Meadoff Investment» қаржы пирамидасының іргетасын қалаған. Ол жарты ғасыр бойы ірі компанияларды сазға отырғызуға негізделген қаржылық жүйе құрып, бұл XX ғасырдың ең үлкен қаржылық дауына айналды.

Мэдофтан зардап шеккендердің арасында қарапайым тұрғындармен қатар, атақты адамдар да жеткілікті еді. Бейсболдан «Нью-Йорк Метс» командасының қожайыны Фред Уилпон, актер Кевин Бэкон, режиссерлер Стивен Спилберг пен Педро Альмодовар – барлығы Мэдоффтың құрбаны болды. Франция, Голландия, Жапония банктері де Мэдофф құрған тордан шыға алмай қалған.

2008 жылы Бернард Мэдоффтың алаяқтығы әшкере болып, миллиардтаған қаржыны жымқырғаны үшін, 150 жылға сотталады.



Жағдаяттық тапсырма

Топқа бөлініп, берілген жағдаяттарды талдаңдар.

1-жағдаят. Ата-әжең (не туысың) кездесуге барып, онда: «Аз уақыт ішінде өте көп мөлшерде кіріс аласыз», – деп уәде еткенін айтып келеді. Оларға: «Салған ақшаңызды екі есе етіп қайтарасыз», «Айына 30–50% кіріс кіреді», – деген сынды уәделер берген екен. Бұл уәденің жалған екенін қалай дәлелдеп, ақшасын салмауға көндіресің?

2-жағдаят. Бір қаржы компаниясы сенің досыңа салымнан мол табыс тапқан, шетелге саяхаттаған, қымбат көлік не өзге бұйымдарға қол жеткізген жандардың нақты мысалын айтып, дәлелдепті. Досың да: «қазір еңбек етіп, тер төгудің қажеті жоқ, тек сәтті салым жасай білу керек», – деп ойлайды. Мұндай үгітке ермей, ақылмен шешім қабылдау үшін не істеу керек?

3-жағдаят. Қаржы пирамидасына алдану адам таңдамайды. Жоғары білімді, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың өзі сан соғып қалатынын тәжірибе көрсетті. Қазір ел мұны түсініп келе жатыр, бірақ айлакерлер амалын ай сайын ауыстырып, тоқтар емес. Халыққа пирамидаға сенбеу керектігін түсіндірудің қандай жолдарын ұсынар едің?



Оқы, қызық!

Карталардағы қаражатқа теңестірілмейтін, орталық банктермен реттелмейтін және бағамы кез келген елдің экономикасына тәуелді емес электрондық (сандық) ақша туралы мәліметпен таныс.

Криптовалюта дегеніміз не? Жалпы «крипто» сөзін грек тілінен аударсақ, «күпия», «жасырын» деген мағына береді. Мысалы, сіздің WhatsApp желісі арқылы жазған, жіберген хабарламаларыңыз әріптермен кетпей, қауіпсіздік үшін шифрланады. Сандық ақша да дәл сол сияқты.

Ең алғаш криптовалютаны Сатошо Накомото деген лақап атпен белгілі математик 2009 жылы ойлап тапты. Шын есімі бүгінге дейін белгісіз және оны ешкім көрмеген. Әрбір шешкен алгоритімдерді ол «биткойн» деп атаған. Криптовалюта арқылы жасалған ең алғашқы транзакцияда 100 мың биткойнға екі пицца сатып алынған.

2009 жылы биткойнның бағасы 0,4 цент болса, қазір бір кірпіш алтынның құнынан (\$2495) асып түседі.

«Криптовалютаның артықшылығы неде?» деген сұрақ туындайды. Сандық ақша – математикалық алгоритмдер арқылы шешілген әріптер мен сандардың жиынтығы.

Криптовалютаның бүгінде 3000-ға жуық түрі болса, ең танымалы – биткойн. Криптовалюта кибершабуылға, хакерлік шабуылдарға бұлк етпейді. Қорғанысы өте жоғары, мықты. Криптовалютаны кез келген әлемнің нүктесіне бір сәтте жібере аласыз.

Сіз ол ақшаны қолыңызға ұстай алмайсыз және қалтаңызға салмайсыз.

ЕуроОдақ биткойнді ресми түрде қабылдаса, Жапон елі бүгінде үйреншікті қолданып жүр. Кейбір адамдар криптовалютаға болашақтың төлем құралы ретінде қарайды. Ал кейбірі бұл жүйе әлемдік экономикаға өз зиянын тигізеді деп ойлайды. Бірақ екі тарап та кез келген транзакция делдалсыз жүрсе, әлемдік экономикаға тиімді екенін жоққа шығармайды.

abai.kz сайтынан



Жасап көр!

1-топ «Адам неге тез байып кетуге құмар?» тақырыбына эссе жазады.

2-топ қаржы пирамидасының пайдасын көргендер мен тақырға отырғандардың пайыздық арасалмағын анықтап, постер жасайды.

3-топ криптовалютаның пайдасын мен зиянын айтып, ойларын дәлелдейді.

Криптовалютаның пайдасы	Криптовалютаның зияны



Зертте!

Қаржы пирамидалары әлемнің қай елдерінде көп тараған? Жоба дайындап, сыныпта қорға.



Біліміңді тексер!

- «Қаржы пирамидасы» туралы не білдің?
- Қаржы пирамидасына адамдар неге сенеді?
- Басқа адамға алданбау, жарнамаға сеніп, ақшанды құртпау үшін не істеу керек?
- Балалар мен ересектердің қаржылық сауатын арттыру үшін қандай іс-шараларды қолға алған жөн?

Меңгерілетін білім:

- Қаржылық байлық ұғымына не кіретінін түсіну;
- Қаржылық байлық қалай қалыптасатынын мысалдар арқылы зерттеу;
- Байлық, бай болу мәселесіне өз көзқарасын айта алу.

Кел, ойланайық!

- «Қаржылық байлық, оның жинақталуы» туралы не білесің?
- Адамдар неге бай болғысы келеді?
- «Байлық – мұрат емес, кедейлік – ұят емес» деген мақалды қалай түсінесің?

Түйін сөздер

Байлық
Кедейлік
Қаржы

Вавилондағы ең бай адам

Ежелгі Вавилонда Арқат деген асқан бай кісі болыпты. Оның байлығы туралы сыбыс барлық жерде аңызға бергісіз әңгімеге айналыпты. Оның үстіне ол жомарт екен. Ол садақа беруден де алдына жан салмапты, отбасына да, өзіне де шығынданудан аянбаған. Соған қарамастан, оның табысы жыл сайын еселеніп отырыпты.

Бір күні оған бала кезгі достары жиналып келіп, былай дейді:

– Арқат, сен бізден гөрі жолың болған жігітсің. Сен Вавилондағы асқан байға айналдың, ал біз кедейміз. Бір кезде бәріміз бірдей едік қой. Бәріміз де бір ұстаздан тәлім алдық. Ойнағанымыз да бір ойын. Оқуда да, ойында да сенің бізден озық болған кезің болмады. Соған қарамастан, сен қаланың аса құрметті тұрғыны болуға бізден гөрі бұрын қол жеткіздің. Сенің бізден артық еңбектенген жерің жоқ, жұмысың да біздікінен қиын емес. Ендеше, қанша тілесек те, тырбансақта, бізді емес, баянсыз бақтың сені таңдағаны қалай?

Арқат оларға былай жауап береді:

– Маған кезінде Алғамыс деген бай кісі: «Байлық титтей тұқымнан жайқалатын ағаш секілді. Өзің үшін сақтаған алғашқы жез бақыр кейін өсіп шығатын байлық ағашының тұқымы болмақ. Негұрлым сол тұқымды тезірек ексең, соғұрлым тезірек байлық ағашы көгеріп шығады», – деп ақыл айтқан еді. Осы ақылды естіген соң мен тапқан ақшамның оныншы бөлігін жинай бастадым.

Жордж Клейсон



1. Арқат жолы болған жігіт пе?
2. Неге басқалар байымай, Арқат байыды деп ойлайсың?

Әлемдегі бай адамдар кімдер?

Америкалық «Forbes» журналының есебіне сүйенсек, әлемде 2001 жылы 564 миллиардер болса, 2019 жылы миллиардерлер саны 2153 болған. Тізім басында тұрған үш адамның екеуі – АҚШ азаматтары, біреуі – Франция азаматы.

Бірінші орында 244,2 миллиард доллары бар америкалық кәсіпкер, инженер Илон Маск тұр.

Екінші орында тауар және қызмет түрлерін сатумен айналысатын, айналымы бойынша әлемдегі ең ірі Amazon компаниясының негізін қалаушы Джефф Безос тұр. Forbes оның байлығы 195,9 миллиард доллар деп жазған.

Үшінші орында – француз бизнесмені Бернар Арно (190,3 миллиард доллар).

Forbes журналының бағалауынша, миллиардердің саны жағынан АҚШ бірінші орында тұр. Онда 565 бай адам тіркелген. Екінші орында – Қытай, 319 адам. Үшінші орында – Германия, 114 адам байлар тізіміне енген.



Еуропа елдерінде «байлық салығы» бұрыннан бар. Бұл ежелгі Рим империясында ал қызыл киім мен қымбат әшекей тағынуға тыйым салудан басталған. Жүздеген жылдар өткеннен кейін Венецияда тек қара гондолаға мінгендер туралы бұйрық шыққан. Кезінде кейбір елдерде кітап, су құбыры, тіпті опера театрының билетіне де салық салынған. Өткен ғасырдың басында Норвегияда кәдімгі шоколад асып-тасудың белгісі саналды. 1810 жылы Пруссияда ит салығы шықты, себебі итті тек байлар асырай алады деген ұғым қалыптасқан.

Германияда байлар салықты көп төлейді. Ерлі-зайыптылардың жалпы табысы жылына 18 мың еуродан аспаса, олар салық төлеуден босатылады. Адам неғұрлым көп ақша тапса, соғұрлым оның салығы ұлғаяды. Мұны олар «прогрессивті салық салу шкаласы» деп атайды.

Қазақстанда байларға арналған салық 2024 жылдан бастап енгізіледі деген жоспар бар.



Талда

- Ең бай елдер мен бай адамдардың тізімі неліктен жылда өзгеріп тұрады деп ойлайсың?
- Мәтінде берілген ақпараттарды соңғы ақпараттармен салыстыр.
- Салық қалай есептелуі керек?
- «Көп ақша табатын адам көбірек салық төлеуі керек» деген тұжырымға қалай қарайсың? Бұл дұрыс па?
- Біздің елімізде де бай адамдар салық төлесе, ел экономикасына тиімді болар ма еді?



Ойлан!

«Байлық» сөзін қалай түсінесің? Байлыққа тағы нені жатқызуға болады?



Бұл маңызды

Стартап деген не?

Стартап – бизнесті дамытудың жаңа әдісі, жолы, тәсілі.

Стартап – бизнесті, технологияларды дамыту. Оның «көшірме стартап» және «жаңашыл стартап» деген түрлері бар. Көшірме стартап – басқа елде бар идеяны өз елімізге әкелу. Жаңашыл стартап – жаңа идея, әдіс, тәсілді ұсыну.



Жасап көр!

1-топ бір бағытты (көшірме стартап не жаңашыл стартап) таңдап алып, стартап ұсынады. Топта талқылайды.

2-топ берілген тұжырымдарды топта талдап, 5 сөйлеммен қорытынды жазады.

Бай	Кедей
<p>Ақша мен уақытты үнемдейді. Кез келген жерде жеңілдік талап етеді. Табыс әкелетін жерге ақша салады. Бай адам үшін ақша – мүмкіндік. Бай кедейге назар аудармайды. Кінәні өзінен іздейді. Табысын еселеуге тырысады. Бар байлығын жоғалтса да, мінезі өзгермейді.</p>	<p>Тапқанын тауыса жұмсайды. Жеңілдік талап етпей, белгіленген бағаға сатып алады. Шығындалатын жерге ақша салады. Кедей үшін ақша – өмірдің мақсаты. Кедей байды жақтырмайды. Өзінен басқаның бәрін кінәлайды. Шығындарын жабуға тырысады. Аз ғана байлық бітсе, мінезі өзгеріп шыға келеді.</p>



Зертте!

Жеке қаржыны басқаратын онлайн-сервистің мобильді қосымшасы – Дзен-мани туралы ізденіп, оның артықшылықтары мен кемшіліктеріне талдау жаса.



Білімді тексер!

- Қаржылық байлық, оның жинақталуы туралы не білдің?
- Қаржылық байлыққа жету үшін не істеу керек?
- «Жомарт», «дәулетті» сөздерін қалай түсіндіресің?
- Стартап идея ерекше болып, жетістікке жетуі үшін не істеу керек?

IV БӨЛІМ.

ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ

Досым, сен осы бөлімді оқу арқылы:

- қандай да бір қауіп төнгенде дұрыс әрекет ете білуді меңгересің;
- төтенше жағдайларда өзіңді қалай ұстауың керектігін білесің;
- адамның өміріне, денсаулығына, бостандығына, қадір-қасиетіне төнетін қауіптерден қорғану жолдарын үйренесің;
- адамның өмірі мен денсаулығына кері әсер ететін зиянды нәрселерді тұтынудың қасіретті салдарлары туралы біліп, олардан бас тартудың, «жоқ» деп айта білудің маңыздылығын түсінесің.



Меңгерілетін білім:

- Қандай да бір қауіп туындаған жағдайда білу керек ережелер;
- Қауіп төнген жағдайда арнайы қызмет орындарына хабар беріп, көмекке шақыруды білу;
- Қауіп төнгенде дұрыс әрекет ете алуды меңгеру.

Кел, ойланайық!

- Адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлар нелер?
- Қандай да бір қауіп туындаған жағдайда нені білу керек?
- Қауіп туындаған жағдайда не істеу керек?

**Түйін сөздер**

Қауіп-қатер
Өрт
Жер сілкінісі
Сел

Жер сілкінісі

Жер сілкінісі – жер қыртысының тұрақсыздығынан туындайтын жер бетіндегі ауытқулар. Ғимараттар, бағаналар, қоршаулар, қабырғалар мен шатырлар және т.б. құлап, жарақат алу қаупі жоғары.

Жер сілкінісі кезінде не істеу керек? Егер 1 немесе 2-қабатта болсаң, далаға шық. Сенде небәрі 15–20 секунд қана болады. Жеделсатыны қолданба! Егер үшінші не одан жоғары қабатта болсаң, далаға шығуға үлгермейсің. Үйдің ішінде қауіпсіз орын тауып ал: ішкі қабырға, үйдің бұрышы, есіктің босағасы, тірек бағана, үстелдің асты. Ал терезе, айна және ауыр жиһаздардан алыс тұру керек.

Далада болсаң, ғимараттар мен электр бағандары өтетін жерден қашықтау, ашық алаңға тұр, электр желілеріне, газ құбырларына жолама. Егер де көлікте болсаң, көлікті ашық алаңға қойып, ішінде отыр.

Егер де үйіңдінің астында қалсаң, сабыр сақта, құтқарушылармен хабарласуға мүмкіндік бар-жоғын тексер, қандай жерде тұрғаныңды анықтауға

тырыс. От жақпа, өйткені жақын маңдағы газ құбырының бірінен өрт шығу қаупі жоғары. Құтқарушыларға өзің туралы белгі беруге тырыс (темір құбырды және т.б. қатты заттарды үр).

Жер сілкінісінен кейін өзің жарақат алмағаныңа көз жеткіз. Тіпті ғимараттар бүлінбесе де, оның ішіне кіруге асықпа, жер сілкінісі тағы да қайталануы мүмкін.

О.Мырзахметов пен М.Каршаловтың «Тіршілік қауіпсіздік негіздері» дәрістер курсынан



Жер сілкінісі туралы мәтін бойынша кестені толтыр.

V - «білемін»	- «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! «мені таңғалдырды»

Өрт

Өрт көп материалдық зиян келтіреді және азаматтардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Орман және дала өрттері үлкен аумақты алады, ал қалада болған өрт көп адамның өмірін қияды.

Өрттің шамамен 80%-ы адам кінәсінен болады, яғни өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу немесе ақауы бар техниканы қолдану салдарынан орын алады. Сондықтан өртпен күресудің ең жақсы жолы – оның пайда болуының алдын алу. Ол үшін:

- жұмыс істемейтін электр жабдықтарын қолданба, үйдегі барлық розеткалар мен электр сымдарын жөнге келтір;
- жанатын сұйықтарды (еріткіштер, ацетон, аэрозоль) жылы жерден, оттан және күн сәулесінен аулаққа қой;
- отты және газ плитасын қараусыз қалдырма;
- газ плитасының, ошақтың қасына сүлгі-орамал қойма, оның шеті отқа тиіп кетсе, өрт шығуы мүмкін;
- жылытқыш құралдарын қараусыз қалдырма, оның үстіне мата жаппа;
- үйден шығар алдында өртке қауіпті заттардың барлығын түгел өшір.

Ал егер басқа пәтерден өрт шықса, газ бен электр тогын өшір, дәліз түтінге толып кетсе, баспалдақпен түспе (түтін өте улы болады әрі ыстық ауа өкпені күйдіріп жіберуі де мүмкін). Егер пәтерден шыға алмай қалсаң, есіктің барлық саңылауларын сулы шүберекпен мықтап жауып, ваннаға және басқа да үлкен ыдыстарға су толтырып, есік пен еденге су шаш.

Егер де өрт адамдар көп жиналған жерде болса, кез келген ғимаратқа кірер кезде одан шығу жолдарын еске сақтап, эвакуациялық есіктерді тексеріп ал, олардың ашық екеніне көз жеткіз. Түтіннің иісін сезген бойда қауіпсіз жолмен ғимараттан шығуға тырыс. Түтін көп жиналған жерге барма, жоғары қабаттарға шықпа немесе есіктен алыс кетпе. Егер де ғимараттан шыға алмайтындай жағдай туындаса, өрт шалмаған ашық жер іздеп тауып, сол жерде құтқарушыларды күт.

Өрт кезінде адамды күйік шалса, киіміндегі өртті сөндіру керек, өрт болған жерден далаға алып шығу керек. Аздап қана күйсе, 10–15 минут суық судың ағынына ұстауға болады. Егер дененің күйік шалған жері үлкен болса, зардап шеккен адамды таза жапқышқа орап, медицина мекемесіне жеткізу керек.

Түтінге уланған адамды дереу сыртқа шығарып, қажет болса, өкпесіне дем беру амалдарын жасау керек, науқасты ауруханаға жеткізген кезде оның тыныштығын қамтамасыз ету керек.

Күйік шалған денесіне крем, май, өсімдік майын жағуға, ұнтақ себуге, мақтамен сүртуге болмайды. Күйіктен пайда болған қабыршақтарды жаруға болмайды. Күйік шалған денеден киімді жұлып шешуге болмайды. Аузын күйік шалған адамға су немесе басқа да тамақ беруге болмайды.

*О.Мырзахметов пен М.Каршаловтың
«Тіршілік қауіпсіздік негіздері» дәрістер курсынан*



Анықта!

Өрт кезінде не істеу керек? Берілген ақпараттың дұрыс/бұрысын анықта.

Ақпарат	Дұрыс	Бұрыс
Жанған затты тезірек өшіріп, оттың өршуіне жол бермеу керек.		
Егер де сұйық зат жанса (май, еріткіш) оған су құюға болмайды, жарылыс болуы мүмкін. Отты қалың матамен немесе басқа бір затпен өшірген жөн.		
Өрт кезінде есік пен терезені ашып қойған дұрыс.		
Егер де от өршіп кетсе, өрт сөндірушілерді шақырып, газ бен тоқты өшіріп, сыртқа шығу қажет.		
Жоғарғы қабаттан су ағатын құбыр немесе арқан арқылы түсуге болады.		
Түтін арасынан өткенде, ауыз бен мұрынды сулы шүберекпен немесе орамалмен жабу керек.		
Жеделсатымен түскен дұрыс.		

Сел

Сел (сел жүру) – қатты жаңбыр немесе қардың тез еруі нәтижесінде тау өзендерінің бассейндерінде кенеттен пайда болатын су, құм және тас қоспасы аралас ағатын, үлкен жойқын күштің ағыны.

Соңғы 160 жылда Алматыда 6 рет сел болды. Мысалы, 1921 жылдың 8–9 шілде күндері болған сел көп адамның өмірін қиып кетті.

1963 жылы 7 шілде күні Есік өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан Жарсай мұзды көлі жарылып, жойқын сел болды. Сел көл жағасындағы қонақүй мен мейрамхананы қиратып, тікелей Алматыға қарай бет алды. Осы апат салдарынан қаза тапқандардың нақты саны әлі күнге дейін белгісіз. Мұндай апат қайталанбас үшін, 60-жылдардың екінші жартысында Алматыны селден қорғау бойынша дүниежүзілік тарихта теңдесі жоқ жұмыстар жүргізілді, Медеу тау бөктерінде плотина (бөгет) салынды. Соған қарамастан, қаланың кейбір аудандарында қауіп әлі де сақталуда.

Селден қалай сақтану керек? Селден эвакуация арқылы ғана құтыла аласың. Төтенше жағдайда эвакуация жасау үшін, жақын тұрған қауіпсіз жерлерді білу қажет, бұл – таулар мен төбелердің беткейлері.

Эвакуация кезінде өзіңмен бірге алып кете алмайтын аса құнды заттарды үйге тығып, су тимейтіндей етіп жауып қою керек. Электр жүйелерін, газ, су құбырларын сөндіру керек. Тез тұтанатын жанғыш заттарды үйден шығарып, сыртта қазылған орға немесе ұраға (подвал) тастау керек. Есік пен терезені, ауа кіретін тесіктерді бітеп жауып қою керек. Құтқарушылардың кеңесін тыңдау керек.

*О.Мырзахметов пен М.Каршаловтың
«Тіршілік қауіпсіздік негіздері» дәрістер курсынан*



Жадында сақта!

Төтенше жағдай (ТЖ) – адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлар. Олар өндірістік апат, жер сілкінісі, сел жүру секілді табиғи апат салдарынан болуы мүмкін. Террористік акт, әскери операциялар да төтенше жағдайға жатады. Халықты осындай қауіптен сақтау үшін, Төтенше жағдайлар министрлігі және Азаматтық қорғаныс штабы сияқты қызметтер ұйымдастырылған. Қандай да бір қауіп төнген жағдайда арнайы қызмет орындарына хабар беріп, көмекке шақыру керек.

112-ге хабарласыңдар! Бұл – Төтенше жағдайлар департаменті диспетчерлік қызметінің телефон нөмірі.

Басқа да төтенше қызметтердің нөмірлері:

Өрт сөндіру қызметі – 101;

Полиция – 102;

Медициналық жедел жәрдем – 103;
Газдың апаттық қызметі – 104;
Терроризмге қарсы қызметтің тікелей арнасы – 110.



Ойлан!

Тест сұрақтарын шеш.

- Өртпен күресудің ең жақсы жолы:
А) терезені ашық қалдыру
Ә) оның пайда болуының алдын алу
Б) құтқарушылардың кеңесін тыңдау
- Өрттің шамамен 80% -ы:
А) аптап ыстықтан болады
Ә) құтқарушылардың кеңесін тыңдамаудан болады
Б) адамдардың кінәсінен болады
- Қандай да бір қауіп төнген жағдайда, қай нөмірге хабарласып, көмек шақыру керек?
А) 112-ге
Ә) 111-ге
Б) 113-ке
- Жер сілкінісі кезінде далада болсаң, не істеу керек?
А) ғимараттар мен электр бағандары өтетін жерден қашықтау, ашық алаңға тұру
Ә) 111-ге хабарласу
Б) құтқарушыларға өзің туралы белгі беруге тырысу
- Жер сілкінгенде жоғары қабаттың тұрғындары не істейді?
А) жеделсатымен төмен түседі
Ә) баспалдақпен түседі
Б) үйде қалып, қауіпсіз орынға жасырынады
- Дұрыс емес жауапты тап. Сел кезінде...
А) электр жүйесі мен газ құбырларын сөндіру керек
Ә) құнды заттарды су тимейтіндей етіп жауып кету керек
Б) есік, терезелерді ашып кету керек



Жағдаяттық тапсырма

Жағдаяттарды шеш.

1-жағдаят. Сен достарыңмен ойын-сауық орталығына бардың. Кинотеатрда отырғанда, өрт дабылын естідің. Сенің әрекетің.

2-жағдаят. Сен отбасыңмен тау етегіндегі демалыс аймағына бардың. Кенеттен жаңбыр құйып кетті. Жаңбыр басылғанын күтіп тұрғанда, сел жүре бастады. Сенің әрекетің.

3-жағдаят. Сен 10-қабатта тұрасың. Күндіз жер сілкініп, аспашамдар жай ғана қозғала бастады. Сенің әрекетің.



Жасап көр!

1-топ өзара ойласып, адам өміріне қандай да бір қауіп төнгенде, ең алдымен жасалуы тиіс 10 әрекетті жазады.

2-топ бастауыш сынып оқушыларына арнап, жер сілкінгенде мектепте не істеу керектігі туралы жаднама жазады.

3-топ үйде, пәтерде өртті болдырмау жолдарын талқылап, өртті болдырмаудың 10 амалын жазады.



Оқы, қызық!

- Жер сілкінісі табиғи себептермен де, жасанды жағдайдан да болуы мүмкін. Мысалы, тау-кен жұмыстарын жүргізу кезіндегі жерасты жарылыстары жер сілкінісіне ұласуы әбден мүмкін.
- Жер сілкіністерінің 80%-ға жуығы Тынық мұхитының астында болады. Оның салдары жойқын цунамиге ұласуы мүмкін.
- Айда да жер сілкінісі, дәлірек айтқанда, Ай сілкінісі болады. Бұл жайлы зерттеу деректері өте аз.
- Алғашқы сейсмограф екі мың жыл бұрын Қытайда ойлап табылған.
- Жануарлар, мысалы, егеуқұйрықтар жер сілкінісі қаупін алдын ала сезе алады.
- Жер бетіндегі әрбір төртінші жер сілкінісі Жапонияда болады.



Білімді тексер!

- Бүгінгі сабақтан қауіп төнгенде жасалатын қандай сақтық шараларын білдің?
- Қауіп-қатердің алдын алуға, болдырмауға бола ма? Алдын-ала қандай сақтық шараларын жасауға болады?
- Өзіңе ғана емес, айналаңдағыларға қауіп төндірмеу қаншалықты маңызды?

Меңгерілетін білім:

- Төтенше жағдайдың не екенін білу;
- Төтенше жағдайда не істеу керек екенін білу;
- Төтенше жағдайда өздерін қалай ұстау керектігін білу;
- Төтенше жағдайда қатаң тәртіпке бағыну, дұрыс әрекет ете алуды меңгеру.

Кел, ойланайық!

- Төтенше жағдай деген не?
- Төтенше жағдай жарияланғанда не істеу керек?
- Неліктен төтенше жағдайда азаматтардың құқықтары мен бостандықтары саналы түрде шектеледі?

**Түйін сөздер**

Табиғи апаттар
Техногендік апаттар

Төтенше жағдай

Төтенше жағдай – мемлекетке төнген түрлі қауіпке байланысты Президент немесе парламент жариялайтын уақытша режим. Табиғат апаты, соғыс қаупі, техногендік апат, халық ішіндегі толқу т.б. жағдайларда жарияланады. Мұндай уақытта азаматтардың құқықтары мен бостандықтары саналы түрде шектеледі, бейбіт кездегі заңдар күшін тоқтатып, төтенше заңдар шығарылады. Төтенше жағдай жариялай отырып, мемлекет басшысы өзіне көптеген абсолютті өкілдік алады. Түрлі мемлекеттік органдар өз қызметтерін өзгертеді. Олар жаңа заңдық кеңістікте қатаң тәртіпке бағына отырып, қызмет жасауға мәжбүр болады. Төтенше жағдай жариялау уақыты, мерзімі, сол кездегі билікке берілетін өкілеттіктер дәрежесі ел Конституциясында анықталады.

Төтенше жағдай – адамдардың қаза табуына әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін, олардың денсаулығына, қоршаған ортаға және шаруашылық нысандарына нұқсан келтірген немесе келтіруі мүмкін, халықты едәуір дәрежеде материалдық шығындарға ұшыратып, тіршілік жағдайын бұзған немесе бұзуы мүмкін авария, зілзала не апат салдарынан белгілі бір аумақта туындаған жағдай. Төтенше жағдай пайда болу себептеріне қарай табиғи сипаттағы және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар деп екіге бөлінеді.

Табиғи сипаттағы төтенше жағдай	Техногендік сипаттағы төтенше жағдай
<ol style="list-style-type: none"> 1. Табиғи қауіптер (геодене, геологиялық, метеорологиялық, агрометеорологиялық, гидрогеологиялық қауіптер). 2. Табиғи өрттер, індеттер, ауылшаруашылық өсімдіктері мен ормандарын зиянкестердің зақымдауы. 	<p>Өндірістік қауіпті факторлар, көліктік және басқа да жазатайым оқиғалар, өрттер, жарылыстар, радиобелсенді заттардың қалдықтары, ғимараттардың және т.б. құлауы, бөгеттердің жарылуы, электр және байланыс жүйелеріндегі апаттар.</p>

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан



Талда

- Мәтінді оқығанда ойыңда не сақталып қалды? Неліктен?
- Неліктен төтенше жағдайда мемлекет басшысы өзіне көптеген абсолютті өкілдік алады?
- Мәтін бойынша кестені толтыр.

Маңызды фраза	Не үшін маңызды?



Жасап көр!

1-топ суреттегі (3-сурет) іс-әрекеттерге қарап, төтенше жағдайларда жақындарына, жарақат алғандарға қалай көмектесуге болатыны туралы нұсқаулық жазады.



3-сурет. Алғашқы көмек көрсету

2-топ төтенше жағдайларда бірінші кезекте не істеу керектігі туралы ақылдасып, мәтінді толықтырып жазады.

1. Күнделікті бос уақытта отбасыңмен, туыстарыңмен мына мәселелерді талқылау:
 - 1) төтенше жағдай болады деген хабарды алған сәтте өздерін қалай ұстауы керектігі жайында;
 - 2) ...
2. Алғашқы хабарламаларды ала салысымен, осыған кірісу:
 - 1) радио мен теледидарды қосып, қайда не болып жатқаны туралы хабарламалар алу;
 - 2) ТЖ бойынша әрекет жоспарын нақтылау;
 - 3) ...
3. Төтенше жағдай кезінде қайда телефон шалу керек?
 - 1) төтенше жағдай қызметтеріне
 - 2) ...
4. Алғашқы қажеттілік жиынтығын дайындау:
 - 1) алғашқы жәрдемнің дәрі қорабы;
 - 2) консервіленген азық-түліктер және пластик бөтелкелердегі ауыз су;
 - 3) телефон, ...;
5. Эвакуация кезінде нені білу керек?
 - 1) қатер төнген жағдайда қай жерді паналайсың?
 - 2) орнында қалуға болмайтын жағдайда қандай жолмен эвакуацияланасың?
 - 3) ...
6. ТЖ аймағында қалған үйіңе қайтқанда, мынаған сақ бол:
 - 1) үйге кірме, себебі ...;
 - 2) ғимаратты ... қарап шығып, адамдардың қайта кіруіне болатынын не болмайтынын анықтайды;
 - 3) үйде немесе үйдің айналасында ... жоқ екеніне көз жеткіз.
 - 4) ... аулақ бол.



Жағдаяттық тапсырма

Жағдаяттарды шешіңдер.

1-жағдаят. Қалада төтенше жағдай жарияланды. Соған қарамастан, бауырың өз құқықтары мен бостандықтарын алға тартып, үйінде жалғыз отырған досына баруға шешім қабылдап, жолға шықты. Сенің әрекетің.

2-жағдаят. ТЖ аймағында қалған үйге кіруге мәжбүр болдың, үйде электр жарығы жоқ. Сенің әрекетің.

3-жағдаят. Жер сілкініп жатыр. Інің телефонмен досына қоңырау шалып, төтенше жағдай туралы өз сезімін айтуда. Сенің әрекетің.



Анықта!

«Бағдаршам» әдісін пайдаланып, төтенше жағдайда дұрыс әрекет етудің жолдарын анықта.

	Тоқта!	Сабыр сақта!..
	Ойлан!	Мәселе неде?..
	Таңдау жаса!	Өзің сенім артатын ересектерден ақыл-кеңес ал!..



Зертте!

Қазақстанда болатын табиғи және техногендік апаттар туралы зерттеу жүргіз. Қай түрі қай өңірлерде жиі кездеседі, олардың себептері, алдын алу жолдары туралы мониторинг жүргіз.

Апаттар	Қай өңірлерде болады?	Себептері	Алдын алу жолдары	Апаттың зардаптарын жою



Біліміңді тексер!

- Төтенше жағдайда өзіңді қалай ұстауды білдің бе?
- Төтенше жағдайда қатаң тәртіпке бағынуды, дұрыс әрекет ете алуды меңгердің бе?

Меңгерілетін білім:

- Адам өміріне, денсаулығына, бостандығына, қадір-қасиетіне төнген қауіптердің қандай болатынын білу, түсіну;
- Еліміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екенін түсіну;
- Өз өміріне, денсаулығына, бостандығына, қадір-қасиетіне төнген қауіптерден қорғана алу жолдарын білу.

Кел, ойланайық!

- Адам өміріне, денсаулығына, бостандығына, қадір-қасиетіне қандай қауіптер төнуі мүмкін?
- Ондай қауіп-қатерлерден қалай қорғануға болады?
- Адам өміріне, денсаулығына, бостандығына, қадір-қасиетіне қауіп төндірген адам қандай жауапкершілікке тартылады?

Жеке адамға қарсы қылмыстар туралы түсінік және олардың жіктелуі

Жеке адамға қарсы қылмыстар туралы нормалар жеке адамның игіліктерін, атап айтқанда, өмірін, денсаулығын, жеке адамның ар-намысын, еркіндігін және т.б. қорғауды өзіне мақсат тұтады. Мұнда жеке адамға ғана емес, сонымен қатар қоғамға да ең қымбат қазына болып табылатын игіліктердің жиынтығы туралы сөз болып отыр. Қылмыстық кодекстің маңызды міндеттерінің бірі ретінде адамның құқықтары мен бостандықтарын қылмыстық қолсұғушылықтан қорғау танылған. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімінің бірінші тарауы «Жеке адамға қарсы қылмыстар» деп аталады. Жеке адамға қарсы қылмыстарға:

1. Өмірге қарсы қылмыстар: адам өлтірудің барлық түрі; абайсызда кісі өлтіру; өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу.
2. Денсаулыққа қарсы қылмыстар: денсаулыққа қасақана және абайсызда зиян келтірудің түрлері; соз ауруларын жұқтыру, адамның иммун тапшылығы вирусын (ВИЧ/ЖҚТБ) жұқтыруы.
3. Адамның өмірі мен денсаулығын қауіпті жағдайға қалдыратын қылмыстар: заңсыз аборт жасау, науқасқа көмек көрсетпеу, қауіпті жағдайда қалдыру.

4. **Жыныстық қылмыстар:** зорлау, көмелеттік жасқа толмағандардың жыныстық қолсұғылмаушылығына және қалыпты дамуына қарсы жасалған қылмыстар.
5. **Жеке адамның бас бостандығына қарсы қылмыстар:** адамды бас бостандығынан заңсыз айыру, адам ұрлау, психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру, адамдарды саудаға салу.
6. **Адамның қадір-қасиеті мен ар-намысына қарсы қылмыстар:** жала жабу және қорлау.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 1-бабында: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», – деп айқын көрсеткен.

«Құқықтану» оқулығынан

Вирустар да адам өміріне қауіпті

QazVac вакцинасы – ҚР Білім және ғылым министрлігінің Биологиялық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу институты әзірлеген COVID-19-ға қарсы белсенділігі жойылған вакцина. Бұл вакцина дәстүрлі және тиімді болып саналады, оны дайындау технологиясы күрделі емес әрі вакциналардың басқа түрлеріне қарағанда қауіпсіз. Сондықтан қазақстандық ғалымдар инактивтендірілген вакцина жасау туралы шешім қабылдады.

Биологиялық қауіпсіздік мәселелері ғылыми-зерттеу институтының директоры Күнсұлу Зөкарияның жетекшілігімен әзірленген QazVac вакцинасына III фазалық клиникалық сынақ өткізілді. Сынақ нәтижелері вакцинаның адам үшін тиімділігі мен қауіпсіздігін, сондай-ақ жоғары иммунитетті қалыптастыра алатын мүмкіндігін көрсетті.

«Алматы ақшамы» газетінен



Талда

- Өз өміріңе, денсаулығыңа, бостандығыңа, қадір-қасиетіңе қауіп төнгенде, одан қорғана аласың ба? Кімнен көмек сұрайсың?
- Жеке адамға қарсы қылмыстар туралы білу болашақта өз бостандығың мен құқығыңды қорғай алуыңа пайдасы тиеді деп ойлайсың ба?
- Вирустық инфекцияның адам өміріне қаншалықты қауіпті екенін тобыңмен талқыла.



Жағдаяттық тапсырма

Жағдаяттарды мұқият оқып, кестені толтырыңдар.

1-жағдаят. Сенің танысыңа сыныптастары қол жұмсаған. Танысың бұны жігіттердің жай ғана «сөйлесуі» деп ойлайды. Сенің әрекетің.

2-жағдаят. Жасы үлкен оқушы өзінің өзге оқушыға жасаған әлімжеттігін ешкімге айтпауынды сұрап, қорқытып, айтсаң өміріңе қауіп төндіретінін ескертті. Сенің әрекетің.

3-жағдаят. Өзің тұратын үйдің ауласынан қыз балаға бір ер азаматтың нәпсіқұмарлық сипаттағы іс-әрекеттер көрсетіп жатқанын байқадың. Сенің әрекетің.

Жағдаят	Сенің әрекетің



Ойна да ойла!

Рөлдік ойындар. Рөлдерді бөліп алып, жағдаяттарды сахналаңдар.

1. Ауладағы футбол алаңының баршаға ортақ болғанына қарамастан, Омар деген бала «өз ережесін» алға тартып, сендерге онда кіруге, жүріп тұруға тыйым салды. Мәселені қалай шешуге болады?
2. Жақын досың жұқпалы аурумен науқастанып қалды. Достарың оның көңілін сұрап, үйіне кіріп шықпақ болды. Сенің әрекетің қандай болмақ?



Жадында сақта!

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 1-бап

Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Қазақстан Республикасының Конституциясы. 13-бап

Әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар. Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген реттерде заң көмегі тегін көрсетіледі.

«SOS» белгісін білесің бе?

Бас бармақты төрт саусақтың астына жіберіп, жұдырықты түйю белгісін (*4-сурет*) қиын жағдайға тап болған адам қолдана алады. Бұл – өлімжеттік, зорлық-зомбылық көргенде, көмек сұраудың б үкіләлемдік белгісі.

Егер автобуста т.б. жерде біреу қол жүгіртсе, көзбен не сөзбен тиіссе, қолыңды жоғары көтеріп, «Мен зәбір көрдім» деген халықаралық белгімен көмек сұра.

Көмелетке толмаған баланы қорғау – әрбір Қазақстан азаматының міндеті.



4-сурет. SOS белгісі



Зертте!

1. Өзің ізденіп, мектеп оқушылары арасында қай құқықбұзшылық жиі кездесетіні туралы мәліметтерді тауып, зерттеу жұмысын жаз. Қылмыстың алдын алу жолдарын ұсын.
2. Интернеттен де жасөспірімдерге қауіп төнетінін білесің. Оларды болдырмау жолдарын зерттеп, сызбаны толтыр.



Біліміңді тексер!

1. Адам өміріне, денсаулығына, бостандығына, қадір-қасиетіне қандай қауіптер төнуі мүмкін? Ондай қауіп-қатерлерден қорғану жолдары туралы не білдің?
2. Бүгінгі сабақты қорытындылап, кестені толтыр.

Білемін	Білгім келеді	Үйрендім

Меңгерілетін білім:

- Алкоголь, психобелсенді заттар, темекі, электрондық темекі, энергетикалық сусындардың адам денсаулығы мен өміріне кері әсерін білу;
- Зиянды нәрселерді тұтынудың қайғылы салдарын түсіну, олардан саналы түрде бас тарту.

Кел, ойланайық!

- Адамдар неліктен алкогольді, психобелсенді заттарды, темекіні, электрондық темекіні, энергетикалық сусынды пайдаланды деп ойлайсың?
- Мұндай зиянды нәрселерді тұтынудың салдарын білесің бе? Өмірден мысал келтіре аласың ба?
- Адамның алдында әр кезде таңдау тұратынын білесің бе? Өзің өзгерге «жоқ» деп айта аласың ба?

Жаман әдеттерді білесің бе?

Психобелсенді заттар (ПБЗ) – адамның физиологиялық немесе психикалық күйін өзгертуге қабілетті табиғи немесе синтетикалық химиялық заттар. Күнделікті өмірде «есірткі» деп аталады. Психикалық белсенді заттар заңмен рұқсат етілген және заңмен рұқсат етілмеген деп бөлінеді. Заңмен рұқсат етілген ПБЗ-ларға қолдануға, сақтауға және таратуға заңмен тыйым салынбаған заттар кіреді: никотин, алкоголь, кофеин. Бұлардың көпшілігінің адам ағзасына зияны бар, кейде өлім-жітімге әкеледі. Олар ашық қолданылады және адамдар ол үшін заңды (қылмыстық) жауапкершілікке емес, тек жеке жауапкершілікке тартылады.

Заңмен рұқсат етілмеген ПБЗ-ға оларды қолдану, тарату және сақтау заңға қайшы болып табылатын заттар жатады. Сатумен айналысатын, басқаларды осы заттарды қолдануға итермелейтін, сондай-ақ оларға төуелділіктен емделуден бас тартуды насихаттайтын азаматтар қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Ішімдік қолданатын балалар мен жасөспірімдер ауруға ұшырайды, жүрек соғысының жұмысы, бауырдағы ферменттердің бөлінуі, бүйректің сүзгіден өткізу қызметі бұзылады, есте сақтау және ойлау қабілеті нашарлайды. Ішімдікке құмарлық әртүрлі қылмыстардың себебіне айналады. Заңмен рұқсат етілмеген есірткі жасөспірімнің психикасын толығымен дерлік жансыздандырады, осылайша ол ойлануға, шешім қабылдауға, жүріс-тұрысын басқаруға, яғни барлығы сияқты өмір сүруге қауқарсыз болады.

Наркомания мен токсикомания – ауыр сырқат. Есірткіге физикалық тәуелділік пайда болған кезде, адамның мінез-құлқы мен өмірлік қызығушылықтары өзгере бастайды. Ол үшін есірткіге құштарлығын қанағаттандыру негізгі уайымға айналады. Бұл жағдайда адамның өмір салты, мінез-құлқы және қоршаған ортаға қарым-қатынасы өзгереді. Нашақорлықтың бұл кезеңінде адам ұстамсыз, ызалы, күдікті және өкпешіл болып кетеді. Жақындары мен өз тағдырына салғырт қарайды. Нашақор мен токсикоманның организмі бірте-бірте әлсіреп, физикалық түрде қаусап қалады. Организмнің бүкіл қорғаныш күштері әлсіреп, нәтижесінде кез келген аурулар жұғуы және қозуы мүмкін. Нашақордың өмір ұзақтығы 20–30 жасқа қысқарады.

Темекі шегу де өлімге душар етеді. Адамды созылмалы ауруларға шалдықтырып, өмірлерін қысқартады. Адам денесіндегі барлық ағзалар темекіден зардап шегеді, инфаркт (жүректің бөліктерінің өлуі), инсульт (миға қан құйылу), асқазан жарасы, обыры секілді аурулардың салдарынан мүгедектікке тап болады. Олар өмір бойы өкпе ауруларымен ауырады, жөтеліп жүреді.

Балаларға темекі шегу ересектерге қарағанда 2 есе қауіпті. Балалардың қатарынан 2–3 темекі шеккеннен жүрегі тоқтап қалған жағдайлар да кездескен. Ғалымдар шылымқорлардың есте сақтау қабілеті нашар, физикалық денсаулығы әлсіз, психикасы тұрақсыз болады деген шешімге келді, олар баяу ойланады, нашар естиді, сырт кебеті өзгереді, жағымсыз иіс пайда болады. Олардың терісі тез қартайып, дауыстары қарлығып, тістері сарғайып кетеді. Темекі шегу ұлдар мен қыздардың репродуктивтік денсаулығына әсер етеді.

Темекі шегу біздің басқа да пайдалы затқа жұмсауға болатын ақшамызды құртады. Мысалы, күніне бір қорап темекі шегетін адам, оған орта есеппен 350 теңге жұмсайды. Аптасына темекіге кететін шығыс – 2450 теңге, айына – 10 500 теңге, жылына – 126 000 теңге. Темекіден бас тартқан жағдайда әжептәуір ақшаны үнемдеуге немесе оны жағымды және пайдалы заттарға жұмсауға, мысалы, денсаулық пен сұлулықты сақтау үшін спорт, жаттығу залына баруға, йогамен, бимен айналысуға, кинотеатр, театрларға баруға, көп көгөніс пен жемістер, шырындар сатып алып, тұтынуға, киім сатып алуға және т.б. болады.

Темекі шеккеннен темекі шекпейтін адамдар да зардап шегеді. Шылымқор темекінің құрамындағы зиянды заттардың жартысын

сыртқа үрлейді. Бұл ауамен айналадағы темекі шекпейтін адамдар демалуға мәжбүр, бұл олардың денсаулығына әсер етеді.

Темекі шегу жұмыс пен бизнеске кедергі келтіреді. Көптеген компаниялар шылымқорларды жұмысқа алудан бас тартады.

Темекі шегу өрттің себебі болып табылады, материалдық құндылықтарды жояды.

Темекі шегу сәнсіз. Қазір терінің тегіс болуы, беттің таза болуы, жарқыраған тіс, спорттық сымбат пен күшті бұлшық ет сәнді.

31 мамыр Дүниежүзілік темекісіз күн деп белгіленген.

Қазақстанда спорттық, оқу және медициналық мекемелерде, шипажайларда, көліктерде, мейрамханалар мен кафеде темекі шегуге тыйым салынған.

О.И.Накаткова



Талда

- «Психобелсенді заттарды тұтыну – адамның өз өмірінен, армандары мен мақсаттарынан бас тарту, қара түнек өмірге жолдама» деген пікірмен келісесің бе?
- Темекі шегудің адам ағзасына қандай зияны бар? Темекі қораптарындағы суреттерге назар аударып көрдің бе?
- Зиянды әдеттер мен саламатты, саналы дұрыс әрекет стратегиясының арасындағы таңдауды қалай жасауға болады?
- Ұлы Абайдың өлеңін QR кодтан тыңда. Сол замандағы жағымсыз мінез бен жаман әдеттер әлі де бар ма?



Жағдаяттық тапсырма

Жағдаяттарды оқып, шешіндер.

1-жағдаят. Саған сыныптас досың темекі шегіп көруге ұсыныс жасады. Осы сәтте бойымызда екі болмыс күресе бастайды. Оның бірі: «Тоқта, аузыңа алушы болма! «Жоқ» деп айтып, бұрылып, кетіп қал!» – десе, екіншісі: «Шегіп көр, бәрі де шегеді», – дейді. Бірінші болмыс: «Өміріңді бақытсыздыққа бастайтын жаман әдет», – десе, екінші болмыс: «Жассың ғой бәрін де жасап көр!» – дейді. Осылайша

екі болмыс өзара күреседі. Қайсысы күшті болса, сол жеңеді. Осындай жағдайдағы сенің әрекетің.

2-жағдаят. Сенің достарыңның бәрі энергетикалық сусын ішеді. Ал сенің оны ішкің келмейді, сол үшін олар сені шеттете бастайды. Сен олардан бөлініп кете алмайсың. Не істер едің?

3-жағдаят. Сенің жақсы араласатын досыңның аузынан темекінің иісі шығатынын байқадың, өзіне бұл әдеттің өте зиян екенін айттың. Ол бір рет тартқаннан ештеңе болмайтынын айтты. Ата-анасына айтайын десең, досыңның көңілін қимайсың. Сен досыңды қалай құтқарар едің?



Ойна да ойла!

Рөлдік ойындар. Диалогтерді рөлге бөліп алыңдар. Әрбір уәжге қарсы жауап айтып, диалогті сахналаңдар.

- Бір тартқаннан ештеңе болмас.
- Біз кішкентай бала емеспіз!
- Елдің бәрі осылай жасайды ғой.
- Адам бәріне де үйренуі керек.
- Үлкендер де солай істейді.
- Ешкімді тыңдама!



Жасап көр!

1-топ суретке қарап, «Біз саламатты өмірді таңдаймыз!» ұранымен флешмоб өткізеді.

2-топ психобелсенді заттарды тұтынудың адам өміріне тигізетін зияны туралы бейнероликтер, бейнесюжеттер, қысқаметражды фильмдер жасайды.

3-топ адам бойында кездесетін зиянды құмарлықтарды: ойынқұмарлық (лудомания), интернет пен теледидарға, денсаулыққа зиянды тағамдар мен сусындарға тәуелділікті қалай жеңуге болатыны туралы ұнпарақтар мен плакаттар жасайды.



Жадында сақта!

Психобелсенді заттардан бас тартудың жолдары

1. Түсіндіріп жатпай-ақ, жай ғана «жоқ» деп айту.
2. Бас тартып және оның себебін түсіндіру.
3. Бас тартып, кетіп қалу.

4. Темекі шегуді ұсынса, назар аудармау.
5. Темекі шекпейтін адаммен бірігуге тырысу.
6. Темекі шегетіндердің тобына қосылмау.



Зертте!


Жақсы қасиеттерді жетілдіру, кемшіліктерді жою, саналы және мақсатты іс-әрекет жасау, өзін-өзі тәрбиелеу жолдарын кестеге жаз.

Жақсы қасиеттерді жетілдіру	
Өз бойындағы кемшіліктерді жою	
Саналы және мақсатты іс-әрекет жасау	
Өзін-өзі тәрбиелеу	



Біліміңді тексер!

Суретке қарап, дұрыс тамақтану ережесін жаз. «Саламатты өмір салты» тақырыбында бейнеролик дайында.



V БӨЛІМ.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ

Досым, сен осы бөлімді оқу арқылы:

- табиғаттың ажырамас бөлігі екенінді түсініп, табиғатты, қоршаған ортаны қастерлеуге, қорғауға ұмтылатын боласың;
- табиғаттың байлығына ұқыпты қарайтын, қоршаған ортаның жай-күйіне жауапты, экологиялық сауатты, әлеуметтік белсенді тұлға болудың қажеттілігін сезінесің;
- табиғи апаттардың экологияға тигізетін әсері туралы біліп, экологиялық тұрақтылықты сақтаудың маңыздылығын ұғынасың;
- табиғат аясына демалуға шыққанда атқарылатын міндеттерді біліп, ағаш отырғызу мен көгалдандыру шараларына үлес қосу керектігін түсінесің.



Меңгерілетін білім:

- Табиғи ресурстар туралы ұғымды кеңейтіп, түсінікті толықтыру;
- Адамның табиғаттың ажырамас бөлігі екенін түсіну, саналы іс-әрекет жасау арқылы табиғатты, қоршаған ортаны қас-терлеу мен қорғауға ұмтылу;
- Қоршаған ортаға жауапты, табиғаттың байлығына ұқыпты қарайтын, экологиялық сауатты да мәдениетті, әлеуметтік белсенді тұлға ретінде қалыптасу.

Кел, ойланайық!

- Табиғи ресурстар деген не? Олардың түрлері туралы не білесің?
- Табиғи ресурстарды сақтау жолдары туралы не білесің?
- Қазіргі кезде табиғи ресурстар тиімді пайдаланыла ма?
- Өзіңнің тұрғылықты жерінде қандай пайдалы қазбалар өндіріледі?

**Түйін сөздер**

Табиғи ресурстар
Экологиялық мәдениет

Табиғат ресурстары

Табиғат ресурстары – қоғам мен қоғамдық өндірістің түрлі қажеттілігін қанағаттандыру үшін, өндірістік күштерді дамытудың осы деңгейінде қолданылатын (немесе қолданылуы мүмкін) табиғат элементтері, табиғаттың маңызды компоненттері мен табиғат жағдайларының бір бөлігі.

Табиғат – адамзат қоғамының өмір сүру және іс-әрекетінің қайнар көзі. Өнім өндіру және өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру процесінде адамзат табиғат ресурстарының әр түрін пайдаланады. Жалпы, адамзатқа неғұрлым маңызды міндеттер – қоршаған ортаны жақсы жағдайда сақтау, қоғамның бірте-бірте көбейіп келе жатқан қажеттіліктерін әртүрлі табиғи ресурстармен қамтамасыз ету.

Табиғатты қорғау – адам әрекеті мен қоршаған ортаның өзара әрекетін қолдауға бағытталған, табиғи ресурстардың сақталуы мен қалпына келтірілуін қамтамасыз ететін, қоғам қызметі нәтижесінің табиғат пен адам денсаулығына тікелей және жанама әсерін ескертетін шаралар жүйесі.

Табиғат ресурстары – адамзат қоғамының өмір сүруі мен тіршілігі үшін қажетті табиғи денелер мен табиғат құбылыстары.

Табиғат ресурстарының экологиялық жіктелуі олардың қорларының сарқылу және қалпына келу белгілеріне негізделген. Бұл белгілері бойынша ресурстар былай бөлінеді:



Табиғи ресурстарды пайдалану процесінде олардың көпшілігі ресурстық цикл деп аталатын күрделі айналымға түседі. Ресурстық цикл дегеніміз – белгілі бір заттардың немесе заттар топтарының өзгеруі мен оларды адамның пайдалануы.

*«Табиғатты пайдалану экономикасынан
практикум» оқу құралынан*



Талда

- Табиғат ресурстары туралы не түсіндің, «жалпы ресурстар» деген не?
- Табиғат ресурстарын қандай белгілері бойынша топтастыруға болады?
- Табиғат ресурстары есебінен халықтың қандай қажеттілігі қанағаттандырылады?
- «Адам – табиғаттың ажырамас бөлігі» және «табиғат пен адам – қатар ұғым» деген тұжырымдамаларды дәлелде.
- QR-кодтан «Климаттың өзгеруі» мәтінін тыңдап, табиғат ресурстарын оңды-салды пайдалану қандай климаттық өзгерістерге әкелетінін, оның адам денсаулығына әсерін өңгімеле.





Табиғат ресурстарын бірнеше белгілері бойынша жіктейді. Олар атмосфералық, су, өсімдіктер, жануарлар, топырақ, қазба байлықтар, энергетикалық және т.б. болып бөлінеді. Ең жиі қолданылатын жіктелу ресурстардың сарқылу жылдамдығы немесе қалпына келуіне байланысты. Ресурстардың сарқылуы бойынша жіктелуі адамды қолданылуы анағұрлым приоритетті ресурстарды пайдалануға бағыттайды.

Сарқылмайтын ресурстарға, негізінен, ғарыштық ресурстар, соның ішінде Күн сәулеленуінің энергиясы және одан туындайтындар – жылжымалы ауаның энергиясы, су толқыны, Ай мен Күннің тарту күшіне байланысты теңіз суының толысуы мен қайтуының энергиясы, ғарыштық шаң, климаттық ресурстар, яғни атмосфералық ауа, жауын-шашын, жел, сонымен қатар жер қойнауындағы жылу жатады.

Сарқылатын ресурстар қалпына келетін және қалпына келмейтін болып бөлінеді. Қалпына келмейтіндерге жер астындағы пайдалы қазбалар – металл (қара, түсті, асыл және сирек кездесетін) рудасы, бейметалды қосылыстар (өнеркәсіптің металлургиялық, химиялық т.б. шикізаттары) жерасты сулары, құрылыс материалдары (мрамор, құм, гранит және т.б.), энергиясақтағыш көздері (мұнай, газ, көмір, жанғыш-сланец, жертезек) жатады. Бұл ресурстардың қайтадан орнына келу қабілеті жоқ, себебі олар бірнеше миллиондаған жылдар бойында түзілген. Мысалы, тас көмір – мезозой дәуірінде болған өсімдіктер фотосинтезінің өнімі. Кен байлықтарының түзілуі – ұзақ уақытқа созылатын процесс, сондықтан олардың орны тез арада тола қоймайды.

Сарқылатын және қалпына келетін жағынан қарайтын болсақ, жер және орман ресурстарына ерекше тоқталуға болады. Топырақ – барлық материалдық игіліктің негізі, әр адамның жақсы тұрмыс халі осы байлық көзіне байланысты. Топырақтың негізгі қасиеті – оның құнарлылығы, өсімдіктердің өнімі осы қабілетіне байланысты болады. Топырақтың түзілуі ұзақ, үздіксіз жүреді. Мәселен, қара шіріктің негізі мөлшерін жинақтайтын беткі қабатының түзілуіне 100 жылдай, астыңғы 20 см қабаттың түзілуіне кемінде 5–7 мың жылға дейін уақыт қажет. Ал осы қабатты жоюға көп уақыттың қажеті жоқ, бірнеше сағат ішінде (нәсер

жаңбырмен шайылуы немесе шаңды дауылмен ұшырылуы), ең әрі кеткенде бірнеше жылда (20–30 жылда эрозия нәтижесінде) құнарлылығынан айыруға болады. Топырақты өңдеуге дұрыс технология қолданылмаса, ормандар алқабы қысқартылса, бұл су және жел эрозиясының күшеюіне әкеледі. Сонымен, топырақ қалпына келетін ресурс болғанымен, оны тек күтіп ұстау арқылы ғана қалпына келтіруге немесе сақтап қалуға болады.

Салыстырмалы түрде қалпына келетін ресурсқа табиғи ресурстардың маңызды түрлерінің бірі орман ресурстарын да, әсіресе ағашты жатқызуға болады.

Ресурстардың ішінен судың орны ерекше. Ластанудың нәтижесінде су уақытша (сапалық жағынан) сарқылады. Суды ластамау және сарқып алмау адам өмірі үшін өте маңызды.

Халықтың тұрмысы жақсарып, қажеттілігі артқан сайын өндірісте немесе күнделікті өмірде адамзат тұтынатын материалдардың саны жаһандық деңгейде өсіп, сонымен бірге оларды өндірудің де қарқыны артып отыр. Табиғат ресурстарының мөлшері шектеулі болғандықтан, олар жылдан жылға сарқылуда. Бұл өзекті мәселеге айналып келеді. Табиғат адамзатты асырайды, оның тіршілік етуіне, дамуына мүмкіндік береді. Ал жер ресурстарына деген үздіксіз қажеттілігіміз олардың жойылу қарқынын тездетеді және әлемдік экожүйелерді бұзады.

Табиғи ресурстар қазіргі және болашақ ұрпақтың игілігі үшін сақталуы керек, мүмкіндігінше қалпына келтірілуі, жақсартылуы қажет. Ал жердің қалпына келмейтін ресурстарын болашақта олардың сарқылу қаупін есепке ала отырып пайдалану керек.

Адамдар ресурстарды үнемдеу үшін не істей алады? Жарықты сөндіру, суы тоқтаусыз ағып жатқан қрандарды жөндеу және қағазды, алюминий ыдыстарды, шыны мен пластикті қайта өңдеу – бұлар тек бірнеше мысалдар ғана. Велосипедпен жүру, жаяу серуендеу, қоғамдық көлікті пайдалану сияқты әрекетіміз отынды үнемдеуге әрі қоршаған ортаға шығарылатын ластаушы заттардың мөлшерін азайтуға көмектеседі. Азық-түлік дүкендеріне бірнеше рет пайдалануға болатын сөмкелермен келу керек. Көпреттік бөтелкелер мен кофе стақандарын пайдаланған жөн болар еді. Егер әрқайсымыз қоршаған ортаны сақтауға өз үлесімізді қосатын болсақ, жалпы, нәтиже берері сөзсіз.

Экологиялық мәдениет – адамның табиғатқа әсерінің әлеуметтік реттеушілерінің жиынтығы. Экологиялық мәдениеттің маңызды құрамдас бөлімдері өзара тығыз байланысты, сондықтан адамның ауаға, табиғи суларға, жердің топырақ жамылғысына, өсімдіктер мен жануарларға қатысты шаруашылық және тұрмыстық әрекеті санитарлық-экологиялық талапқа сай болуы тиіс.



Оқы, қызық!

Дүниежүзі елдері арасында табиғи ресурстардың мөлшері бірдей емес. Ресей, АҚШ, Канада, Қытай, Аустралия, Қазақстан сияқты бірқатар ірі елдерде ғана олардың бай қоры бар.

Қазақстан вольфрам, уран, фосфор, хром, молибден мен қорғасын қоры бойынша дүниежүзіндегі көшбасшы елдердің алғашқы ондығына енеді.

Пайдалы қазбалардың ішінде темір кені үлкен маңызға ие. Темір кені қара металлургия өнеркәсібін дамыту үшін дүниежүзінің 50 елінде өндіріледі. Ірі өндірушілер – Қытай, Жапония, АҚШ, Ресей, Германия. Негізгі экспорттаушы елдер – ЕО елдері, Жапония және ТМД елдері.

Қазақстанның түсті металлургиясының ірі орталықтары Шығыс Қазақстан, Алматы, Түркістан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар облыстарында орналасқан.



Даналардан шыққан сөз

Б.Момышұлының өсиетін оқып, ой түйінде.

...Ертедегі ата-бабаларымыз табиғатты өзінің асыраушысы, өмірінің мәні мен сәні ретінде қасиеттеп, кие тұтқан. Олар Табиғат-ананың тылсым тынысын тыңдап, үнін естіп, қат-қабат құпия сырларын ұғуға құлшыныпты. Әлемдегі ең ұлы кітапты Жаратылыстың өзінен оқып, тағылым алып, тәжірибе жинапты... Сол түйсінген ұғым-түсініктері негізінде әлем тіршілігі жайлы, болмыс туралы дүниетанымы қалыптасқан. Салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, ырым-тыйымдары, үрдістері пайда болған.

Түп бабаларымыздың бізден артықшылығы – олардың табиғаттан бөлінбегендігінде. Адам мен Жаратылыс арасындағы көзге көрінетін-көрінбейтін тығыз байланысты бұзбаған.

Табиғатқа зорлық жасап, «бермесін тартып аламыз» деп, қатыгездік көрсетпеген. Табиғаттың тепе-теңдік заңдылықтарын сақтауды бізден артық білгеніне күмәнім жоқ деп айта аламын.

Бауыржан Момышұлы



Жасап көр!

I топ кестеде берілген тапсырманы жазбаша орындап, өз ойларымен бөліседі.

Табиғаттың адамға сыйы	Адамның табиғатқа жақсылығы	Табиғатқа жасалған қиянат

II топ Сайф Сараидің «Ағаштың жемісін жеймін десең, түбіне балта шаппа» деген нақыл сөзін басшылыққа ала отырып, бүгінгі тақырыппен байланыстырып, өз ойларын қысқаша жазады.

III топ «Табиғи ресурстарды қалай үнемдеп пайдалануға болады?» тақырыбында брифинг өткізу үшін материал жинақтайды.

Сұрақтар:

1. Елімізде қандай табиғи ресурстар бар?
2. Ресурстарды үнемдеу мен көбейту үшін Жердің қарапайым тұрғыны ретінде не істей аламыз?
3. Табиғи ресурстарды бейберекет пайдаланудың салдары қандай?



Зертте!

Қазіргі уақытта дүниежүзінде табиғат ресурстарын сақтау, үнемдеу үшін қандай жұмыстар жүргізіліп жатыр? Электр энергиясын өндіру үшін жұмсалатын табиғат ресурстарын (су, көмір, мұнай, газ) қалай үнемдеуге болады? Қазақстандағы балама энергия көздерін өндіру туралы (5, 6-суреттер) зерттеу жүргізіңдер.

Зерттеу жұмысын «Топтық тергеу» әдісі бойынша топтасып, жүргізіңдер.

1) «Баяндап берушілер» тобы табиғат ресурстары туралы баяндайды.

2) «Зерттеушілер» тобы тапсырмадағы негізгі ойды зерттейді.

3) «Сұрақ құрастырушылар» тобы мәселенің мәнін ашатын сұрақтар дайындайды.

4) «Жазушылар» тобы «Ата-баба дәстүрі» тақырыбына шағын эссе жазады.

5) «Дәнекершілер» тобы көтерілген мәселедегі негізгі ойды бүгінгі күнмен байланыстырады.



5-сурет. Күн панельдері



6-сурет. Жел турбиналары



Біліміңді тексер!

- Табиғи ресурстар мен олардың түрлері және оларды пайдалану туралы не түсіндің?
- «Жер бетіндегі барлық тіршілік атаулы Табиғат-анаға қарыздар» деген сөйлемді қалай түсінесің?
- Экологиялық мәдениетті қалай қалыптастыруға болады?

Меңгерілетін білім:

- Экологиялық тұрақтылықты сақтау жөнінде білімді жетілдіру;
- Экожүйені сақтаудың маңызды шарттары туралы түсініктерін кеңейту;
- Қазақстандағы «Жасыл ел» бағдарламасының маңызы туралы білу.

Кел, ойланайық!

- Экологиялық тұрақтылық дегенді қалай түсінесің?
- Экожүйені сақтаудың қандай маңызды шарттарын ұсынар едің?
- Еліміздегі «Жасыл ел» бағдарламасы туралы білесің бе?
- Экологиялық тұрақсыздықтың әсері туралы сенің пікірің қандай?
- Қазақстанның және өзің тұратын өңірдің экологиялық ахуалы туралы не айтар едің?

Экологиялық тұрақтылық деген не?

Экологиялық тұрақтылық жердің экожүйелеріне артық жүктемесіз адамның өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталады. Бұл – адамзат мәдениеті мен әлем арасындағы тепе-теңдік құру. Адам бұл тепе-теңдікті табиғи ресурстарды ретсіз жұмсамай, сарқылтпай өмір сүру арқылы сақтай алады.

Экологиялық тұрақтылық ғаламшардың жай-күйіне назар аударады, күн сайын пайдаланылатын ресурстарды үнемдеуге, тіпті кейбіреуін қалпына келтіруге шақырады. Кең мағынада экологиялық тұрақтылық бүкіл жаһандық экожүйені (мұхиттар, тұщы су жүйелері, жер және атмосфера) қамтиды. Дегенмен экологиялық тұрақтылық принциптері шағын үй бақшасының масштабына дейін кез келген көлемдегі экожүйелерге қолданылуы мүмкін.

Шынайы тұрақтылықты жүзеге асыру қоршаған орта, қоғам және экономика арасындағы байланыстарды түсінуді талап етеді. Адамдар жергілікті, ұлттық және халықаралық деңгейде күнделікті өмірдің барлық аспектілеріне енетін тұрақтылыққа ұмтылуы керек.

*Қазақ ұлттық
энциклопедиясынан*

Экологиялық кодекс – түбегейлі жаңа құжат

2019 жылы жетекші сарапшылар мен бизнес-қоғамдастық ең үздік халықаралық тәжірибеге негізделген

**Түйін сөздер**

Экологиялық тұрақтылық
Экожүйе
«Жасыл ел»

ҚР жаңа Экологиялық кодексін әзірледі. Желтоқсан айында Үкіметтің кезекті отырысында ҚР Экологиялық кодексінің жаңа редакциядағы жобасы мақұлданды. Кодекс 7 негізгі қағидадан тұрады, олардың бастысы – «ластаушы өзі төлейді және түзетеді».

Кодекс жобасында ірі ластаушы кәсіпорындардың қоршаған ортаға зиянды шығарындыларының көлеміне мониторинг жасаудың автоматтандырылған жүйесін құру қарастырылған.

Экологиялық тәртіп бұзу мен шағымдар дерегі анықталғанда, алдын ала ескертпей, кәсіпорынды кез келген уақытта тексеріп бара алады. Сонымен бірге экологиялық құқық бұзушылық үшін салынатын әкімшілік айыппұлдар 10 есеге арттырылды.

Кодекстің жаңа редакциясында қалдықтармен жұмыс кезеңдері көрсетілді: 1) пайда болудың алдын алу/азайту; 2) қайта пайдалану, өңдеу, көдеге жарату; 3) жерге көму. Қалдықтарды жіктеу (қауіпті емес және қауіпті) еуропалық қалдықтар каталогіне сәйкес жасалады.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
ресми ақпараттық ресурсы сайтынан*



Талда

- Экологиялық тұрақтылықты сақтау жолдары туралы не түсіндің?
- Сенің ойыңша, жаңа Экологиялық кодекс елдегі экологиялық мәселелерді шеше ала ма?
- Өзің тұратын өңірдің экологиялық тұрақтылығы туралы өңгімеле.



Оқы, қызық!

- Төрт миллион литрден астам таза ауыз суды улауға төрт литр көлік майы жеткілікті.
- Бір көлік әр 30–35 шақырым сайын қоршаған ортаға, шамамен, 500–600 кг газ тәрізді қалдық шығарады.
- Жыл сайын мұхиттарға 260 миллион тонна пластмасса бұйымдары тасталады. Бұл қоқыстар мұхиттарға өзендер, бұлақтар және теңіз толқындары арқылы құрлықтан шығарылады.
- Өткен ғасырда әлемге әйгілі Nike бренді халықтан ескірген аяқ киімдерін қабылдап алып, қайта өңдеп, жүгіретін жолдар мен спорт алаңдарына төсеген.



Экологиялық тұрақтылық – экожүйенің қоршаған ортаның сыртқы және ішкі факторларының әсеріне төтеп беріп, өзінің құрылымы мен функциясын сақтап қалу қабілеті.

Экологиялық жүйе, экожүйе – тірі ағзалар жиынтығының қоректену, өсу және ұрпақ беру мақсатында, белгілі бір тіршілік ету кеңістігін бірлесе пайдалануының тарихи қалыптасқан жүйесі. Экожүйе – құрамына ағзалар да, табиғи орта да кіретін тірі табиғаттың негізгі функционалдық бірлігі.

«Жасыл ел» – экологиялық жобалар мен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру арқылы жастарды маусымдық жұмыспен қамтуға, қалалар мен елді мекендерді көгалдандыруға, абаттандыруға, жастарды патриоттық тұрғыда тәрбиелеуге бағытталған жалпұлттық қозғалыс. «Жасыл ел» жобасы 2005 жылдан бері жүзеге асырылып келеді (7-сурет).



7-сурет. «Жасыл ел» бағдарламасының эмблемасы



Қоршаған орта өзінің экологиялық тұрақтылығын мыңдаған жыл бойы сақтап келді. Академик В.И.Вернадский өзінің 1944 жылы жазған еңбегінде: «Болашақ планетаның тыныс тіршілігі адам баласының ақыл-ойы мен парасатына байланысты дамиды және тәуелді болады», – деген болатын. Экологиялық тұрақтылықты бұзған кейбір адамзат әрекетінің нәтижесімен тыныс болындар.

Семей полигонындағы ядролық сынақтардың әсерінен адамдар түрлі ауруға ұшырады. Бұл сырқаттардың тұқым қуалайтыны ғылыми түрде дәлелденді, оның қасіреті 300 жылға дейін созылуы мүмкін. Халық өте ауыр және созылмалы сәулеленуге ұшырап, сынақ зардаптары Хиросима мен Нагасакидегі атомдық бомбалаудан 2,5 есе асып түсті. Семей маңындағы радиациялық әсер аймағында тұратын 500 мыңдай адам осы сынақтан азап шекті.

Байқоңыр ғарыш айлағынан «Протон», «Циклон», «Днепр», «Циклон-М» зымыран-тасығыштары ұшырылып жатыр. Осы зымырандардың сұйық реактивті қозғалтқыштарында

диметилгидразин (НДМГ) немесе гептил қолданылды. Гептил өте қауіпті: оның бір литр судағы бір микрограмы адамды өлтіріп жібереді. Зымыран отынының улы қалдығы сумен топыраққа терең сіңіп, жерасты суларына жетеді. Ал мұндай топырақта өскен өсімдіктер де улы заттар бөледі. Бұл – қоршаған ортаға зиянын тигізеді.



Жасап көр!

I топ 100 жылда да шірімей, табиғатты бүлдіріп жататын қалдық заттарды (темір қалбырлар, резіңке, пластик, полиэтилен, шыны) қоқысқа тастамай, тиісті орынға өткізуді насихаттап, экологиялық акция өткізеді.

II топ табиғатты бүлдіретін улы заттарды (мысалы, бір батарея 20 кв/м жер мен 400 литр суды улайды) қоқысқа тастамай, тиісті орынға өткізуді насихаттап, экологиялық акция өткізеді.

III топ макулатура мен қайта өңдеуге болатын шикізатты бөлек жинауды насихаттап, экологиялық акция өткізеді.



Ойна да ойла!

Сөзтізбекті дұрыс шешкенде, табиғат туралы нақыл сөзді оқуға болады. Мағынасын түсіндір.

1	2	1	3		3	4	5		6	1	7	8	9	1	10	10	11	12
---	---	---	---	--	---	---	---	--	---	---	---	---	---	---	----	----	----	----

10	13	14	2	4	15	16	4	5	13	-	17	3	13	18	2	13	12
----	----	----	---	---	----	----	---	---	----	---	----	---	----	----	---	----	----

19	5	2	4	15	16	4	5	13	.
----	---	---	---	----	----	---	---	----	---

1 2 1 3 – «кісі» сөзінің синонимі

3 4 5 – жалғаулық шылау

6 1 7 8 9 1 10 10 11 12 – қоршаған орта (ілік септігінде)

10 13 14 2 4 15 16 4 5 13 – «сөйлескені» сөзіне мағыналас сөз

17 3 13 18 2 13 12 – «ғұмыр» сөзіне мәндес сөз (ілік септігінде)

19 5 2 4 15 16 4 5 13 – «үйлескені» сөзіне жуық мағыналы сөз



Даналардан шыққан сөз

Ыбырай Жақаевтың сөзін оқып, ой түйінде.

Біз табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Әрбір ағашты, әрбір бұлақты, жалғыз дәнді де ыждағаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі.

Жердің төсін еміп, жемісін теріп жеген адамзат нендей ғажаптарды осы жер бетінде жасайды.

Жер! Қасиетті де қастерлі жер! Сенің бойыңда өзекті жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар.

Жер! Қандай қасиетті сөз! Осы бір сөзде бүкіл тіршілік тынысы тұрғандай. Бұл сөздің терең мағынасын адам тілімен айтып жеткізе алар ма, сірә!?

Ыбырай Жақаев



Зертте!

Ф.Оңғарсынованың «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» деген қанатты сөзін басшылыққа алып, табиғат, қоршаған орта, экология туралы даналардың айтқан қанатты сөздерінен жинақ кітапша құрастыр. Фотосуреттер қосуға да болады.

«FILA» тәсілімен зерттеу саған жұмысыңды тиімді жасауға көмектеседі.

F / Дерек/ – тақырыпты ашатын деректерді ізде;

I / Пікір/ – деректер туралы ой-пікіріңді жаз;

L / Сұрақ/ – мәселенің мәнін ашатын сұрақтар құрастыр;

A / Іс-әрекет/ – тақырыпты қорытындылау үшін жасалған іс-әрекетің.

Жасаған кітапшаңды сынып алдында қорға.



Біліміңді тексер!

- Экологиялық тұрақтылық туралы қандай түсінік алдың?
- Экологиялық жүйе деген не? Ол неден бұзылады?
- Сен өзіңді табиғаттың бір бөлшегі деп есептейсің бе?
- Экологиялық мәселелердің түйінін шешу үшін не істеуге болады? Өзің тұратын жерде қандай экологиялық акция өткізген тиімді?

Меңгерілетін білім:

- Табиғатта кездесетін апаттың түрлері туралы білімді арттыру;
- Апаттың алдын алу мәселелері туралы білімді жетілдіру;
- Апат пен табиғи апаттың зияны туралы мағлұмат беру;
- Экологиялық мәселелерге қызығушылық қалыптастыру.

Кел, ойланайық!

- Табиғатта кездесетін апаттардың түрлері туралы не білесің?
- Түрлі апаттардың алдын алу мәселелерін қалай ұйымдастыруға болады?
- Апаттар мен табиғи апаттың қоршаған орта мен ел экономикасына тигізер әсері туралы не айтуға болады?
- Зілзала, су тасқыны, көшкін т.б. апаттар кезінде қалай қорғануға болады?

**Түйін сөздер**

Төтенше жағдайлар
Табиғи төтенше жағдай
Техногенді төтенше жағдай
Экологиялық апат

Табиғи апаттардың экологияға әсері

Табиғи апаттардың қоршаған ортаға тигізетін кері әсері көп. Өйткені бұл апаттар кенеттен пайда болады да, жергілікті экожүйелер зардап шегеді.



8-сурет. Жер сілкінісі

Жер сілкінісі (8-сурет) кезінде адамдардың үйінді астында қалу қаупі туады. Үйлер, көпірлер, каналдар, тоғандар, басқа да инженерлік ғимараттар, су құбырлары, канализация, электр жүйесі қирайды, байланыс желісі бұзылады. Жер сілкінісінің соңы қар және тас көшкініне, селге әкелуі мүмкін. Сондай-ақ жер сілкінісімен бірге өрт қаупі пайда болады. Геологиялық ортаның экологиясы бұзылып, шаруашылыққа залал әкеледі.

Теңіз түбінде де жер сілкінісі болып тұрады. Құрлыққа жақын елді мекендерге биіктігі он қабат үйдей толқындар өте қауіпті.

Көшкін қыс кезінде таулы аймақта болады (9-сурет). Қалың қар массасы бір-бірімен қосылып, жылжып, қар-топырақ аралас ірі көшкінге айналады. Жолында тұрған кез келген нысанды өзімен бірге ала кетеді. Әсіресе тау етегіндегі елді мекендер мен туристер үшін қауіпті. Көшкін қылқанжапырақты ағаштарды, көпжылдық өсімдіктерді түп-тамырымен жойып, орман шаруашылығына орасан зор шығын әкеледі.

Жанартау (10-сурет) кезінде өрт, топырақ көшкіндері, су тасқыны болуы мүмкін. Дегенмен жанартаудың пайдасы да аз емес. Суасты жанартауы теңізге минералды заттар шығарады, олар суда өмір сүретін жануарларға, өсімдіктерге қажет. Ал вулкандық күлдің құрамындағы минералдар өсімдіктерге қажет және топырақпен араласып, оны құнарлы етеді. Сонымен бірге азот, аргон, гелий, газы бөлініп, жер атмосферасын қалыптастырады.

Сел тасқыны биік таулы жерде көктемде, жазда болады (11-сурет). Өзімен бірге балшық пен тасты ағызып, жолындағының бәрін бұзып өтеді. Табиғи ландшафтқа, орман-тоғайға, елді мекендерге үлкен шығын келтіреді, кейбір көлдерді, экожүйені жойып жібереді. Мысалы, 1963 жылы Есік көлінде осындай тасқын болды.



9-сурет. Көшкін



10-сурет. Жанартау



11-сурет. Сел

Цунами – теңіздер мен мұхиттарда судың тартылыс күшінен пайда болатын толқындар (12-сурет). Бұл құбылыс көбіне су астындағы жер сілкінісі, жанартаулардың атқылауы кезінде болады, ал техногенді жағдайда су астында ядролық қаруды сынаған кезде болады. Цунами кезінде кемелер, мұнай таситын танкерлер апатқа ұшырап, мұнай өнімдерінің төгілуі мүмкін, осыдан теңіздегі тіршілікке зиян келуі мүмкін.



12-сурет. Цунами

Дауыл (13-сурет) ауа қысымының әсерінен пайда болып, жер бетінде күшті жел тудырады. Дауылдар, борандар қарлы, шаңды, жауын-шашынды болып ауылшаруашылығына (бау-бақшаға, егістікке), ғимараттарға көп шығын келтіреді. Жер беті жалаңаштанып, топырақ эрозиясын туғызады. Дауылдар мен борандар Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік-шығыс, орталық аймақтарында жиі болып тұрады.



13-сурет. Дауыл

Құйындар – ауа ағысының үйіріліп, соғуы (14-сурет). Құйын соққан кезде жолындағы заттарды ұшырып, қиратып, бір жерден екінші жерге апарып тастайды. Тарихта аспаннан балық, бақа жауған деректер бар. Ол – құйынның әрекеті.



14-сурет. Құйын

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан



Талда

- Табиғи төтенше жағдайлардың болу себептері туралы не түсіндің?
- Қауіпті апаттар кезінде қолданылатын қандай сақтық шараларын білесің?
- Өзіңнің тұрғылықты жеріңде қауіпті апаттар болды ма? Ондай кезде сенің іс-әрекетің қандай болды?



Бұл маңызды

Төтенше жағдай – мемлекетке төнген түрлі қауіпке байланысты мемлекет басшысы немесе парламент жариялайтын уақытша режим. Ол табиғат апаты, соғыс қауіпі, техногендік апат, халық ішіндегі толқу т.б. жағдайларда жарияланады. Мұндай уақытта азаматтардың құқықтары мен бостандықтары саналы түрде шектеледі, бейбіт кездегі заңдар күшін тоқтатып, төтенше заңдар шығарылады.

Экологиялық апат – табиғат пен қоғам арасындағы тепе-теңдіктің күйреуі. Экологиялық апат кезінде төтенше жағдайлар туып, табиғи экожүйелер мен әлеуметтік жағдайлар күрт өзгереді, жалпы тіршілікке, соның ішінде адамның қалыпты өмір сүруіне қауіпті жағдай төнеді.



Жадында сақта!

Халықты төтенше жағдайдан сақтау үшін, **Төтенше жағдайлар министрлігі және Азаматтық қорғаныс штабы** сияқты қызметтер ұйымдастырылған. Қандай да бір қауіп төнген жағдайда арнайы қызмет орындарына хабар беріп, көмекке шақыру керек.

Төніп тұрған қауіптің жоғарылығы туралы Төтенше жағдайлар министрлігі SMS арқылы ескертеді. Егер де осындай ескерту алсаң, қауіпті орындарға барудан бас тартқан жөн.

Төтенше жағдайлар кезінде не істеу керек? Сабыр сақта, құтқарушылармен хабарласуға мүмкіндік бар-жоғын тексер. Қандай жерде тұрғаныңды анықтауға тырыс және ішетін су табудың қамын ойла. Егер шөл қысса, кішкентай тас не соған ұқсас затты ауызға салып, сора бастасаң, ағзадан табиғи сөл бөлініп, біраз уақытқа шөл басылады.

Төтенше жағдайлар департаментінің бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметінің телефон нөмірі – 112.



Бір кездері көлемі бойынша әлемдегі төртінші көл болған Арал теңізі Қазақстан мен Өзбекстан шекарасында орналасқан. Арал теңізі Қазақстанның інжу-маржаны, шөл белдеміндегі бірден-бір көгілдір су айдыны еді. XX ғасырдың ортасына дейін 68 мың шаршы км аумақты алып жатты. Жылына 60 мың тоннаға дейін балық ауланды. Аралға екі өзен – Өмудария мен Сырдария құяды.

XX ғасырдың ортасына қарай Сырдария мен Өмудария өзендерінің суы мақта және күріш алқаптарын суаруға жіберілді. Соның нәтижесінде Арал сарқыла бастады.

60-жылдарға дейін Арал теңізі жыл сайын 52 км куб сумен толығып отырған. Ал 2000 жылы бұл 1 кубқа да жетпеді. Өкінішке қарай, 40 жыл ішінде теңіздің төрттен үш бөлігі кеуіп қалды. Уақыт өте келе теңіз Аралқұм шөліне (15-сурет) айналды, одан көтерілетін шаңды дауыл адамдардың денсаулығына қауіпті пестицидтер таратады.

Арал апаты – Арал теңізінің тартылуына байланысты Орта Азия мен Қазақстанның халқына, табиғатына, өсімдіктер мен жан-жануарлар дүниесіне төнген экологиялық, әлеуметтік-экономикалық үлкен апат.



15-сурет. Арал теңізінің бәрінен ахуалы



Даналардан шыққан сөз

Даналардың өсиеттерін оқып, ой түйінде.

Табиғаттың өзінде өзгеше бір сүйсінерлік, жанға жайлы бір нәрсесі бар.

Шоқан Уәлиханов

Халық ішінде сұмырай келген жақтан бір апат, не жұт, не ашаршылық болады деген наным бар.

Жүсіпбек Аймауытов

Табиғатты танудың ең сенімді құралы – бақылау мен тәжірибе.

Галилео Галилей



Зертте!

Әлемде болып жатқан табиғи апаттар мен олардың зардаптары туралы дерекөздерінен ізденіс жұмыстарын жасау арқылы бейнеузік құрастыр, оны сыныптастарыңмен бөлісіп, пікірлес.



Жасап көр!

I топ «Болжау» әдісі арқылы «Болашақтағы жер» атты кластер құрастырады.

II топ «Еркін жазу» тәсілін қолдана отырып, «Табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы адам өмірінің қауіпсіздік ережелері» жадынамасын құрастырады.

III топ қағаз қалдықтарын жинау жөнінде «Мен – қайта өңдеуші өнерпазбын» тақырыбында жоба жұмысын жасап, қорғайды.



Біліміңді тексер!

- Табиғи апаттың түрлері туралы не түсіндің?
- Табиғи апаттар кезінде қандай сақтық шараларын есте сақтаған жөн?
- Апаттар мен табиғи апаттың қоршаған орта мен ел экономикасына тигізер әсері туралы не білдің?

Меңгерілетін білім:

- Қоршаған ортаның тазалығын сақтау туралы ұғымды толықтыру;
- Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау;
- Табиғатқа қамқорлық пен еңбек дағдыларымызды қалыптастыру.

Кел, ойланайық!

- Экологиялық тұрақтылықтың бұзылуы адам денсаулығына әсер ете ме?
- Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау, экологиялық тұрақтылықты сақтау дегенді қалай түсінесің?
- Ағаш отырғызу мен көгалдандыру жұмысына қандай үлес қостың?
- «Таза аула», «таза көше», «таза мектеп», «таза сынып» іс-шаралары не үшін қажет?

**Түйін сөздер**

Экологиялық құқық
Экологиялық саясат
Озоносфера

Экологиялық құқық – экологиялық-заңдылық нормаларының (тәртіп ережелері) жиынтығы. Ол қоршаған ортаны қорғау, экологиялық зияндардың зардаптарын алдын ала ескерту, қоршаған табиғи ортаны сауықтыру жолында адам мен табиғаттың өзара қоғамдық (экологиялық) қатынасын реттейді.

Экологиялық құқықтың мәні – қазіргі және болашақтағы ұрпақтың мүддесі үшін қоршаған ортаны сақтап қалу мақсатында табиғи объектілерді күтіп ұстау, жақсарту, қалпына келтіру, тиімді пайдалану. Бұл міндетті түрде мемлекеттің қатысуымен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы экология құқықтарының қайнар көздеріне айналадағы табиғи ортаны қорғау, оны пайдалану, сапасын арттыру және табиғи ресурстар жөніндегі қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік актілер жатады. Атап айтсақ: Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995), Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (1999), Қазақстан Республикасының Жер кодексі (2003), Қазақстан Республикасының Су кодексі (2003), Қазақстан Республикасының Орман кодексі (2003), Қазақстан Республикасының «Жануарлар дүниесін қорғау, ұдайы өсіру және пайдалану туралы» Заңы (1993), «Әуе кеңістігін пайдалану және Қазақстан Республикасы авиациясының қызметі туралы» Заң (1995), «Қоршаған ортаны қорғау

туралы» Заң (1997), Қазақстан Республикасы Президентінің «Мұнай туралы» Жарлығы (1997), Қазақстан Республикасының «Ұлттық қауіпсіздік туралы» Заңы (1998), «Өсімдіктер карантині туралы» Заңы (1999), министрліктердің қаулылары мен өкімдері, нормативтік актілері.

Бүгінгі таңда қоршаған орта әлемдегі басты проблемалардың бірі болып қала береді. Экология туралы айтатын болсақ, біз судың, жердің, ауаның ластануына, сондай-ақ озон қабатының бұзылуына сілтеме жасаймыз, бұл – аз ғана бөлігі. Осы мәселелермен күресу үшін адамдар Біріккен Ұлттар Ұйымы, ЮНЕСКО, ДДҰ және басқалар сияқты ұйымдар құрды. Олар табиғатты сақтау, экожүйелерді жақсарту және басқа мәселелермен айналысады.

Қазақстан Республикасының Озон қабатын қорғау жөніндегі Вена конвенциясына қосылуы туралы Қазақстан Республикасының Заңы (1997 жылғы 30 қазан №177-І) қабылданды.

«Forbes» журналы ең экологиялық таза елдерді жариялады. Бұл тізімге Швейцария, Швеция, Норвегия, Жаңа Зеландия және т.б. елдер кіреді. Йель университетінің экологиялық саясат және құқық орталығы құрастырған әлемнің экологиялық таза елдер рейтингісі бойынша, Қазақстан 180 елдің ішінде 83-орынды иемденеді.

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясынан



Талда

- Мәтінде аталған заңдар не үшін қабылданды деп ойлайсың?
- Экология министрлігінен, зауыттар мен фабрика иелерінен, кәсіпкерлерден «Біз таза экологияға құқылымыз!» деп талап ете аламыз ба?
- Сусыз адамзат баласының тіршілік ете алмайтынын білеміз. Ендеше, суды таза ұстау, үнемдеп жұмсау, сарқып алмай, келешек ұрпаққа жеткізу жолында қандай іс-шаралардың қолға алынғаны дұрыс деп ойлайсың?



Жадында сақта!

Қазақстан Республикасы Конституциясының 31-бабында былай делінген: «Мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы ортаны қорғауды мақсат етеді. Адамдардың өмірі мен

денсаулығына қатер төндіретін деректер мен жағдаяттарды лауазымды адамдардың жасыруы заңға сәйкес жауапкершілікке тартылады».



Бұл маңызды

Озоносфера, озон қабаты (грек. *ozon* – «аңқығыш» және *sphaira* – «шар»), озонның жоғары концентрациясымен ерекшеленетін стратосфералық қабат. Озон жыртығы, озон тесігі – озоносфера қабатының жарылуы (диаметрі 1000 км-ден астам). Антарктида мен Арктикада ерекше байқалады. Бұл құбылыс ХХ ғасырдың 80-жылдарында байқалғанымен, оның пайда болу себебі әлі күнге дейін талас тудыруда. Озон жыртығы табиғи, сондай-ақ антропогендік жағдайларға байланысты, әсіресе өнеркәсіпте және күнделікті тұрмыста озон қабатын бұзатын, құрамында хлоры бар хладондарды (фреондарды) пайдалануға байланысты пайда болады деп есептелінеді. Соңғы 20 жылда озон жыртығы аясы ұлғая түсті (жылына 4%). Озон жыртығы арқылы күннің ультракүлгін сәулелерінің атмосфераға еш бөгетсіз өтіп кетуі қоршаған ортаны ластап, ондағы тірі организмге қауіп-қатер туғызады. Түрлі вирустардың және қатерлі ісік ауруларының көбеюіне әкеледі. Сондай-ақ Күннің ультракүлгін радиациясының жоғарылауынан өсімдіктерде жүретін фотосинтез процесі мен протейиннің түзілуі тежеледі. 1985 жылы озон қабатын қорғау туралы Вена конвенциясы, 1987 жылы Монреаль хаттамасы қабылданған. Озон жыртығын алғаш рет 1985 жылы ағылшын зерттеушісі Дж. Фарман байқаған.

*Қазақ тілі терминдерінің
салалық ғылыми түсіндірме сөздігінен*



Оқы, қызық!

- ЮНЕСКО деректері бойынша, ең таза су Финляндияда екен. Зерттеу жұмысына 122 елдің табиғи суы алынып, тексерілді.
- Әлем бойынша таза суға қолы жетпей отырған 1 миллиард халық бар.
- Жер бетіндегі судың 3%-ы ғана – тұщы су. Қалғаны жерасты сулары мен теңіздер, көлдер, мұхиттар, өзендер.

- Америкалық «Forbes» журналының зерттеулері бойынша, ең таза мемлекеттер рейтингін 95,5% көрсеткішпен Швейцария бастап тұр.



Жасап көр!

Жағдаяттармен танысып, «Рөлдік ойындар» тәсілімен сахна-ландар және өз ойларыңды қорытып, қысқаша әңгімелендер.

I топ екі тәсілдің бірін таңдап, сахналайды.

Балалар орманда демалып жүреді. Бір топ бала гүл шоқтарын бей-берекет жұлып, бөтелкелерді сындырып, қоқыс тастап барады. Сендердің іс-әрекеттерің қандай болады?

- 1) балаларды тоқтатып, қоқысты жинатасыңдар;
- 2) қоқысты өздерің жинайсыңдар.

II топ екі тәсілдің бірін таңдап, сахналайды.

Өзен жағасындағы сүйікті демалыс орныңа отбасыңмен келдің. Ол жерде көп қоқыс шашылып жатыр. Осы сәттегі іс-әрекеттерің қандай?

- 1) қоқысқа назар аудармай демала бересіңдер;
- 2) қоқысты жинап, арнайы орынға апарып тастайсыңдар.

III топ ойша топырақ, өсімдіктер, жәндіктер, құстар, жан-жануарлардың рөліне еніп, сахналайды.

Кейбір табиғатқа жаны ашымайтын адамдар демалып кеткеннен соң, шашылған целлофан қалталар, шыны, пластик шөлмектер, консерві қораптары, қалдық тамақтар мен т.б. қоршаған ортаға қандай зиян келтіреді?



Сөйкестендір!

Мақалдарды сөйкестендір.

Адамның табиғатсыз күні жоқ,

Ағаш тамырымен мықты,

Қыс қырға қонба,

Таулы жер бұлақсыз болмас,

Бұлақ көрсең,

Жер – қазына,

Жаз сайға қонба,

Табиғаттың оны айтар тілі жоқ.

Сулы жер құрақсыз болмас.

Су – гауһар.

Адам дос-жаранымен мықты.

көзін аш.



М.Жұмабаевтың өсиеттерін оқып, ой түйінде.

Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады. Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біресе желсіз түндей тымық, біресе құйындай екпінді тарихы, сар далада үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі – бәрі көрініп тұр. Қазақтың сар даласы кең, тілі де бай.

Мағжан Жұмабаев



- I. Табиғаттың атынан төмендегі мекемелердің біріне үндеу жаз. Үндеуде табиғатты қорғау, қоршаған ортада тазалық сақтау, ағаш отырғызу т.с.с. құнды пікірлер болсын.
1. Кәсіпкерлерге, зауыттар мен фабрикалардың иелеріне;
 2. Экология министрлігіне.
- Үндеуді жазу үшін «Төрт сөйлем» тәсілімен алгоритмдік қадамдарға сүйен.
- Пікір. Табиғатты қорғаудың және экологиялық тұрақтылықтың мәні туралы өз пікіріңді жаз.
 - Дәлел. Өз ойыңды аргументтермен дәлелде.
 - Мысал. Пікіріңді өмірмен байланыстырып, мысалдар келтір.
 - Қорытынды. Өзіндік қорытынды шығар.
- II. Үндеу жазу барысындағы ізденістеріңе сүйеніп, «Табиғат дәлсіздіктерге шыдамайды және қателіктерді кешірмейді» тақырыбында бейнеролик түсір.



- Қоршаған ортаның тазалығын сақтау не үшін қажет?
- Экологиялық қауіпсіздікке байланысты қандай шешімдерді білесің?
- Туған өлкенің табиғатын сақтап қалу үшін не істеу керек?

VI БӨЛІМ.

ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ

- Досым, сен осы бөлімді оқу арқылы:
- зайырлы мемлекет пен діннің не екенін білесің;
 - діннің пайда болуы мен маңызын, әлеуметтік мақсаты мен жіктелуін ажыратасың;
 - діннің құрылымын, қызметін, шығу тегі мен тарихи формаларын талдайсың;
 - ежелгі сенім жүйесі, ұлттық және дәстүрлі діндерді пайымдайсың;
 - буддизм ілімі, христиан ілімі, ислам ілімі негіздерін саралай аласың;
 - Қазақстан жеріндегі діни ұйымдардың қызметін білесің;
 - теріс пиғылдағы діни ағымдар қаупін біліп, сақтануды үйренесің;
 - Қазақстанды дінаралық келісім мен татулық саясатын ұстанған зайырлы мемлекет ретінде танысың.



Меңгерілетін білім:

- Зайырлылық және зайырлы мемлекет ұғымын меңгеру;
- Дін туралы түсінік алу.

Кел, ойланайық!

- Зайырлылық деген не?
- Дін деген не?

**Түйін сөздер**

Мемлекет
Зайырлылық
Дін
Атеизм

Мемлекет және дін

Мемлекет – арнайы аппараты бар және құқықтық нормалар арқылы қоғамдық қатынастарды реттейтін белгілі бір аумақтағы биліктің ұйымы. Мемлекеттің орталық және жергілікті билік органдары жүйесі болады, оған заңды, атқарушы және сот органдары, әскер, полиция жатады. Мемлекет заңдар және басқа нормативтік-құқықтық актілер шығарады, солардың көмегімен қоғамда тәртіп орнатады.

Әлемдегі мемлекеттер мынадай түрлерге бөлінеді: теократиялық, атеистік және зайырлы мемлекеттер.

Теократиялық мемлекет – басқару формалары тек діни шарттарға негізделген мемлекет (Сауд Арабиясы, Ватикан, Иран т.б. мемлекеттер). Діни ұйымдар мемлекеттік органдардың қызметіне ықпалын жүргізе алады.

Атеистік мемлекет – діни әдет-ғұрыптардың орындалуын шектейтін, діни ұйымдарға тыйым салатын мемлекет (Корей Халық Демократиялық Республикасы, Қытай Халық Республикасы). Мұндай елдерде атеизм мемлекеттік идеологияның бір саласы саналады.

Зайырлы мемлекет – азаматтық нормалар негізінде реттелетін құрылымы бар мемлекет (Қазақстан, Түркия, Франция т.б.). Зайырлылық – атеизм де, дінсіздік те емес, діни сенім бостандығы.

Зайырлы мемлекетте барлық азамат діни сеніміне қарамастан заң алдында тең құқылы. Мұндай мемлекетте азаматтық нормалар негізінде басқарылады, мемлекеттік органдардың шешімдерінде діни негіздер орын алмайды. Мысалы, неке қию және сот төрелігін жүзеге асыру мемлекеттің құзыреті болып табылады.



Талда

1. Мемлекет деген не?
2. Мемлекеттің қандай түрлері бар?
3. Жазушы Әбіш Кекілбаевтың сөзін талдап, пікіріңді білдір.

Жеріне, суына, тіліне, дініне, тарихына, тағдырына ие халық деген болады. Тек сондай халық қана есерін түзеп, еріне медет бола алады. Қорлана бермей, арлана білейік. Намыстың сөзін сөйлейік.



Бұл маңызды

Дін – адамзат қоғамындағы аса күрделі де маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің басты мақсаты – адамның рухани жетілуі және оның Жаратушыға сенімі.

Атеизм – ғылыми және философиялық сыни ойлау негізіне сүйеніп, Құдайдың бар екендігі туралы көзқарастарды теріске шығару.

Атеист – дінге, Құдайға сенбейтін адам.

Агностицизм – Құдайдың барын жоққа шығармайды, алайда белгілі бір дінді де ұстанбайтын адам. Құдай туралы ештеңе анық емес деген пікірді ұстанатын бағыт – агностицизм. Белгілі ғалымдардың арасында осы бағытты қолдайтындар баршылық. Мәселен, эволюция теориясын ашқан Чарльз Дарвин өзін агностицизм деп атаған.



Жадында сақта!

Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет. Бұл Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағында анық көрсетілген: «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары». Ал 2-тармағында «Республика қызметінің түбегейлі принциптері: қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылық; бүкіл халықтың игілігін көздейтін экономикалық даму; қазақстандық патриотизм; мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу» деп жазылған (*akorda.kz*).



Ойлан!

Тест сұрақтарына жауап бер.

1. Зайырлы мемлекет:
 - А) мемлекеттік органдардың шешімдері діни нормаларға байланысты мемлекет
 - Ә) азаматтық нормалар негізінде реттелетін құрылымы бар мемлекет
 - Б) дінді жоққа шығаратын мемлекет
2. Зайырлы мемлекеттің дінге қарым-қатынасы қандай?
 - А) кез келген дінге бейтарап позиция ұстанады
 - Ә) халықтың бір дінді ғана ұстануы шарт
 - В) дінді ұстанбау құқығы жоқ
3. Зайырлы мемлекеттегі әртүрлі дінді ұстанушы адамдардың...
 - А) құқықтары тең емес
 - Ә) құқықтары әрқилы
 - Б) заң алдында құқықтары тең



Зертте!

https://www.akorda.kz/kz/official_documents/constitution,
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> сілтемелері арқылы Қазақстан Республикасының Конституциясындағы зайырлылық туралы баптарды тауып, мәнін зертте.



Жасап көр!

1-топ «Зертте!» айдары бойынша жинақтаған материалдарға және төменде берілген мәтінге сүйеніп, «зайырлылық» ұғымын «Жолаушының қойын дәптері» әдісі бойынша талқылайды. Мына қадамдарды негізге алады:

- 1) топтасу;
 - 2) зайырлылыққа қатысты бапта көрсетілген мәтінді оқу;
 - 3) зайырлылық сипаттарының еліміздегі көріністерін топ ішінде талқылау;
 - 4) өз пікірлерін жазу;
 - 5) автор орындығында жазылған пікірлерді оқу.
- Соңынан бәрін қорытындылап, таныстырылым жасайды.

Зайырлы мемлекетте діни бірлестіктерді қаржыландырмайды, олардың ішкі мәселелеріне араласпайды, бірақ

әр азаматтың өз сенімін, дінін ұстануына кепілдік береді, тіпті жағдай жасайды. Зайырлылық принциптерін ұстану дегеніміз – ұлттық дүниетанымға еркіндік, ар-ождан мен діни сенімге бостандық беріп, мемлекеттің діни емес, құқықтық қағидаттармен басқарылуын қамтамасыз ету деген сөз. Зайырлылықтың негізгі мақсаты жеке тұлғаны діндердің және идеологиялардың қысымынан құтқару, қорғау екендігін білуіміз қажет (*gov.kz*).

2-топ зайырлы мемлекет туралы барлық ұғымды жинақтап, кластерді толтырады. Ол үшін алдымен «Төрт сөйлем» тәсілімен зайырлы мемлекеттің мәнін ашады.

Пікір. Зайырлы мемлекеттің ерекшеліктері туралы өз пікірлеріңді жазыңдар.

Дәлел. Өз ойларыңды аргументпен дәлелдеңдер.

Мысал. Пікірлеріңді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.

Қорытынды. Өзіндік қорытынды шығарып, кластерді толтырыңдар.



Біліміңді тексер!

- Мемлекет деген не?
- Мемлекеттің қандай түрлері бар?
- Зайырлы мемлекетке сипаттама бер.
- Дін деген не? Кез келген діннің мақсаты не?
- Қазақстан қандай мемлекет?

Діннің пайда болуы және маңыздылығы, әлеуметтік мақсаты мен жіктелуі. Діннің құрылымы мен қызметтері

Меңгерілетін білім:

- Діннің пайда болу тарихымен танысу;
- Діннің маңызының неде екенін түсіну;
- Діннің әлеуметтік мақсатын білу;
- Діннің жіктелуін меңгеру.

Кел, ойланайық!

- Дін қашан пайда болды?
- Діннің қандай маңызы бар?
- Діннің әлеуметтік мақсаты қандай?
- Діндер қалай жіктеледі?



Түйін сөздер

Діннің маңызы
Діннің мақсаты
Діннің жіктелуі

Діннің пайда болуы

Діннің пайда болуы туралы ғалымдар әртүрлі болжам айтады. Олардың көзқарасы дін қоғамдық құбылыс ретінде ондаған мың жыл бұрын алғашқы қауымдық қоғам кезінен бастау алады дегенге саяды.

Ежелгі адамдар табиғат құбылыстарынан қорыққан (*16-сурет*). Дегенмен адамзат күннің, оттың пайдасы мен зиянын түсінген, оларға табынған және зұлым күштерден қорғайды деп сенген. Бұл тас дәуірі, қола дәуірі және ерте темір дәуіріндегі обаларды, зираттарды зерттеу барысында анықталған.

Діннің жіктелуі

Діндерді тегі, даму тарихы, таралу ерекшеліктеріне байланысты **наным-сенімдер, ұлттық және әлемдік** діндер деп жіктеуге болады. Наным-сенімдер белгілі бір тайпаның ішінде, ұлттық дін ұлттың ортасында ғана болса, әлемдік діндер бүкіл дүниежүзіне таралған.

Діннің әлеуметтік маңызы

Дін адамға әлеуметтік, психологиялық шиеленістерді жеңуге көмектеседі, тыныштандырады, жеңілдік әкеледі. Діннің адамзат өркениеті мен мәдениетінің дамуында да маңызы зор. Атап айтқанда, жазу, өркениет, әдебиет пен мәдениеттің, философия, сәулет және түрлі өнердің қалыптасуы мен дамуына ықпал етті.



16-сурет. Адамдардың табиғат құбылысынан қорқуы

Діннің құрылымы

Діннің құрылымы мына компоненттерден тұрады: діни сана; діни ғибадат, іс-әрекет; діни қатынас және діни ұйымдар. **Діни сананың** негізіне діни сенім, яғни Құдайға не құдіретке сену жатады. **Діни ғибадат, іс-әрекет** – құлшылық ету, діни салттарды орындау. Діни қатынастың екі нысаны бар. Біріншісі, **діншіл адамдардың өзара қатынасы** және **дін ұстанушылардың киелі деп санаған нысанмен қатынасы**. **Діни ұйымдар** – діни ғұрыптардың орталықтары, белгілі бір дінді ұстаушылардың бірлестігі.



Бұл маңызды

Дін (лат. «қасиетті», «тақуа») – қоғамдағы өте күрделі және маңызды әлеуметтік-мәдени сана. Діннің негізгі мақсаты – адамның рухани дамуы және оның Жаратушыға деген сенімі.

Тас дәуірі – адамзат тарихындағы ең ұзақ мәдени-тарихи кезең. 3 кезеңге (ежелгі, орта, жаңа) бөлінеді. Шамамен б.з.б. 2,6 млн – 3 мыңжылдық аралығын қамтиды.

Қола дәуірі – б.з.б. 2800–900 жылдар аралығындағы кезең. Бұл дәуірде адамзат қоладан еңбек құралдары мен қару-жарақ жасауды игерді.

Ерте темір дәуірі – б.з.б. VIII–III ғасырлар аралығындағы темірдің алғаш өндіріліп, өндіріске енгізіле бастаған кезеңі.



Жадында сақта!

Дін – адамды қылмыстар мен күнәлі істерден сақтайтын ықпалды құбылыстың бірі. Өйткені кез келген дін жеке адамға, қоғамға зиян тигізетін әрекеттерге тыйым салады.



Талда

- Адам өмірінде дін қалай пайда болған?
- Діннің әлеуметтік мақсаты мен жіктелуін талда.



Жасап көр!

1-топ «Дін – адамдарды тек игілікке, жақсылыққа бағыттайтын қағида ретіндегі іс-әрекеттер жиынтығы» деген пікірді талқылап, постер жасайды.

2-топ «Қоғамның тұрақтылығына, адамның тәртіпті, бақытты болуына діннің әсері» тақырыбында жоба қорғайды.



Зертте!

Берілген «Есім ханның Ескі жолы» кодексiне және «Қазақстан тарихы» пәнінен алған біліміңе сүйеніп, не себепті діннің қоғамда идеологиялық, реттеуші қызмет атқаратынын зерттеп, тұжырымда.

Бұл заң ережелері:

- жерге қатысты заңдарды;
- малға байланысты ережелерді;
- мүліктік қатынастарды;
- қылмыстық іс туралы (ұрлық, кісі өлтіру, қасақана жарақат салу);
- әйелдердің қоғамдағы жағдайы туралы;
- әскери міндеттілік туралы;
- дәстүрлі шаралар мен кедейлерге көмектесу туралы мәселелерді қарады.



Біліміңді тексер!

- Діннің мәні неде?
- Дін қалай жіктеледі?
- Діннің әлеуметтік маңызы неде?

Меңгерілетін білім:

- Діннің шығу тегі жайлы білу;
- Тарихи формаларымен танысу.

Кел, ойланайық!

- Монотеизм деген не?
- Политеизм нені білдіреді?



17-сурет. Таңбалы тас



Түйін сөздер

Діннің шығу тегі
Діннің тарихи формалары

Діннің шығу тегі

Ежелгі дәуірде алғашқы діни көзқарастар пайда болды. Алайда ежелгі адамдардың дүниетанымы мифтік тұрғыда болғандықтан, әлі дербес Құдай түсінігі болмады. Олар елдің ішін жайлаған аштық, эпидемияның себебін өздеріне беймәлім күштерден көрді.

Ертедегі адамдар аулайтын аңдарды, күнделікті өмірін немесе қиялынан туындаған бейнелерді («күнбасты» адамдар т.б.) тасқа қашап салды. Қазақстанның түкпір-түкпірінде тасқа салынған сан алуан өнер ескерткіштері молынан кездеседі. Мәселен, Іле Алатауындағы «Таңбалы тас» сурет қорымы (17-сурет). Қорымдағы сурет туындыларынан әр дәуірдің тарихи кезеңдерін, әскери күшін, бейнелеу өнерін, мәдени және шаруашылық дамуының айшықты белгілерін байқауға болады. Сонымен қоса діни наным-сенімдер мен әдет-ғұрып көріністері бейнеленген. Мұндай суреттер өзінің сиқырлы да астарлы мазмұнымен, озық ойлы бейнелеу тәсілімен ерекшеленеді.

Діннің тарихи формалары

Ең көне діни идеялар – алғашқы нанымдар қарабайыр болды, өйткені алғашқы қоғамдық құрылыста діни идеялар мифологиялық түрде жаңадан пайда бола бастаған.

Ежелгі өркениеттің дамуымен бірге бірте-бірте діннің барлық элементтерінің нақты құрылымы мен өзара

байланысы сипатталатын ежелгі діни жүйелер де қалыптаса бастады. Жаңа культтер дүниеге келді: Күн культі, ата-баба рухына, тайпалық көсемге табыну. Бірте-бірте бұл жүйе дуализмге қарай дамиды (мысалы, зороастризмнің екі «тең құқылы» Құдайлары туралы ілімі). Олардың бірі – **жарық пен жақсылықты**, екіншісі – **қараңғылық пен зұлымдықты** білдіреді. Ал уақыт өте келе монотеизм (бір Құдайға табыну) пайда болды. Монотеистік діннің алғашқы формаларының бірі – ежелгі Мысырдағы діни реформа нәтижесінде құрылған Күн Құдайы **Амон-Раға** табыну. Мысыр пирамидалары (*18-сурет*) – қабірде жатқан перғауынға жіберілген Күннің тіршілік энергиясының символы.



18-сурет. Мысыр пирамидалары

Ал дәстүрлі түрде бүгінгі күнге дейін сақталған ең көне монотеистік дін **иудаизм** болып саналады.

Сонымен, Құдайдың санына байланысты бірқұдайшылдық, яғни **монотеистік** және көпқұдайшылдық (көп Құдайға табыну), яғни **политеистік** діндер болып екіге бөлінеді. **Монотеистік** діндерге **иудаизм, христиан, ислам** діндері жатады.

Табиғаттың жекелеген рухтары туралы идеялар политеизмді дамытты. Мұндай діндерге Құдайды адам бейнесінде көру тән (антропоморфизм). Мәселен, гректер Зевс, Гера, Афина тәрізді Құдайларды адам сияқты өмір сүргізіп, оқиғалар ойлап тапқан.

Политеистік діндер: **синтоизм, индуизм, ежелгі Грек, ежелгі Римдегі** діндер т.б.



Талда

1. Халықтың тарихында діннің рөлі мен маңызы қандай? «DEAL» тәсілімен талда.
 D – Describe – діндердің маңызды жақтарын сипаттау.
 E – Explain – осы жаһт бойынша не білетінін түсіндіру.
 A – Analyse – ақпаратты талдау.
 L – Links – өзінде бар біліммен байланыстырып, қорытынды жасау.
2. Монотеистік және политеистік діндер дегенді қалай түсіндің? Ерекшеліктері неде? Талдай отырып, кестені толтыр.

Монотеистік діндер	Ерекшелігі	Политеистік діндер	Ерекшелігі



Жасап көр!

1-топ «Дүниежүзі тарихы» пәнінен алған білімдеріне (5-сынып) және тақырыптағы негізгі материалға сүйеніп, «Соңғы сөзді мен айтайын» тәсілімен «антропоморфизм» ұғымын, оның өркениетке тигізген әсерін талқылап, таныстырылым жасайды.

2-топ кез келген діннің әдептілікті, адамгершілікті уағыздайтынын «Дербес пікір айту» тәсілі бойынша талқылап, ойларын ортаға салады, кестені толтырады.

Өзіндік пікір (ой, идея)	
Дәлел	
Өз пікірін айғақтайтын мысал	
Өз пікіріне қарсы дәлел	
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал	
Қорытынды	



Даналардан шыққан сөз

Он бес жасымда мен білімге бет бұрдым. Отыз жасымда бағынышсыз тұрмысқа қол жеткіздім. Қырық жасымда күмәннан арылдым. Елу жасымда көктің еркін таныдым. Алпыс жасымда шындық пен өтірікті ажырата бастадым. Жетпіс жасымда жүрегімнің қалауына ере бастадым.

Конфуций

Діннің негізі – бір нәрсені киелі деп санау. Киелілік – қоғамдағы адамдардың кие тұту, ардақтау түсінігінде жатыр. Бұл пікір – қазіргі кездегі діни тіршіліктің рөліне байланысты дін әлеуметтанушыларының көпшілігі қолдайтын көзқарас.

Эмиль Дюркгейм



Бұл маңызды

Монотеизм – бірқұдайшылдық, Құдайды жалғыз деп насихаттайтын ілім.

Политеизм – грек тілінен аударғанда «көпқұдайшылдық» деген сөз, яғни көп Құдайдың барлығына негізделетін діни жүйе.

Антропоморфизм – Құдайды, өсімдік, жануар, заттарды т.б. адам бейнесінде суреттеу.



Жадында сақта!

Кез келген дінде бір тылсым күшке сену болады, бұл – барлық діндерге тән ортақ жайт. Ал адам тылсым күштің бар екендігіне сенетін болса, онда ол адам өз әрекеттерінде осы күшті пайдалануға тырысады.



Ойлан!

Тест сұрақтарына жауап бер.

- Халықтың тарихи тағдырында дін:
 - маңызы жоқ ұғым
 - рухани, мәдени өркендеудің көрсеткіші
 - фанаттардың қаруы
- «Тең құқылы» Құдайлар туралы ілім:
 - монотеизм

- Ә) политеизм
 - Б) дуализм
3. Ең көне монотеистік дін:
- А) Күнге табыну
 - Ә) иудаизм
 - Б) зороастризм



Зертте!

Параграфтағы негізгі материалға және төменде ұсынылған мәтінге сүйеніп, діннің адамзат өркениетіне тигізген рөлін зерделеп, кластерге толтыр.

...Мәселен, адамдар Құдайларды, рухтарды өз ойларына кескіндеп, бейнелеп, соларға табына бастады. Мифтер, аңыздарды ойлап тауып, таратты. Билеушілер діни негізде ережелер жасады. Шамандар музыкалық құралдарды пайдаланды. Сәулет өнері де дамып, ғимарат, ғибадатхана, пантеондар тұрғызылды.

Өнер тарихы



Білімді тексер!

- Алғашқы діни көзқарастар қашан пайда болды?
- Бірқұдайшылдық дін деген не?
- «Политеизм» термині нені білдіреді?
- Антропоморфизм деген не?

Меңгерілетін білім:

- Ежелгі сенім жүйесі туралы білу;
- Ұлттық және дәстүрлі діндерді білу.

Кел, ойланайық!

- Тотемизм деген не?
- Анимизм қалай қалыптасты?

**Түйін сөздер**

Дәстүрлі діндер
Тотемизм
Табу

Ежелгі сенім жүйесі

Кеңінен таралған және ұзақ уақытқа созылған ежелгі сенім жүйелері: тотемизм, шаманизм, фетишизм, анимизм.

Тотемизм – адамның қоршаған ортамен байланысының тотем арқылы жүзеге асуы. Тотем ретінде көбіне жан-жануарлар, кейде өсімдіктер немесе бір жансыз зат та қолданылуы мүмкін.

Шаманизм – шамандар арқылы рухтар әлемімен өзара «әрекеттесу». Шамандар рухтармен және жоғары күштермен қарым-қатынас жасай алады деп саналады, сондықтан бүкіл тайпа оның сөздері мен жарлықтарын тыңдайды.

Фетишизм – бір заттардың тылсым күші бар деп есептеу. Мұндай заттар «фетиш» деп аталады. Олар әдеттен тыс пішіндегі тас немесе қымбат металл сияқты кез келген нәрсе болуы мүмкін.

Анимизм – рухтарға деген сенім. Бұл қайтыс болған адамдардың, жануарлар мен өсімдіктердің рухтары немесе белгілі бір аймақта тұратын рухтар болуы мүмкін.

Магия (сиқыр) – белгілі бір амалдарды орындау арқылы адамдар мен қоршаған әлемге ықпал ету мақсатында жасалатын рәсімдер жиынтығы. Діндердің барлығы дерлік магияға тыйым салады. Сиқыр діндерде адамның дәрменсіз, шамасы келмеген кезде тылсым бір күш арқылы армандаған нәрсесіне үмтылуы деп бағаланады. Ал дін нақты, саналы іс-әрекетке сүйенеді.

Жоғарыда аталған сенім жүйелері тайпалық түрге жатады. Бұлар Африканың және Солтүстік Американың үндістерінің кейбір тайпаларында кездеседі.

Ұлттық діндер

Ұлттық діндер жеке халықпен, этникалық қауымдастықпен тығыз байланысты. Мысалы, индуизм мен жайнизм, негізінен,

Үндістанда, иудаизм Израильде, синтоизм Жапонияда, даосизм мен конфуцийлік Қытайда кең таралған.

Индуизм – діндік-мифологиялық бағыттағы үнді халқының ежелден қалыптасып келе жатқан дәстүрі мен сеніміне негізделген ұлттық дін. Индуизм 4 ағымға бөлінеді: Вишнуизм, Шиваизм, Смартизм, Шактизм. Үнділік діндерге ортақ түсініктің бірі – сансара. **Сансара** – қайтыс болған адамның жанының жаңадан туған адамға қонуы. Сол сияқты үнділер жасалған нашар қылықтары үшін берілетін жаза – **карма** барына сенеді.

Иудаизм – негізінен еврейлер ұстанатын әлемдегі ең көне монотеистік дін. Иудейлер Құдай адамды өзіне ұқсатып жаратқан, сондықтан Құдай мен адам арасында делдал болмауы керек деп сенеді. Еврейлер үшін ең маңызды нәрсе – жалғыз Құдайға сену, күніне үш рет мінажат жасау, Тауратты оқу және ондағы өсиеттерді орындау.

Синтоизм – анимистік сенімдерге негізделген Жапонияның дәстүрлі діні. Фибадат нысандары – **ками**, яғни көп Құдай мен өлгендердің жаны. Дәстүрдің ерекше бөлігі – табиғи нысандарға табыну.

Даосизм – «дао» туралы ілімге негізделген дін. «Дао» – үйлесімділікке жету жолы, барлық нәрсенің бастауы. Дао ілімі бойынша, әлемдегі жаратылыстың бәрі, адам, табиғат, жыл мезгілі, уақыт, бір жолмен қозғалып, сол жолдың бойында өзгеріп, құбылып тұрады. Өзгермейтін еш нәрсе жоқ.

Конфуцийлік – ең көне философиялық жүйе және сонымен бірге діни ілім (бірақ қатаң діни мағынасында емес). Оның негізін қалаушы – б.з.б. V ғасырдағы Қытай ғалымы Кун-фун-цзы. (Конфуцийлік ілімде аспан, жер құрметтеледі, ата-анаға тағзым жасалады т.б.). Қоғамда туралықты талап ету және бір-біріне құрмет көрсету басты қағида болып табылады.

Дәстүрлі діндер

Дәстүрлі дін – белгілі бір ұлттың дәстүрлі өмір сүру формасы мен мәдени құндылықтарын жоққа шығармай, өз ілімдері тұрғысынан қабылдап, ұрпақтан ұрпаққа мұра етіп қалдыратын, қоғамдық қатынас нормалары мен отбасылық қарым-қатынасты ұстанатын дін.

Дәстүрлі діннің негізі – барлық болмыс Жаратушы тарапынан деп саналады. Оның дәлелі әрі негізгі қайнар көзі, сондай-ақ формасы ретінде қасиетті жазбалар танылады.

Дәстүрлі діндер – туындауы, қалыптасуы мен дамуының өзіндік тарихи негізі бар, тарихи кезеңдерімен ерекшеленетін құбылыс. Әлемдік діндер мен қатар кейбір ұлттық діндер (иудаизм, синтоизм) де дәстүрлі діндерге жатады.

Әлемдік діндер – түрлі елдер мен құрлықтар халқы арасында кеңінен таралған діндер: **христиандық, буддизм және ислам.**



Талда

- Қазақ халқында қандай тотемизм, анимизм, фетишизм элементтері болған?
- Ұлттық діндер мен дәстүрді әлемдік діндердің қандай айырмасы бар? Венн диаграммасында салыстыр.



Бұл маңызды

Дәстүрлі діндер белгілі бір мемлекет немесе этникалық топ шеңберінде қалыптасқанымен, дүниежүзіне кеңінен таралған.



Оқы, қызық!

Ғалымдар көне діни сенім түрлерінде мынадай ерекшеліктердің болғанын анықтаған:

1. Жаратушының орнына материалды заттар, табиғат құбылыстары, жануарлар мен өсімдіктер ерекше тылсым қасиетке ие болған.
2. Ежелгі адамдардың өмірі тек діни ғұрыппен өткен десе болады. Олардың әрбір іс-әрекеті, ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлері рәсімдер мен қағидалардан тұрған.
3. Әрбір тайпаның өзінің табынатын пұты болған: біреулері белгілі бір аңға, басқалары өлген адамның рухына, сиқырдың керемет күшіне т.с.с. табынған.



Жасап көр!

1-топ ежелгі діни сенімдерді саралап, таныстырылым жасайды.
2-топ Конфуцийдің нақыл сөзін талдайды, күнделікті өмірден мысалдар келтіреді.

Жақсы өмір сүру үшін өмір бойы басшылыққа алуға жарайтын бірауыз сөз – кешірімді болу.



Даналардан шыққан сөз

Дінді ұстай алсаң – қасиетің, ұстай алмасаң – қасіретің.
Мырзатай Жолдасбеков

Дін, өнер және ғылым – бір ағаштың бұтақтары.
Альберт Эйнштейн



Ойлан!

Тест сұрақтарына жауап бер.

1. Адамның жануарлар және өсімдіктермен байланысы:
А) анимизм
Ә) тотемизм
Б) табу
2. Жансыз заттардың тылсым, сиқырлы күші бар деп санап, оларға табыну:
А) тотемизм
Ә) анимизм
Б) фетишизм
3. Негізінен еврейлер ұстанатын әлемдегі ең көне монотеистік дін:
А) иудаизм
Ә) индуизм
Б) синтоизм



Жадында сақта!

Табу – ежелгі қауымдық діндерде адамдардың ұстануына немесе қажетіне пайдалануына тыйым салынған нәрселер.



Зертте!

«Ежелгі дүние» энциклопедиясына және «Діндер тарихы» құралына (*Борбасова Қ.М.*) сүйеніп, Орта Азиядағы діндер тарихы мен сенім ерекшеліктерін зерттеп, таныстырылым жаса.



Біліміңді тексер!

- Қазақ халқында қандай тотемдік жануарлар бар?
- Халқымызда «фетиш» заттар болған ба?
- Ұлттық діндерді сипаттаңдар.
- Дәстүрлі діндерге қандай діндер жатады?

Меңгерілетін білім:

- Буддизмнің қалай пайда болғанын білу;
- Буддизм негіздерімен танысу.

Кел, ойланайық!

- Буддизм неліктен пайда болды?
- Будда дінінің негізін салушы кім?

Түйін сөздер

Буддизм
Нирвана
Дхарма

Будда дінінің пайда болуы мен таралуы

Буддизм – әлемдік үш діннің ішіндегі ең көнесі, б.з.б. VI ғасырда Үндістанда пайда болған. Негізін қалаушы – **Сиддхартһа Гаутама**. Әкесі Шуддходана билеуші болғандықтан, Сиддхартһа еш уайым-қайғысыз өмір сүреді. Алайда басқа жандардың ауырғанын, қайтыс болғанын көріп, қайғырады. Ол 29 жасқа жеткенде үйінен кетіп, дертке дауа, мәңгілік өмір сүрудің жолын іздемекші болады. Сиддхартһа алғашында аскеттік өмір салтын ұстанып, яғни аз ғана тағамды қанағат тұтып, қарапайым ғана өмір сүреді. Көшеде садақа сұрайды, йоганы да меңгереді. Осылайша Сиддхартһа 35 жасында будда (санскр. «оянған», «көзі ашық») болады. Бірте-бірте оның ізінен шәкірттер ереді. Олар бұл ілімді насихаттайды әрі толықтырып отырады. Буддизм алғашқы екі мыңжылдықта Шри-Ланкаға, Қытайға, Жапонияға және Тибетке еніп, Оңтүстік-Шығыс пен Орта Азияға тарайды.

Будда діні ілімінің негіздері

Бүгінде 500 миллионға жуық адам буддизмді ұстанады. Діннің негізі – өзін-өзі тану және төрт асыл шындық туралы ілім азапты тоқтатады деп санау және нирванаға жету.

Бірінші шындық – азап бар.

Екінші шындық – азаптың себебі бар.

Үшінші шындық – азапты тоқтатуға болады.

Төртінші шындық – азап шегудің соңына апаратын жол туралы.

Буддистер адам жанының дүниеге қайта келетініне (сансара) және адамның іс-әрекеті мен оның кейінгі өмірі арасындағы байланыс заңына (карма) сенеді.

Буддизмде Құдайдың болуы немесе болмауы туралы мәселе маңызды емес, Құдайдан бас тарту да қажет емес. Будда ілімін ұстанушылар басқа діндерді де теріске шығармайды.

Ғалымдардың пікірінше, буддизм миссионерлері VI ғасырда Қазақстан аумағына да келген. Оны археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған Текелі қаласы маңындағы «Будда тасы», «Таңбалы тас» шатқалындағы бейнесі, Исфиджаб (Сайрам) қаласының үйінділері маңындағы жерасты будда монастыры т.б. храмдардың, шіркеулердің орындары, басқа да көптеген буддалық ескерткіштер дәлелдейді.



Талда

- Будда дінінің пайда болуына не себеп болды?
- Буддизмнің негізгі тұжырымы қандай екен?



Бұл маңызды

Нирвана («сөну», «өшу») – туғаннан бергі тіршілік түзілісінен шығу, абсолюттік дәрежеге жету. Негізгі мақсаты – азат болу, рақатқа кенелу.

Аскетизм – өзін-өзі шектеу, жер бетіндегі жақсылық атаулыдан бас тарту. Христиан дінінде өмірін Құдай жолына арнап, жалғыздықта өткізген адамдарды «аскеттер» деп атаған. Аскетизм исламның сопылық бағытының негізгі өмірлік қағидаттарының біріне айналды. Ясауи өз уағыздарында нәпсіні (тойымсыздық, құмарлық) тыйған адам түбінде әулиеге айналады деген.



Оқы, қызық!

«Чикчи» буддистік құжаты 1377 жылы Кореяда басылып шықты. Құжаттың толық аты – «Пэгун-хвасан чхорок пульчо чикчи симчхе ёджоль». Корей тілінен «Сон Пегун-хвасан тәжірибесінің көмегімен Будда рухына ие болу туралы ұлы монахтар ілімінің антологиясы» деп аударылады. Бұл кітапта Будда уағыздарының мәтіндері және будда монахтары мен уағызшыларының өмірбаяны қамтылды. Адамзат тарихындағы ең ірі жылжымалы құйма әріпті баспа станогін ойлап тапқан Гутенбергтің әйгілі киелі кітабы да бұдан 78 жылдан соң ғана жарық көрді (realfacts.ru/history).



Данапардан шыққан сөз

Шынында да, адамның өзін-өзі жеңуі, өзіне-өзі тиянақты түрде тыйым сала білуі, өзін-өзі көндіре білуі басқа біреуді жеңуінен әлдеқайда артық.

Будда

Сенімсіз иман жоқ.

Шәкәрім Құдайбердіұлы



Жасап көр!

1-топ «Төрт сөйлем» тәсілімен жоғарыда берілген нақыл сөздердің мәнін ашады.

Пікір. Нақыл сөздер туралы өз пікірлеріңді жазыңдар.

Дәлел. Өз ойларыңды аргументпен дәлелдеңдер.

Мысал. Пікірді өмірмен байланыстырып, мысал келтіріңдер.

Қорытынды. Өзіндік қорытынды шығарыңдар.

2-топ мына сұрақтарды топта талқылап, постер жасайды:

1. Будда тұрмыс азабын, өлімді және ауруды көп көріп, бұған жол бермеудің жалғыз жолы аскетизм деп шешті. Бұл пікірмен келісесіңдер ме?
2. Буддизмнің басқа дінді ұстануға тыйым салмауының себептері неде деп ойлайсыңдар?
3. Бұл ілімнің жақсы жақтары қандай?



Зертте!

Сызбалардағы мәліметтерді тұтас мәтін түрінде оқып, ондағы ілімдердің таралуын зерделе.

«Діндер тарихы» құралына (*Борбасова Қ.М.*) сүйеніп, Азия халықтарының арасында будда дінінің қай тармағы таралғанын анықтап, осы діннің қазіргі жағдайын зертте.





Ойлан!

Тест сұрақтарына жауап бер.

1. Буддизм:
 - А) дүниені жаратушы Құдай жайында уағыздайтын дін
 - Ә) киелі заттарға табынған дұрыс делінетін дін
 - В) фәни өмірдің азаптарынан құтылу жолын іздейтін ілім
2. Буддизмнің негізін қалаушы:
 - А) Шуддходана
 - Ә) Гаутама
 - В) Дхарма
3. Буддизм қанша тармаққа бөлінеді?
 - А) екі тармаққа
 - Ә) үш тармаққа
 - В) төрт тармаққа



Жадында сақта!

Буддистердің бес өсиеті:

- өтірік айтпа;
- ұрлық жасама;
- адам өлтірме;
- шарап ішпе;
- даналықты үйрен.

Сонымен қатар буддизм басқа дінді ұстануға тыйым салмайды.

Будда көрсеткен «игілікті сегіз жол» үш кезеңнен тұрады:

- 1) даналық кезеңі (праджня);
- 2) адамгершілік немесе берген антты орындау кезеңі (шила);
- 3) ойлау немесе ақыл тоқтату кезеңі (самадхи).

Бірінші кезең екі сатыдан, қалған екі кезең үш сатыдан, барлығы сегіз саты жолды құрайды деп есептеледі.



Біліміңді тексер!

- Неліктен бүгінде буддизм кең таралған әлемдік діндердің бірі?
- Будда дінінің негізгі неде?
- Буддизмде неліктен нирванаға жету маңызды?
- Буддизм миссионерлері Қазақстан аумағына қашан келген?

Меңгерілетін білім:

- Христиан дінінің пайда болу тарихы;
- Христиан дінінің таралуы.

Кел, ойланайық!

- Христиан діні қай ғасырда пайда болды?
- Христиан дінінің қандай бағыттары бар?

Христиан дінінің пайда болуы

Христиандық б.з. I ғасырында Рим империясының шығысында, Палестинада пайда болды. Бұл кезде Палестина Рим империясының қол астында болғандықтан, саяси биліктен айырылған еді. Наразы ел ішінде көп ұзамай «құтқарушының» келетіні, оның өсиеттері туралы әңгіме таралды. Үмітке толы ілім жаңа дін христиандық («христос» сөзі – құтқарушы) еді.

Христиандықтың негізін салған – **Иса мәсіх**. Ол Иерусалимдегі Даналық храмына он екі жасында келген болатын. Уағыздауды отыз жасында бастады. Үш жыл бойы мәсіх Құдайдың еркін уағыздап, ауруларды емдеп жүрді. Ел аралап жүріп, өзінің жанына 12 шәкірт таңдап алды.

Дін ілімі негіздері

Христиандық – монотеистік дін. V ғасырда Рим империясынан Еуропа елдеріне тарады, ал XVI–XX ғасырларда миссионерлер басқа континенттердің тұрғындарын христиан дініне белсенді түрде қабылдады. Бүгінгі таңда шамамен 2,4 миллиардтай адам ұстанады.

Христиандықтың негізі мәсіхтің ілімдері жазылған жазбаларда деп есептеледі. Христиандық сенімнің орталығында Өке, Үл және Қасиетті Рух Құдайының бірлігі идеясы жатыр. Демек, христиандықтың негізі – Құдай жалғыз және Иса мәсіхтің қайта тірілуі туралы ілім.

**Түйін сөздер**

Христиан діні
Інжіл
Католиктік
Православтық
Протестанттық

Христиандар адам жаны мәңгілік деп санайды және барлық адамдардың қайта тірілетініне сенеді. Бұл дінді ұстанушылар үшін рухани әлем маңызды. Адам өмірінің мақсаты – рухани өсу, оған кішіпейілділік, пост ұстау және дұға оқу арқылы қол жеткізуге болады.

Христиандардың қасиетті кітабы – Көне Өсиет пен Жаңа Өсиеттен тұратын **Інжіл**, символы – айқыш (крест). Уақыт өте келе христиан шіркеулері арасында діни оқытуда айырмашылық пайда болды. Осылай 1054 жылы христиандық екі бағытқа бөлінді: **православтық және католиктік**.

Православие Шығыс Рим империясынан (Византия) шығып, Балқан мен Кіші Азияда таралды.

Католиктің бөлінуі Рим мемлекетінің Батыс және Шығыс аймақтарында басталды.

Протестантизм (лат. «*protestatio*» – шақыру) Еуропада (Германия) XVI ғасырдың бірінші жартысында Реформация (діни қозғалыс) барысында Рим-католик шіркеуінің ортағасырлық институттарына қарсылық ретінде пайда болды.

Сонымен, **православие** Ресейде, ТМД-ның кейбір елдерінде және Шығыс Еуропада қолданылады. Қазақстандағы христиандардың басым бөлігін православ сенімдегілер құрайды. **Католицизм** Батыс Еуропада, Литвада, Чехияда, Польшада, Оңтүстік Америкада кең таралған. Католиктік шіркеу басшысы – Рим папасы.

Протестантизм АҚШ, Канада, Аустралия, Германия, Нидерланд, Швейцария және Ұлыбританияға т.б. елдерге тән. Негізі – Құдаймен жеке сұхбаттасу.



Талда

- Христиан дінінің пайда болу себептері қандай?
- Христиандық неліктен екі бағытқа бөлінді?
- Протестантизмнің пайда болуына не түрткі болды?



Бұл маңызды

Христиан діні – Христостың өмірі мен Жаңа Өсиет іліміне негізделген, әлем бойынша ең көп таралған монотеистік дін. Христиандық пен Інжілді түсіндіруде ортақ бір пікірлер жоқ. Сол себепті христиан діні бірнеше тармаққа бөлініп кеткен.

Инжіл – Христиан діні бойынша Иса мәсіхтің іздері мен тәлімі айтылған Киелі кітап.



Даналардан шыққан сөз

Әр кезде қоғам тіршілігі өнімсіздікке ұшырап, іштей жүтай бастағанда заман әуеніне қарай не дінге, не саясатқа қамшы басады.

Рабит Мүсірепов

Дін тазасын ой табар.

Шәкәрім Құдайбердіұлы



Жасап көр!

1-топ христиан дінінің өз ішінде бірнеше түрге бөлініп кету және өз ішінде көптеген бағыттың пайда болу себептерін «Дербес пікір айту» әдісімен талқылап, кестені толтырады.

Өзіңдік пікір (ой, идея)	
Дәлел	
Өз пікірін айғақтайтын мысал	
Қарсы дәлелді жоққа шығаратын мысал	
Қорытынды	

2-топ топтағы өз рөлдерін белгілеп, христиан діні ілімі негіздерін кесте бойынша талдайды.

Талқылаушы	Тақырыптың маңызын, идеясын айтады.
Белгілеуші	Тақырып бойынша сурет дайындайды.
Байланыстырушы	Тақырыпты өмірмен байланыстырады.
Топ шешені	Тақырыпқа сәйкес қанатты сөздерді айтады.
Қорытындылаушы	Тақырыпты қорытындылайды.



Ойлан!

Тест сұрақтарына жауап бер.

- Иса мәсіхтің христиандықты уағыздай бастаған жасы:
А) он екі жасында

- Ә) отыз жасқа дейін
 - Б) отыз жасында
2. Христиан діні неше тармаққа бөлінді?
- А) екі тармаққа
 - Ә) үш тармаққа
 - Б) төрт тармаққа
3. Қарсылық ретінде Еуропада пайда болған бағыт:
- А) протестанттық
 - Ә) православтық
 - Б) католиктік



Жадында сақта!

Көне ескерткіштерді, тарихи құжаттар мен археологиялық материалдарды зерттеу кезінде христиан дәуірінің алғашқы ғасырларынан бастап қазіргі Қазақстан мен Орта Азия аумағында христиан дінінің таралғаны анықталды.

Әбу Райхан әл-Бирунидің жазбаларында Иса мәсіхтің «қайта тірілуінен» 200 жыл өткеннен кейін Мервеге (қазіргі Түрікменстанның Мары қаласы) діни қызметкер Барахийдің православиелік ілімін қамтитын христиан дінін алып келгені баяндалады.



Зертте!

«Діндер тарихы» құралы (Борбасова Қ.М.) бойынша христиандықтың Қазақстанда таралу тарихын зерттеп, деректерді жинақтап, ПОПС формуласын толтыр.

Менің ойымша

Себебі мен оны былай түсіндіремін

Оны мен мынадай мысалдармен және фактілермен дәлелдей аламын

Осыған байланысты, мен мынадай шешімге келдім... .



Біліміңді тексер!

- Не себепті жоғары тап өкілдері христиан дініне назар аудара бастады?
- Бастапқы христиандықтың құрамы неліктен өзгерді?
- Христиандықтың киелі кітабы қалай аталады?
- Христиандықтың символы не?

Меңгерілетін білім:

- Ислам дінінің пайда болуы;
- Ислам ілімі негізімен танысу.

Кел, ойнайық!

- Ислам діні қалай пайда болды?
- Ислам діні ілімінің негіздері қандай?

**Түйін сөздер**

Ислам
Дін ілімі

Ислам дінінің пайда болуы

Ислам – әлемдегі ең жас монотеистік дін. Ол VII ғасырда Батыс Арабияда пайда болды. Негізін қалаған – Мұхаммед пайғамбар.

Мұхаммед пайғамбар өзінен кейін мемлекетті басқару үшін ешқандай мұрагер қалдырмады. Бұл ислам дінінде мемлекет ісінің ұстанымы зайырлы сипатта екендігін білдіреді. Себебі ислам дінінде мұрагерлік билік түсінігі жоқ. Исламның кең ауқымда таралуы Әбу Бәкір, Омар ибн Хаттаб, Осман ибн Аффан, Әли ибн Абу Талиб сияқты төрт халифаның билігі тұсында жүзеге асты. Мұсылман қауымына басшылыққа Әбу Бәкір сайланғаннан кейін Араб халифаты қалыптасты. Халифа

Әбу Бәкір Араб түбегіне түгел билік жүргізіп, ислам дінін таратты. Осының арқасында ислам өзінің алғашқы жүз жылында Орта Азияда, Үндістан мен Закавказьеде, Солтүстік Африкада және Балқан түбегінде кең таралды.

Ислам діні ілімінің негіздері

1. Барлық нәрсенің жаратушысы – Алланың бар екеніне сену.
2. Періштелердің бар екеніне сену. Мұсылмандардың сенімі бойынша, періштелерді Алла нұрдан жаратқан, олар Жаратушының әмірлерін толық орындайды. Жәбірейіл, Мекәйіл, Исрафил, Әзірейіл – періштелердің үлкендері саналады.
3. Алладан пайғамбарларға «түскен» кітаптарға сену. Құранды ең соңғы және толық, сенімді қасиетті кітап деп санайды.
4. Пайғамбарларға сену. Құранда: «Алла жіберген барлық пайғамбарларды: Адам, Ибраһим, Дәуіт, Мұса, Сүлеймен, Иса (Ғайса) және басқаларын мойындау керек», – деп жазылған.
5. Қиямет күніне сену. Соның ішінде ақырзаманға, Құдай алдында сұраларда тірілетініне, тозақ пен жұмаққа сену.

6. Тағдырға сену. Мұсылмандардың сенімі бойынша, барлық жаратылыстың тағдыры Алла тарапынан жазылып қойған, барлық нәрсе Құдайдың қалауымен болады.

Мұсылманның парыздары

Мұсылманның бес парызы: иман, намаз, ораза, зекет және қажылық.

Иман – Аллаға, періштелерге, кітаптарына, пайғамбарларға, ақырет күніне, өлгеннен соң қайта тірілуге және тағдыр мен қазаға сену.

Намаз – мұсылманның екінші парызы. Ислам діні бойынша, намаз оқу ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған ер, әйел мұсылманға парыз.

Ораза – тәуліктің күндізгі уақытында ауыз бекіту, дөрекі іс-әрекеттерден тыйылу.

Зекет – қоғамдағы кедейлерге берілетін міндетті садақа.

Қажылық – исламның бесінші парызы. Мекке қаласына ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына жеткен, басы азат, оны өтеуге шамасы жететін мұсылманның белгіленген ғибадаттарды орындау үшін баруы.

Исламның негізгі бағыттары

Сунниттік бағыт. Мұсылмандар Мұхаммед пайғамбар жолын ұстануды «сүннет» (сунна) деп атайды. Әр істе пайғамбар сүннетін басшылыққа алатын мұсылмандарды «сунниттер» дейді. Сунниттер (Ирак, Мысыр, Сирия, Пәкістан, Түркия, Орталық Азия, Қазақстан т.б.) төрт құқықтық мектепке (мазхабқа) бөлінеді: ханафи, шафиғи, малики және ханбали.

Шииттік бағыт. Басты ерекшелігі – Алла тағайындаған пайғамбар ұрпақтарының ішінен сайланған имамдарға билік тиесілі болуы тиіс деген тұжырымы. Әли халифалық құрған тұста саяси алауыздықтан пайда болған шииттік топ уақыт өте келе өз алдына қағидасы бар бағытқа айналды. Шииттер бүгінде көптеген топқа бөлінеді. Олар Иран, Ирак, Иордания, Сирия, Ливан, Пәкістан, Әзербайжан елдерінде кездеседі.

Ислам мәдениеті

Ислам алғаш ғылым мен өркениетті дамытушы дін ретінде адамзат тарихынан орын алды: ислам философиясы мен жаратылыстану ғылымдары (математика, химия, астрономия, физика, медицина) дамыды. **Ибн Сина, әл-Фараби, әл-Бируни, Утби,**

Фирдоуси сияқты ғұламалар шыққан. Мәселен, Бируни тарих, діндер тарихы, астрономия, математика, тригонометрия, геология, география, физика, ботаника, медицина сияқты салаларда кітап жазып қалдырған. Ал Фирдоусидің «Шахнама» шығармасы сол заман әдебиетінің зор жетістіктерінің бірі болатын.

Жалпы 750–870 жылдар арасы ислам ғылымының жаппай өркендеген дәуірі болды. Бағдадта «Байт-ул-Хикма» даналық үйі ғылыми-зерттеу орталығы ашылды.

Миниатюра, орнаментализм (өсімдік, бұтақты ою-өрнекпен бейнелеу), эпиграфикалық фриз, яғни араб әріптерімен жазылған ою дамыды. Сәулет, қолөнер, музыка өнері де өркендеді. Әсіресе шығыстық сәулет өнері әсемдігімен, күрделілігімен ерекше айқындалды. Ал әл-Фарабидің музыка өнеріне арналған «әл-Китап әл-Мусықия әл-Кабир» трактаты – музыканың зерттелуіне қосқан құнды еңбектің бірі.



Талда

1. Ислам діні қашан пайда болды?
2. Ислам дінінің зайырлы сипатта екенін неден білуге болады?
4. Ислам неше бағытқа бөлінді?
5. Неліктен ислам дінін алғашқы ғылым мен өркениетті дамытушы дін деп айтамыз?



Бұл маңызды

Пайгамбар (парсы сөзі) – Құдайдың адамдарды тура жолға бастау үшін жіберілген елшілері.

Халифат – орта ғасырлардағы араб мемлекеті.



Оқы, қызық!

Құран Кәрім

Құран – «оқу», «жатқа оқу», «терең ойлау» мағынасындағы араб сөзі. Күллі мұсылман қауымының шариғат заңдылықтарында, діни ғұрыптарында, тіпті күнделікті тіршілігінде басшылыққа алатын, аса киелі, қасиетті кітабын «Құран» деп атады. Ол – мұсылмандар ұғымында тура жол көрсетуші, адамзатты ақиқатқа қауыштырушы қасиетті кітап.

Құранда 114 сүре бар. Ең қысқа сүре – үш аяттан тұратын «Кәусар» сүресі. Ал ең ұзағы – 286 аяттан тұратын «Бақара» сүресі.

Мұсылман ғалымдары Құранның басты тақырыбы адамды жоғарғы адамгершілік иесі болуға және адамдардың бейбітшілік пен тыныштықта, бір-бірімен сүйіспеншілік пен қайырымдылықта өмір сүруге шақыру деп көрсетеді.



19-сурет. Құран Кәрім



Даналардан шыққан сөз

Ислам адамдарды бөлінуге емес, бірлікке шақырады. Иmandылық – ең асыл қасиет. Сондықтан дәстүрлі дініміз ұрпақ тәрбиесінің өзегі болуы керек. Ұрпаққа осындай өнегелі тәрбие беру – бәріміздің ортақ міндетіміз.

Қасым-Жомарт Тоқаев



Жасап көр!

1-топ ислам дінінің негіздеріне кластер жасайды.



2-топ берілген мәтінді оқып, өз ойларын «Түртіп алу» кестесіне жазады.

V – «білемін»	– «мен үшін түсініксіз»	+ «мен үшін жаңа ақпарат»	! «мені таңғалдырды»

Алғашында халифалар сарайына тиесілі кітапхана және грек, үнді, латын, парсы тілдеріндегі кітаптарды аударуға бағытталған ұйым ретінде құрылған «Байт-ул-Хикма» даналық үйі, кейіннен ғылыми кеңістігі кеңейіп,

математика, химия, астрономия, физика, медицина салаларында заманауи зереттеулер жүргізетін нағыз интеллектуалдар орталығына айналды. Даналық үйінің қызметі бұнымен де шектелмеді. Ол екінші жағынан сапалы, әмбебап ғалымдар дайындап шығаратын қазіргі университеттің рөлін де атқарды. Сондай-ақ Аббасилер мемлекетінің халифасы әл-Мамунның кезеңінде даналық үйінің жанынан аспан денелері мен ғарыш құбылыстарын зерттейтін обсерватория құрғызылғанын да айтып өту керек. Былайша айтқанда, даналық үйі өз заманында кітапхана, ғылыми зерттеу орталығы, жоғарғы оқу орны және обсерватория ретінде бірнеше функцияны атқаратын өртарапты институт еді (<https://www.muftyat.kz>).



Ойлан!

Тест сұрақтарына жауап бер.

1. Ислам діні қашан пайда болды?
 - А) V ғасырда
 - Ә) VI ғасырда
 - Б) VII ғасырда
2. Сунниттер неше мектепке бөлінеді?
 - А) үш мектепке
 - Ә) екі мектепке
 - Б) төрт мектепке
3. Ислам мәдениетінің өрлеу уақыты:
 - А) 750–880 жылдар аралығында
 - Ә) 740–780 жылдар аралығында
 - Б) 750–870 жылдар аралығында



Зертте!

Өз өңірлерінде қандай исламдық сәулет ескерткіштері бар екенін зерттеп, таныстырылым жаса.



Біліміңді тексер!

- Ислам діні қашан қалыптасты?
- Ислам дінінің негіздеріне нелер жатады?
- Ислам мәдениетінің өрлеу дәуірінде қандай ғылымдар дамыды?

Меңгерілетін білім:

- Исламның қазақ жерінде таралуы;
- Діни ұйымдар қызметімен танысу.

Кел, ойланайық!

- Ислам қазақ жеріне қашан таралды?
- Алғаш рет ислам дінін қазақ топырағына әкелген тұлғалар кімдер еді?

Түйін сөздер

Дін ғұламалары
Ясауи ілімі
Діни ұйымдар

Исламның қазақ жеріне таралуы

Исламның қазақ жеріне келуі VII–VIII ғасырлардан басталады. Ал орнығуы **Атлах шайқасымен** тығыз байланысты. Шайқас 751 жылы Атлах қаласы (Тараз) маңында қытай және араб әскерлері арасында болды. Нәтижесінде Мәуреннахр мен Түркістан өлкесінің тұрғындары Қытай тарапынан төнген қауіптен құтылып, біртіндеп ислам дініне кіре бастады. Жетісу мен Шығыс Түркістан аймағын қамтыған ел **Қарахан мемлекеті** (X ғ. аяғы – XIII ғ. басы) деп аталды. X ғасыр басында осы мемлекет билеушісі **Сатұқ Боғра хан** мұсылмандықты қабылдады, ал оның ұлы **Мұса Байғаш Боғра хан** 960 жылы исламды мемлекеттік дін деп жариялады.

Қарахан мемлекеті кезінде түркі-ислам мәдениеті мен өркениетінің дамуы түркі тілінде жазылған еңбектер арқылы да көрінді. Түркілер ішінен көптеген дін ғұламалары шыға бастады. Түркі тілін алғаш рет ғылыми түрде қолға алған **М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ат-түрк»** және **Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік»**, **Әбу Сайид ас-Саманидің** тарихи географиялық және өмірбаяндық шығармасы **«Китаб әл-Ансаб»** еңбектері т.б. жазылды. Сондай-ақ исламның одан әрі кең қанат жаюына **Қожа Ахмет Ясауидің** еңбегі көп болды.

Қожа Ахмет Ясауи Орталық Азия мен түркі халықтарының мәдениетіндегі ірі тұлғаның бірі болғандықтан, ол бүкіл түркі жұртының рухани атасы атанған.

Қ.А.Ясауи «Диуани Хикмет», «Мир'ат-ул Қулуб», «Факр-нама» сияқты мұраларды қалдырған. «Мир'ат-ул Қулуб» сөзі «көңілдің айнасы» деген мағына береді. Бұл кітап ұстаздың сүйікті шәкірттерінің бірі Мұхаммед Данишменд жинақтаған Ясауидің рухани көзқарастарынан тұрады.

«Фақрнама» («Пақырнама») – Өзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауидің еңбектерінің ішінде «Диуани хикметтен» кейінгі танымал шығармаларының бірі. «Пақырнама» – «Диуани хикмет» еңбегінің рет-ретімен, тәртібімен қара сөз түрінде ықшамдалып жазылған үлгісі. Бұл еңбектерге ортақ жайттар – адамның рухани білімі, адамгершілігі, төзімділігі, мейірімділігі. Қожа Ахмет хикметтерінде ең басты құндылықтың адам екенін айтып, адамның рухани халін қарастырады.

Алтын Орда мұрагерлерінің бірі – Берке хан исламды жақтағандардың қатарында болды. Ал 1313 жылы хан тағына отырған Өзбек хан ислам дінін Алтын Орданың мемлекеттік діні деп жариялады.

Қазақстандағы діни ұйымдардың қызметі

Қазақстан Республикасы егемендігін алғаннан кейін әрбір адамның діни сенім бостандығы құқығын құрметтейтін демократиялық, зайырлы мемлекетке айналды. Қазақстан – діни сенім бостандығын жариялаған зайырлы мемлекет. Сол себепті барлық діндер мен діни бірлестіктердің құқығы заң алдында бірдей.

Діни бірлестіктер қандай да болсын мемлекеттік қызметтер атқармайды, мемлекет те діни бірлестіктердің қызметіне, егер ол заңға қайшы келмесе, араласпайды. Мәселен, діни бірлестіктердің өз қатарларына тарту мақсатында жеке адамның бостандығына қол сұғуға еш құқығы жоқ. Мұны өздерінің де естерінде ұстағандарың жөн.

Елде барлық дәстүрлі әлемдік діндерге бірдей қарау саясаты жүргізілуде. 2011 жылы 11 қазанда «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданды. Еліміздегі діни қауымдас­тықтар, діни орталықтар, сондай-ақ діни оқу орындары Қазақстан Республикасындағы діни бірлестіктер деп танылды. Бүгінгі таңда Қазақстанда 18 конфессияны (ислам, христиан, иудаизм, буддизм т.б.) қамтитын 4 мыңға жуық діни бірлестік тіркелген.

Мемлекеттік сындарлы саясаттың арқасында еліміздегі діни ахуал тұрақты.



Талда

- Ислам діні қазақ жеріне қалай таралды?
- Атлаш шайқасының маңызы неде?



Бұл маңызды

Діни бірлестік – азаматтардың діни мүдделері мен құлшылық рәсімдерін бірлесіп қанағаттандыру мақсатында ерікті негізде құрған ұйымдар. Діни бірлестіктер арнайы құрылымға, төменнен жоғарыға дейін басқару жүйесіне ие. Басқаша айтқанда, діни бірлестіктерді қоғамдық ұйымдардың ерекше бір түрі деуге болады.



Ойлан!

Тест сұрақтарына жауап бер.

1. Исламның қазақ даласына енуі қай ғасырларда басталды?
А) VII–VIII ғасырларда
Ә) VIII–IX ғасырларда
Б) IX–X ғасырларда
2. Қожа Ахмет Ясауидің қай еңбегі қара сөз түрінде ықшамдалып жазылған?
А) «Диуани Хикмет» еңбегі
Ә) «Мир'ат-ул Қулуб» еңбегі
Б) «Факрнама» еңбегі
3. Қазақстанда 18 конфессияны қамтитын қанша діни бірлестік тіркелген?
А) шамамен 2 мыңға жуық
Ә) шамамен 3 мыңға жуық
Б) шамамен 4 мыңға жуық



Жадында сақта!

2011 жылы қабылданған «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң немесе қолданыстағы заң) – мемлекеттің дін саласындағы стратегиялық бағыттарын айқындайтын құжат.



Даналардан шыққан сөз

Қ.Ясауидің қазақ мәдениетіндегі орны өлшеусіз. Ұлттық дүниетанымымыздың қалыптасуында оның хал-хикмет ілімі жетекші рөл атқарған болса, «Диуани хикмет» жинағы осы ілімді таратудағы ең басты құрал болды. Сондықтан да ол халық арасында кие-қасиеті күшті, қымбат рухани қазына ретінде қастерленіп келді (*philart.kaz.nu*).



Жасап көр!

1-топ мәтіндер бойынша исламның Қазақстан аумағына таралуы туралы жоба жасайды.

2-топ «Қазақ әдебиеті» пәнінен алған білімдеріне сүйеніп, «Диуани лұғат ат-түрк» және «Құтадғу білік» еңбектері бойынша «Топтық тергеу» тәсілімен топтасып, жұмыс істейді.

- 1) «Баяндап берушілер» тобы М.Қашқари мен Ж.Баласағұн туралы баяндайды.
- 2) «Зерттеушілер» тобы екі ғұламаның еңбектеріндегі негізгі ойды зерттейді.
- 3) «Сұрақ құрастырушылар» тобы еңбектердің мәнін ашатын сұрақтар дайындайды.
- 4) «Жазушылар» тобы «Ата-баба дәстүрі» тақырыбына шағын эссе жазады.
- 5) «Дөнекершілер» тобы екі еңбекте көтерілген мәселелерді бүгінгі күнмен байланыстырады.



Зертте!

Ахмет Ясауи ислам құндылықтарын насихаттайтын түркі мектебінің негізін қалаған және бүкіл түркі әлемінде философияның дамуына зор ықпал еткен көрнекті және рухтандырушы тұлға ретінде қалдырған мұрасын жоғары бағалаған мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың жолдауын <https://www.akorda.kz/>, <http://president.kz/kz/search> сілтемелерінен тауып, ғұламаның ілімі туралы ізденіп, кластерді толықтыр.



Біліміңді тексер!

- Ислам діні Қазақстан аумағына қашан, қалай тарады?
- Қандай хандар исламды мемлекеттік дін деп жариялады?
- Қазақстандағы діни ұйымдардың қызметі қандай?

Меңгерілетін білім:

- Теріс пиғылды діни ағымдарды білу;
- Терроризм ұғымы, шығу негіздері.

Кел, ойланайық!

- Теріс пиғылды ағымдар деген не?
- Терроризм деген не?

Түйін сөздер

Діни ағым
Теріс пиғыл
Терроризм

Теріс пиғылды діни ағымдар

Сендер діннің адам өміріндегі рөлінің маңызды екенін білдіңдер. Алайда «дін» деген атауды жамылып, халықты адастырғысы келетін теріс пиғылды діни ағымдар да кездеседі.

Теріс пиғылды діни ағымдар – халықтың санасы мен еркіне толық бақылау орнатуға тырысатын әрі басқа діндерге төзбейтін және зайырлы үкіметке қарсы жалған діни ұйымдар мен бағыттар. Дүниежүзілік тәжірибе көрсеткендей, мұндай ұйымдардың миссионерлері алдымен баратын елінің, халқының тілін, тарихын, әдет-ғұрпын, мінез-құлқы мен психологиясын тыңғылықты зерттеп алады. Жергілікті жердің сан ғасырлық әдет-ғұрпын, құндылықтарын жоққа шығаратын әдіс-тәсілдер ойлап табады. Өздерінің шынайы ниеттерін жасыра отырып, сол елден өздерінің сөзін сөйлейтін жандарды тауып, оларды жетекші етіп сайлайды. Сайланғандар өздеріне берілген нұсқаулықпен жұмыстарын жүйелі жүргізеді.

Әдетте мұндай топқа психологиялық күйзелісте немесе әлдебір мәселенің шешімін таппай жүргендер келеді. Сондықтан олар «жетекшілерінің» үйіп-төгіп берген жалған уәделеріне ұйып, сеніп қалады.

Әлеуметтік желілер – теріс пиғылдағы діни ағымдарға тартудың ең тиімді және кең таралған құралы. Олардың құрған торына түскен адам бірте-бірте өзінің сыни ойлау қабілетін, өзінің пікірін жоғалтады. Мақсат қояды, өзін-өзі дамытуды тежейді. Не үшін өмір сүріп жүргенін түсінбейді. Арбаушылардың ықпалына түсіп, солардың дегенімен жүретін болады.

Терроризм ұғымы

Терроризм – зорлық-зомбылық идеологиясы: зорлық-зомбылықпен жасалған ең ауыр қылмыстардың бірі (өртеу, жарылыс, улы заттарды шашу, адам ұрлау, жеке азаматтардың өміріне қауіп төндіру, көлік құралдары мен ғимараттарды басып алу, қарулы шабуыл, компьютерлік желілерге шабуыл және т.б.).

Терроризм жазықсыз адамдардың өліміне әкеп соғады, қалыпты өмір сүру жағдайларын бұзады, халық арасында үрей мен дүрбелең тудырады. Осылайша террористер өздерінің қылмыстық саяси мақсаттарына жетуге тырысады.

Экстремизм ұғымы

Экстремизм (лат. «шеттеу», «орталықтан ауытқу», «шектен шығу») – жанама түрде дінде немесе мінез-құлықта, яки пікірде болсын, қалыпты дұрыс деңгейден ауытқу. Саяси ортада пайда болған экстремизм «саяси экстремизм», ал діни ортада пайда болған экстремизм «діни экстремизм» деп аталады. «Экстремизм» сөзінің ең жақын синонимі – «радикализм».

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік бағдарлама қабылданған. **Бағдарламаның мақсаты** – діни экстремизм көріністерінің алдын алу және терроризм қатерлеріне жол бермеу. Адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

- қоғамда төзімділікті тарату, жат діни сана мен радикалдық идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыру;
- діни экстремизм мен терроризмге қарсы арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау қызметінің жүйесін жетілдіру;
- экстремистік және террористік әрекеттердің себептерін жою.

Діни экстремизмге қарсы ең басты тетік – азаматтардың діни сауаттылық деңгейін арттыру. Діни сауаттылық – ұлттық тарих, дәстүр, діни таныммен қатар жаһандық үрдістерден хабардар болу, өз Отанын, елі мен жерін, мәдениетін сүю, әдет-ғұрпы мен діни танымын құрметтеу, тарихы мен тілін қас-терлеу.

Қазақстан мемлекеті діни экстремизм мен терроризмнің ел азаматтарына ықпал етуіне заңнама бойынша жол бермейді. Зайырлылық мемлекеттік жүйенің негізі ұлттық қауіпсіздіктің кепілі бола алады.



Талда

- Теріс пиғылды діни ағымдардың мақсаты не?
- Терроризм ұғымын қалай түсінесің?
- Экстремизм неліктен қауіпті?



Бұл маңызды

Теріс пиғылды діни ағым – жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің басты құқықтары мен мүдделеріне қайшы келетін қатаң иерархиялы діни құрылым.

Террор – саяси дұшпанына қарсы күрестің адамды өлтіруге дейін баратын неғұрлым шиеленіскен формасы.

Экстремист – жалпы түрде ешбір мөлшерді, тәртіпті мойындамайтын, өзінің шектен шыққан пікірі мен іс-әрекеттері арқылы ерекшеленген адам.



Жадында сақта!

Терроризмге қарсы операциялар – мемлекеттік органдардың, азаматтар мен лауазымды адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін террористік әрекеттердің алдын алу, террористерді зарарсыздандыру, сондай-ақ террористік акциялардың зардаптарын барынша төмендету мақсатында өткізетін арнайы іс-шаралар кешені.



Жасап көр!

Үш топқа бірігіп, берілген мәселелерді талқылаңдар, ортақ шешім шығарыңдар.

1-топ теріс пиғылды діни ағымдарға тән мінез-құлықтардың тізімін жасап, олардың ықпалына еріп кетпеудің жолдарын анықтап, нұсқаулық жасайды.

2-топ https://www.akorda.kz/kz/security_council/national_security/kazakstan-respublikasynyn-ulattyk-kauipsizdigi-turaly-kazakstan-respublikasynyn-zany сілтемесі бойынша ақпаратпен танысып, адам өміріндегі, оның ішінде балалар өміріндегі қауіпсіздіктің маңызын талқылайды.

3-топ «Теріс пиғылды ағымдар мен терроризм – ең үлкен қауіп» тақырыбында эссе жазады.



Данапардан шыққан сөз

Дін құрыса – тіл сақтайды, тіл құрыса – үн сақтайды, бөрі құрыса – діл сақтайды.

Асқар Сүлейменов

Қазақ «ұят болады» деген осы бірауыз сөзбен, отбасын, елді, дінді, ділді т.б. барлығын ұстап тұрған. Қазақ ұяты барды «текті», ұяты жоқты «тексіз» деп бағалаған.

Нұрхалық Абдырақын



Зертте!

Берілген нұсқаулықтағы қауіпсіздік ережелеріне және өз білімдеріңе сүйеніп, бейнеролик жасап, сыныпта қорғаңдар.

«Жаман айтпай, жақсы жоқ», террористермен бетпе-бет келгендегі әрекет алгоритмін білу қажет:

- үрейге берілмеу керек;
- террористің көзіне қарамау керек;
- қозғалмау керек.

Қылмыскерлердің бет-жүзін, киімдерін, сөздерін еске сақтауға тырысу керек. Сондай-ақ қылмыскерлерге қарсыласпай, қимылдамай отырған өте маңызды. Құтқарушылар келгенде жүгіріп шықпай, тұруға рұқсат етілгенше тапжылмай күту қажет.

Егер көшеде атыс басталса:

- үрейге беріліп, айғаламау керек;
- тұрып жүруге болмайды, еңбектеп, атыс шыққан жерден алыстау керек;
- егер кетуге мүмкіндік жоқ болса, жерге жату керек.



Білімңді тексер!

- Теріс пиғылды діни ағымдардың негізгі ерекшеліктері қандай?
- Қандай адамдар теріс пиғылды діни ағымдарға ілесіп кетуі мүмкін?
- Неліктен терроризмді дінге жат ұғым дейміз?
- Діни экстремизмнің қалай алдын алуға болады?
- Қауіпсіздік ережелерінің маңызы неде?

Меңгерілетін білім:

- Зайырлы мемлекеттің басты қағидасымен танысу;
- Унитарлық мемлекет белгілерін білу.

Кел, ойланайық!

- Не себепті зайырлылық мемлекеттік жүйенің және ұлттық қауіпсіздіктің негізі саналады?
- Неліктен елдегі тұрақтылық мемлекеттік саясатқа жатады?

Түйін сөздер

Зайырлылық
Зайырлы мемлекет
Унитарлық мемлекет

Унитарлық мемлекет

Унитарлық мемлекет (лат. *unitas* – «бірлік») – өкімшілік-аумақтық қарапайым, біртұтас, яғни бөлінбеген мемлекет. Барлық қалалар, аудандар, облыстар – жеке тәуелсіз субъектілер емес, бір мемлекеттің тең бөліктері. Әлемде 80%-дан астам мемлекет унитарлық болып саналады.

Унитарлық мемлекеттің белгілері:

- 1) мемлекеттік биліктің толықтығы, яғни жалпыұлттық деңгейде шоғырлануы;
 - 2) мемлекеттік билік органдарының бір орталыққа бағынатын бірыңғай иерархиялық жүйе түрінде құрылуы;
 - 3) заңнаманың бір деңгейлі жүйесі (бүкіл ел деңгейінде бір Конституция);
 - 4) бірыңғай азаматтықтың болуы.
- Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысаны бар унитарлық (біртұтас) мемлекет.** Конституцияға сәйкес, ел өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды, оның ең жоғары құндылықтары – адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары. Унитарлық формадан басқа құрамында

бірнеше елді біріктірген федеративті мемлекеттер де бар. Онда өз ережелерімен өмір сүретін бірнеше тәуелсіз республикалар болуы мүмкін. Федерацияларға мына елдер жатады: Германия, Канада, Біріккен Араб Әмірліктері, Ресей, АҚШ.

Зайырлылық – мемлекеттік жүйенің және ұлттық қауіпсіздіктің тұғыры

Зайырлы мемлекетте дін адамның өмірі мен әлеуметтік жағдайына әсер етпейді. Демек, мемлекеттің бұл түрі бір дінге басымдық бермей, барлығына бірдей көзқарас ұстанады. Қазақстанның барлық азаматы, діни сеніміне қарамастан, заң алдында бірдей құқыққа ие. Ешкімнің дінді келемеждеуге, діни нысандарды бүлдіруге құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасы – зайырлы мемлекет. Демократиялық бағытты ұстанып, барлық діни конфессиямен диалогті және халық арасында діни сауаттылықты дамытуды жалғастырып отыр. Әдетте экстремистік көзқарастағылар алдымен жастарды немесе рухани әлсіз жандарды өз қатарына тартуға тырысады. Сол себепті мемлекет еліміздің тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық шаралардың көмегімен экстремизм мен лаңкестіктің деструктивті идеологиясынан қорғануды басты назарда ұстайды. Сондай-ақ мемлекетіміз азаматтардың діни сенім бостандығы мен діни бірлестіктердің еркін қызмет атқару құқығының жүзеге асырылуын заңды тұрғыдан реттейді. Алдымен 1992 жылы «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заң, кейін 2011 жылы «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заң қабылданды. Бұл Заңдар бойынша барлық дін ұстанушыларға қызметтерін еркін атқаруына толықтай кепілдік берілді.

Мемлекеттік қызмет, білім беру, мәдениет, спорт, денсаулық сақтау, отбасы және неке институттары жүйелерін қоса алғанда, әлеуметтік қатынастар, сондай-ақ мемлекеттің құзыретіне жататын басқа да салалар тек заңнамамен реттеледі.

Кәмелетке толмаған балалардың (жасы 18-ге жетпегендер) құқықтары заңмен қорғалады. Атап айтқанда, «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңға сәйкес діни бірлестіктердің жетекшілері ата-аналарының бірі немесе оның басқа да заңды өкілдері қарсылық білдірген кезде, діни бірлестік қызметіне кәмелетке толмағандардың тартылуына және (немесе) қатысуына жол бермеу шараларын қабылдауға міндетті.

Кәмелетке толған балалар, ата-аналарының немесе олардың басқа заңды өкілдерінің діни сенімдеріне қарамастан, өздерінің діни немесе атеистік сенімдері мен қалауын өз бетінше анықтауға құқылы.



Талда

- Зайырлы мемлекет дегенді қалай түсінесің?
- Берілген мәтінді оқып, Қазақстан мен Түркия Республикасының ұқсастығы мен айырмашылығын Венн диаграммасы арқылы салыстырып, талда.

Түркия елі тарихындағы маңызды жайттардың бірі ХХ ғасырдың басында Мұстафа Кемал Ататүрік жүргізген реформалар болды. Ол зайырлылықты: дін мен мемлекеттің бөліну принциптерін жариялады, бұл заңнаманың реформалануына және көптеген исламдық институттар мен дәстүрлердің жойылуына әкелді. Осыған қарамастан, ислам түрік халқының мәдениеті мен өмірінің маңызды бөлігі болып қалған. Қазіргі Түркия – діни сенім бостандығына кепілдік беретін демократиялық, зайырлы және әлеуметтік мемлекет. Дегенмен ислам қоғамдық өмірде маңызды факторға жатады. Түріктерде көптеген мешіттер мен діни оқу орындары бар, олар мемлекет тарапынан қаржыландырылады, исламдық рәсімдер мен мерекелер мәдениеттің маңызды бөлігін құрайды (<https://amin.kz>).

Қазақстан Республикасы

Түркия Республикасы



Бұл маңызды

Зайырлылық – 1) кез келген дінге қатысты мемлекеттің бейтараптығы; 2) мемлекеттің кез келген діннен тәуелсіздігі, сондай-ақ діннің мемлекеттен тәуелсіздігі; 3) ар-ождан және діни сенім бостандығы; 4) білімнің кез келген діннен азаттығы.

Зайырлы мемлекет – дін мәселелерінде ресми түрде бейтарап болып табылатын немесе бейтараптық танытатын, дінді де, дінсіздікті де қолдамайтын мемлекет.

Унитарлық мемлекет – мемлекеттік немесе ұлттық-мемлекеттік құрылыстың бір түрі. Оның территориясы өкімшілік-аумақтық бөліктерге бөлінеді.



Жадында сақта!

Ешкімнің өз діни наным-сенімдеріне байланысты Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарында көзделген міндеттерін атқарудан бас тартуға құқығы жоқ: діни қызметшілер, миссионерлер, діни бірлестіктер басшылары немесе қатысушылары болып табылатын Қазақстан Республикасының азаматтары саяси өмірге Қазақстан Республикасының барлық азаматтарымен бірдей тек өз атынан ғана қатыса алады.



Даналардан шыққан сөз

Біздің қазақ дін ісін көркейтетін болса, үкімет ісін бөліп қойғаны оң болады.

Әлихан Бөкейхан

Мемлекет қоғамдық келісімге әлі қол жете қоймаған салада тікелей билік жүргізе бастаса, ол жеке тұлғалар еркіндігінің желкесін үзуге апарып соғады.

Фридрих Август фон Хайек

Заңның ешқандай күші болмайтын және біреудің билігіндегі мемлекеттің күні санаулы. Билеушілер заңның құлы болатын мемлекеттің адамдарына Құдай игілік сыйлайды.

Платон



Жасап көр!

1-топ тақырыпқа байланысты ой-тұжырымдарды кластерде жинақтайды.




2-топ төмендегі сұрақтарды талқылап, дөңгелек үстел өткізеді.

- Неге Қазақстан азаматтары өз құқықтарымен бірге міндеттерін де біліп, қатаң сақтауы тиіс?

2. Неліктен зайырлылық мемлекеттік жүйенің және ұлттық қауіпсіздіктің тұғыры болып саналады? Соңынан «Фишбоун» әдісімен түйіндендер.

Орындалу барысы: балық қаңқасының басына – көтерілген мәселелер, үстіңгі сүйектеріне – зайырлылық жолды таңдау себептері, астыңғы сүйектеріне – айтылған пікірлердің дәлелдері, құйрығына қорытынды ой жазылады.

Қаңқадағы жазулар қысқа болуы керек. Олар тірек сөздерден не тақырыптың негізгі ойын ашатын фразалық сөздерден тұруы мүмкін.



Зертте!

Мәтінді оқып, Малайзия мемлекетінің жүйесін зерттеп, баға бер.

Конституция бойынша Малайзия – ресми түрде зайырлы мемлекет, дегенмен исламды «Федерацияның діні» ретінде бекіткен. Себебі Малайзия халқының көпшілігі ислам дінін ұстанады, бұл – елдің ресми діні. Алайда Малайзияда христиандық, буддизм, индуизм және басқа діндер де бар. Дін бостандығына Малайзия Конституциясы кепілдік береді, дей тұрғанмен елдің құқықтық жүйесі шаригат заңдарының элементтерін, әсіресе мұсылмандар үшін отбасылық және жеке құқық салаларын қамтиды (*amin.kz*).



Білімді тексер!

- Зайырлы мемлекет қандай мемлекет?
- Мемлекеттің қауіпсіздігі деген не?
- Діни сенім еркіндігіне не жатады?

Меңгерілетін білім:

- Қазақстанның дінаралық келісімімен танысу;
- Қазақстанның татулық аясындағы саясатын білу.

Кел, ойнайық!

- Қазақстанның дінаралық келісім мен татулық аясындағы саясаты қандай негізде құрылды?
- Халықтың басты құндылықтарына не жатады?

Түйін сөздер

Дінаралық келісім
Конфессия
Діни мейрамдар

Қазақстандағы дінаралық татулықтың түп негізі – өзара сыйластық

Қазақстан – географиялық орналасуы ерекшелігіне сәйкес ежелден түрлі өркениеттердің тоғысқан аймағы. Сан қилы себептермен өз елінен бас сауғалап келген алуан ұлттың өкілдерін қазақ халқы жатсынбай, бауырына тартты. Тәуелсіздігін жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы үкіметі этносаралық татулықты қоғамдық келісіммен үйлестіре білді. Сонымен қатар дін саласындағы мемлекеттік саясаты да зайырлылық принципіне сәйкес іске асырылып жатыр. Осы мемлекеттік саясаттың арқасында еліміздегі діни бірлестіктер басшылары өзара түсіністік пен өзара іс-қимылды дамытуда. Қазақстанның діни бірлестіктері қоғамда азаматтық бейбітшілік пен рухани келісімді, ынтымақтастық

пен бірлікті нығайтуға бағытталған әлеуметтік-мәдени іс-шараларға белсенді қатысып келеді. Оның дәлелі – еліміздегі **18 конфессия** өкілдерінің бейбіт келісімде өмір сүріп жатқандығы.

2003 жылдан бері Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында **Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі** өткізіліп отырады (*20-сурет*). Мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдар ұйымдастыратын осындай конференцияларда, «дөңгелек үстелдерде», форумдарда дін көшбасшылары мен жергілікті діни қауымдастық өкілдері үнемі кездесіп, достық диалог жүргізіп келеді.

Еліміздегі діни бірлестіктер басшыларының бір-бірімен ортақ тіл табуға деген ұмтылысы әлемдік жұртшылықтың назарын ерекше аударады. Бұл ретте **Қазақстан өзін бітімгершілік алаң ретінде танытып келеді.**



20-сурет. Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер қошбасшыларының съезі

Қазақстанда мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым-қатынас үлгісі діндарлардың құқығы мен еркіндігін құрметтеудің демократтық қағидаттарына негізделген.

Мәдениет және ақпарат министрлігі де қоғамдық келісім мен ұлттық бірлікті нығайтуға, этностарды біріктіруге, сондай-ақ мемлекеттік тілді ұлтаралық қатынас тілі ретінде насихаттау жұмыстарын жүргізіп келеді. Ал дін мәселесінде мынадай үш міндетті атқаруға айрықша көңіл бөлінген:

- 1) халық арасына зайырлы мемлекет құндылықтарын насихаттау;
- 2) дінаралық келісімді сақтау;
- 3) діни экстремизмді болдырмау.

Сонымен қатар Дін саласындағы мемлекеттік саясатты дамытудың 2024–2028 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасы дайындалып, жүзеге асырыла бастады.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі қағидаттары барлық мемлекеттік органдар мен азаматтардың ар-ождан мен діни сенім бостандығын қорғауға кепілдік беретін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын бұлжытпай сақтауға негізделген. Зайырлы қағидаттар қазіргі Қазақстанның дамуы мен жұмыс істеуінің негізі болып табылады. Діндердің тату және сыйластықпен қатар өмір сүруі мен экстремизмнің таралуына қарсы тұруы – өте маңызды фактор.



Талда

- Қазақстанда мемлекет пен діни бірлестіктер арасындағы өзара қарым-қатынас қандай принципке негізделген?
- Дінаралық түсіністіктің маңыздылығы қандай?



Бұл маңызды

Қазақстанда мұсылмандардың діни мейрамы – Құрбан айт және православие діни мерекесі – Рождество күндері ресми түрде атаулы күн ретінде жарияланып, демалыс берілген.

Конфессия (лат. *confessio* – «ғибадат») – белгілі бір діни ілімнің шегіндегі дінге сенушілік, сонымен қатар осы дінді ұстанатын ізбасарлардың бірлесуі.



Даналардан шыққан сөз

Біздің жұрт бостандық, теңдік, құрдастық, саясат ісін ұғынбаса, тарих жолында тезек теріп қалады.

Әлихан Бөкейхан

Саясатта табысты болу – халықты өз көзқарасыңа иландырып, оларға анық, сыпайы, сабырлы әрі ашық түрде түсіндіруді қажет етеді.

Нельсон Мандела



Зертте!

Қ.Тоқаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінде сөйлеген сөзімен және Қаз дауысты Қазыбек бидің қалмақ қоңтайшысы Цэван Рабданға қойған шарттарымен танысып, «Елдестірмек елшіден» тақырыбында жоба дайында.

Қырғи-қабақ және өзара сенімсіздік жағдайы халықаралық қатынасқа қайта оралып жатыр. Заманауи сын-қатерлерге нені қарсы қоюға болады? Тарих бұған бір ғана жауап береді. Ол – **ізгі ниет, диалог және ортақ күш-жігер**. Табысқа жетудің басқа кепілі жоқ. Қазақстан кез келген даулы мәселені БҰҰ Жарғысына сәйкес тек қана келіссөз үстелі арқылы шешуді үнемі айтып келеді. Туындаған қайшылықтарды күшпен, қорқытумен немесе санкциялармен

реттеу мүмкін емес екеніне сенімдіміз. Мұндай сәттерде гуманистік идеалдарға жүгіну аса маңызды. Олардың басты қайнар көзі дәстүрлі діндер екені даусыз.

Қ.Тоқаев

Қазақ деген мал баққан елміз, ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзасына жылқының қылын таққан елміз. Дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзын ақтай білген елміз. Бірақ асқақтаған хан болса, хан ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды; анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды. Ұл мен қызын жатқа құл мен күң етіп отыра алмайтын елміз.

Сен темір болсаң, біз көмірміз, еріткелі келгенбіз; қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз; танысуға көнбесең, шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен арыстан, алысқалы келгенбіз; тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенбіз. Бітім берсең, жөніңді айт; бермесең, тұрысатын жеріңді айт.

Қазыбек би



Жасап көр!

Болашақта Қазақстаннан шетелге өкіл болып барсаң, дін-аралық келісім мен татулық аясындағы саясат идеясын қалай ұсынар едің? Таныстырылым жаса.



Біліміңді тексер!

- Қазақстан дін мәселесінде қандай саясат ұстанады? Сұрақтың жауабын кластерге толтыр.



- Діни ғұрыптар мен рәсімдер бір-бірінен ерекшеленеді. Басқа дін өкілдерінің ұстанған салт-дәстүрлері мен жөн-жоралғыларына қандай қарым-қатынас қалыптастырған жөн?

Глоссарий

Абыз – діни жоралғыларды басқарып, болжам жасап, жорамал айтатын беделді тұлға.

Агностицизм – дінді ұстанбайтын әрі оны теріске де шығармайтын бағыт.

Азаматтық парыз – адам мен қоғам үйлесімділігін білдіретін әлеуметтік-этикалық ұғым, жеке тұлғаның туған жер, атамекен, Отан, халық алдындағы парызы.

Адам – өмір дамуының ең жоғары деңгейінің көрінісі, қоғамдық еңбек барысының жемісі әрі табиғат пен әлеуметтік болмыс тұтастығын аңдататын тіршілік иесі.

Адамзат – 1) бүкіл адам баласы. 2) заты, жаратылысы, тегі адам.

Адамгершілік – қоғамдық талапқа сай ізгілікті, инабаттылықты білдіретін моральдық ұғым. Адамның күнделікті өмірінде жетекші болатын ішкі қасиеттер, этикалық нормалар.

Адамгершілік қасиеттер – адамгершілік нормалармен реттелетін іс-әрекеттерге қатысын адамның өз бойына жинақтауы.

Адамгершілік мәдениеті – тұлғаның моральдық принциптері, нормалары мен идеалдарын игеру деңгейі, оларды адамдар арасында қарым-қатынаста практикалық түрде пайдалану.

Адамгершілік мінез-құлық – адамдарға жағымды мінез көрсету, мейірімділік, рақымдылық білдіру.

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік технология негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Ақпараттық мәдениет – кез келген ақпарат көзін: анықтамаларды, сөздіктерді, энциклопедияларды, теледидар бағдарламаларын т.с.с. дұрыс пайдалана білу, сонымен бірге әңгімелесе білу, теледидар, хабарды (интернетті) талғамды түрде қарау, алынған мәліметті сыни ой елегінен өткізіп, талдай білу.

Антропоморфизм – Құдайды, өсімдік, жануар, заттарды т.б. адам бейнесінде суреттеу.

Атамекен – ата-бабадан ұрпаққа мұра болып қалған ежелгі құтты қоныс, мекен.

Атеист – дінге, Құдайға сенбейтін адам.

Әлеумет (лат. *socium* – «ортақ») – әлдебір мәнді қарым-қатынастағы адамдардың өмір сүру жағдайларының бірлігімен сипатталатын тұрақты да үлкен қауым.

Әлеуметтену – индивидтің нақты қоғамға, әлеуметтік топқа тән нормаларды, мінез-құлықты игеріп, тұлғаға айналу процесі.

Әлеуметтік нормалар – тарихи дамудың белгілі бір кезеңінде қоғамдық қатынастар негізінде қалыптасқан әлеуметтік топтар мен жеке адамдардың іс-әрекеттерін реттейтін талаптар.

Әлеуметтік даму – психикалық, рухани, интеллектуалдық кемелдену.

Әрекет (араб. *харекет* – «амал», «тәсіл») – адамның, кейде әлеуметтік топтың әлде бір істі атқаруға белсене кірісуі.

Бауырмалдық – адам бойындағы туысқандық, ағайыншылық қарым-қатынасқа адалдықты білдіретін адамгершілік қасиет. Бауырмалдық туыс адамдардың арасындағы жақсы көру сезімін, бір-біріне деген мейірімділігін, жанашырлығын, қамқорлығын білдіретін құнды қасиет. Бауырмалдық адамдардың туыстық негізінде ғана емес, жалпы адами қасиет ретінде өзге жұрттарды бауырына тарта білу, оларды жақын санап қамқорлық көрсету табиғи мінез-құлқының тұрақты қасиеті.

Білік – адамның белгелі бір құбылыс не күрделі мәселе жөнінде ой жүргіріп, өзінше пайымдай білу қасиеті. Біліктілік адам бойында оқудан гөрі, көрген-білгенін көкірекке тоқи білу арқылы қалыптасады.

Білім – 1) деректер, мәліметтер, теориялар, формулалар мен сипаттамаларды т.с.с. түсіну, есте қалдырып, қажеттікке қарай қайта жаңғырту. 2) адамдардың белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдауларының жиынтығы.

Діни сенім – белгілі бір діннің сенім негіздері мен құлшылық қағидаларын қамтиды.

Діни таным – белгілі бір діни сенім негізінде қалыптасқан доктриналық (ақидалық), моральдық, құқықтық тұтастыққа негіздеуші ұстаным.

Дуализм – бір-біріне күші тең екі Құдайға сенуді білдіретін діни түсінік. Олар күрес жағдайында (дитеизм) немесе үйлесімділік күйінде (битеизм) болуы мүмкін.

Жауапкершілік – адам бойындағы белгілі бір істі, өзіне тапсырылған міндетті орындап, жүзеге асыруынан байқалатын адамгершілік қасиет.

Жауапсыздық – іске немқұрайды қараушылық.

Зайырлы мемлекет – дін мәселелерінде ресми түрде бейтарап болып табылатын немесе бейтараптық танытатын, дінді де, дінсіздікті де қолдамайтын мемлекет.

Инфографика – хабарды, ақпаратты, білімді графикалық тәсілдер арқылы ұсыну, қандай да бір оқиғаны сипаттау немесе деректерді жеткізу мақсатында мәтін мен графиканың үйлестіріліп берілуі.

Көзқарас – адамның өздері өмір сүріп жатқан қоғамдағы, кезеңдегі немесе бұрынғы болған оқиғалар мен құбылыстарға, жеке тұлғаларға, идеяларға т.б. қарым-қатынасы және содан туындайтын иланымы, тіршілікте, түрлі қызметте басшылыққа алатын ұстанымы.

Қажеттілік – өмір мен дамудың белгілі бір жағдайларында адамның міндетті түрде керек ететін қажетсінулері.

Қайсарлық – алған бетінен қайтпайтын, өмір жолында кездескен қиыншылықтарға мойымайтын өршіл мінез.

Қайырымдылық – адамның асыл қасиеттерінің бірі. Кісінің айналасындағы адамдарға деген ықыласы мен көмегін, адамгершілік қарым-қатынастарын білдіреді. Қайырымдылық ұғымының екі қыры бар. Бірі – рухани-экономикалық жағы (басқаның басына түскен ауыртпалықты қабылдау), екіншісі – іс-тәжірибелік жағы (іс жүзінде нақты көмек беруге ұмтылу).

Қанағат – араб сөзі, «басқа адамнан дәмәтпеу, өзінде барды місе тұту, өзгенің ризығына қол сұқпау, тойымсыздықтан бойын аулақ ұстау» дегенді білдіреді.

Қарасөз – проза, көркем әдебиеттің үлкен бір саласы. Абайдың қарасөздері (ғақлия) – ұлы ақынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін, классикалық стильде жазылған прозалық шығармалары.

Қарым-қатынас – біріккен іс-әрекет қажеттілігін туғызатын, адамдар арасындағы байланыстың дамуын орнататын күрделі көп жоспарлы процесс. Адамдардың танымдық хабарлар алмасуы, өзара түсінісуі, бір-бірін қабылдауы.

Қоршаған орта – адамның тіршілік етуін, қалыптасуын, іс-әрекетін анықтайтын барлық табиғи, қоғамдық, материалдық және рухани жағдайлар.

Құндылық – қоғамдық ой мен баға беру, мақсат және оған жетудің жолдары, қоғамда кездесетін түрлі нормалар.

Мақсат – адамның қол жеткізуі тиіс нәтижені саналық деңгейде алдын-

ала ниеттеуі. Ойлау процесі нәтижесінде болашақты алдын ала болжау арқылы туатын мұрат, ішкі қозғаушы күш.

Мақсатқа ұмтылушылық – қоғамдық мәнді мақсаттарды алға қойып, оған жете білуден көрінетін жеке адамның ерік қасиеті.

Мәдениет – адамдардың әлеуметтік болмысты сақтау мен жаңарту жөніндегі қызметі және осы қызметтің жемістері мен нәтижелері. Адамдардың өмірі мен іс-әрекетін ұйымдастыру тәсілдерінен, сондай-ақ олардың материалдық және рухани байлықты жасауынан көрінетін қоғам мен адамның белгілі тарихи даму дәрежесі.

Мәдениеттілік – адамның тұлғалық асыл қасиеттерінің көрінісі. Дәстүрлі әдеп жүйесіндегі әдептілік, имандылық, ізеттілік ұғымдарымен үндес.

Миссионерлік (лат. *missio* – «сәлемдеме», «тапсырма») – діни ұйымдар қызметінің бір түрі, діни ұйымдардың ілімдерін таратуға арналған діни және саяси қызмет.

Миссионер – басқа сенімдегі адамдарға белгілі бір дін ілімін тарату, уағыздау үшін діни ұйымның не шіркеудің жіберген діни қызметкері.

Монотеизм – бірқұдайшылдық, Құдайды жалғыз деп насихаттайтын ілім.

Мінез-құлық мәдениеті – айналасындағылармен қарым-қатынасында өз шамасын білу және әдептілік сақтау.

Өздігінен білімін жетілдіру – жеке адамның өзі басқаратын мақсатты танымдық іс-әрекеті, ғылымның, техниканың, мәдениеттің, саяси өмірдің және т.б. қандай да бір саласынан жүйелі түрде білім алу.

Өзін-өзі ұстау – сезімге әсер етіп, істі кері кетіретін жағдайларда адамның өз әрекетін дұрыс жүзеге асыра алуға қабілеттілігі.

Өлшем – бір нәрсені бағалауда, анықтауда немесе жіктеуде негізге алынатын белгілер, бағалау өлшеуіштері.

Өмірлік ұстаным – адамның дүниетанымдық, моральдық-психикалық қасиеттері және оның қоғамға қарым-қатынасын білдіру арқылы көрінетін ішкі қағидасы.

Пайым – ақыл, парасат, түсінік.

Пайымдау – белгілі нәрсе жайлы топшылау пікір, тиісті түйін, қорытынды. Ойлау процесінің белгілі бір сатысы немесе ой тұжырымдаудың түрі.

Патриот – өз Отанын, халқын, жері мен суын шынайы сүйетін, халық мүддесі үшін бар күш-жігерін, қабілетін аямайтын адам.

Патриотизм (көне гр. *patriotes* – отандас, *patris* – Отан, туған жер) – Отанға деген сүйіспеншілік, бойындағы күш-қуаты мен білімін Отан игілігі мен мүддесіне жұмсау. Туған жерін, ана тілін, елдің әдет-ғұрпы мен дәстүрін құрмет тұту.

Политеизм – көпқұдайшылдық, яғни көп Құдайдың барлығына негізделетін діни жүйе.

Пұт – көпқұдайшылдықтағы табыну үшін жасалған мүсін, жансыз заттар.

Реформатор – реформаларды іске асырушы; қайта құрушы. Қоғамдық-саяси өмірдің, ғылымның бір саласына түбегейлі өзгеріс, ғылыми жаңалық ендіруге бастамашы болған, ұйымдастырған адам.

Төтенше жағдай (ТЖ) – адам өміріне қауіп төндіретін жағдайлар. Олар өндірістік апат, жер сілкінісі, сел жүру секілді табиғи апат салдарынан болуы мүмкін. Террористік акт, әскери операциялар да төтенше жағдайға жатады.

Ұстамды – байыпты, байсалды, сабырлы.

Ұстамдылық – адамның өз мінез-құлқын бақылай білуі, ашулы кездерде, ызаланған сәттерде, ауырғанда, өмірдің қиын мәселелерін шешкен шақта шыдамдылық көрсету және өрескел мінез-құлық пен артық әрекеттен бас тарту.

Хакім – «дана», «данышпан», «ғұлама» мағынасын білдіреді. Өртүрлі ғылымды меңгерген, сол ілімімен адамға ізгі қызмет қылуды мақсат еткен адам. Сонымен бірге адамдар арасындағы дау-жанжалды шешетін қазы, би-шешен.

Цифрлық сауаттылық – ақпаратты табу, бағалау, пайдалану және жасау үшін жеке тұлғаның цифрлық технологияларды, коммуникацияларды немесе желілерді пайдалану қабілеті. Цифрлық сауаттылық жеке тұлғаның қабілетін де қамтиды: ақпарат көздерінің кең ауқымындағы бірнеше форматтағы ақпаратты түсіну және пайдалану; цифрлық ортада тапсырмаларды тиімді орындау.

Этикет (фр. *etiquette* – «рәсімді реттеуші қағаз», «этикетка») – қарым-қатынастың қалыптасқан үлгі түрі. Бұл адамдардың өзін-өзі ұстау, жүріп-тұру тәртібінен тұратын өзіндік салт-жоралғы, дәстүр, қоғамның бет-бейнесі.

Пайдаланылған әдебиеттер

Негізгі әдебиеттер

1. «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» ҚР 2015 жылғы 16 қарашадағы Заңы. №401-V ҚРЗ.
2. Асыллов Ү. Даналардан шыққан сөз: нақылдар жинағы. – Алматы: Мектеп, 1987. – 383 б.
3. Асыллов Ү., Нұсқабайұлы Ж. Әдеп. – Алматы: Рауан, 1998. – 192 б.
4. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 1-том. Ежелгі шығыс философиясы. – Алматы, 2005. – 559 б.
5. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен ибн Сина философиясы. – Алматы, 2005. – 556 б.
6. «Балалар еңбегінің ең жаман түрлеріне тыйым салу және жою жөніндегі шұғыл шаралар туралы конвенцияны бекіту туралы». ҚР 2002 жылғы 26 желтоқсандағы Заңы. №367-II.
7. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР 1999 жылғы 23 шілдедегі Заңы. №451.
8. Жантану атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2006. – 384 б.
9. Ибраева А., Әлібаева Г., Айтхожин Қ. Құқықтану. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Мектеп, 2006. – 352 б.
10. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2010. – 344 б.
11. «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі». ҚР 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Заңы. №95-IV.
12. «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі». ҚР 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңы. №414-V ҚРЗ.
13. Қ.Р. Конституциясы. – Алматы, 2007. *adilet.zan.kz*
14. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тұжырымдамасы. *akorda.kz*.
15. «Қазақстан» Ұлттық энциклопедиясы. Бас ред. Ә.Нысанбаев – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998. – 510 б.
16. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: DPS, 2011. – 738 б.
17. Қазақтың этикасы мен эстетикасы, Құраст.: Т.Ғабитов. Аудар.: Т.Ғабитов, Е.Үсенбаев, Ә.Әлімжанова. – Астана, 2007. – 455 б.
18. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Жалпы редакциясын басқарған Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-пресс, 2008. – 968 б.

19. Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Экология және табиғат қорғау. Жалпы редакциясын басқарған – А.Құсайынов. – Алматы: Мектеп, 2002. – 456 б.
20. «Қазақ этикасы және эстетикасы». Жиырма томдық. 12-том. – Астана: Аударма, 2007. – 455 б.
21. Құсайынов А.Б., Нұрғалиева С.Т. Төтенше жағдайларда зардап шеккендерге психологиялық көмек көрсету және құтқарушыларды оңалту негіздері: Оқу құралы. Көкшетау: Қазақстан Республикасы ПМ ТЖК КТИ баспасы, 2020. – 132 б.
22. Мырзахметов О.Б., Каршалов М.Б. Тіршілік қауіпсіздік негіздері: дәрістер курсы. – Қостанай: ҚР ПМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы, 2019. – 131 б.
23. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Педагогика. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2006. – 482 б.
24. Отырар. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2005. – 712 б.
25. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері. Жинақ. – Астана: ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы, 2016. – 176 б.

Қосымша әдебиеттер

1. Ахметова З. Шуақты күндер: Естелік, эссе. – Алматы: Жалын, 1987. – 192 б.
2. Өзірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи. Көңілдің айнасы (Мират-ул Қу-луб). //Дайындаған – Кеңжетай Д.Т. – Анкара, 2000. – 52 б.
3. Баласағұни Ж. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Орта ғасырдағы түркі ойшылдары. 5-том. – Астана, 2005. – 528 б.
4. Баласағұни Ж. Құтты білік. – Алматы, 2000. – 275 б.
5. Даналардан шыққан сөз. – Алматы: Жазушы, 1994. – 68 б.
6. Дербісәлі Ә. Ислам және заман. – Алматы, 2003. – 560 б.
7. Ел аузынан. Шешендік сөздер, ақындық толғамдар, аңыз-өңгімелер. Құраст.: Б.Адамбаев, Т.Жарқынбекова. – Алматы: Жазушы, 1989. – 368 б.
8. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. – Алматы: Қазақстан, 1993. – 77 б.
9. Нұршайықов Ә. «Ақиқат пен аңыз». Роман-диалог. – Алматы: Жазушы, 2009. – 464 б.
10. Тимошинов В. «Мәдениеттану». Әлемдік мәдениет бойынша анықтамалық. Оқу құралы. – Алматы: Атамұра, 2008. – 368 б.
11. Ысқақ Ә. Абзалдық әліппесі немесе жүрек дәптері. Күнделік-эссе. – Шымкент: Шекер, 1996. – 108 б.

Зайырлылық және дінтану негіздері бойынша

1. Әбсаттар қажы Дербісәлі. Ислам және заман. – Алматы, 2003.
2. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 1-том. Ежелгі шығыс философиясы. – Алматы, 2005.
3. Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 4-том. Әл-Фараби мен ибн Сина философиясы. – Алматы, 2005.
4. Баласағұн Ж. Құтты білік. – Алматы, 1986.
5. Борбасова Қ.М. Діндер тарихы. – Алматы, 2014.
7. Дүниежүзі тарихы. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017.
8. Ежелгі дүние. Энциклопедия/Қазақ тіліне аударған М.Әміржанова. Фолиант, 2014.
9. Кенжетаев Д.Т. ж.б. Зайырлылық және дінтану негіздері. Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сыныбына арналған оқулық. Д.Т.Кенжетаев, Ә.Ә.Сайлыбаев, Ө.О.Тұяқбаев. – Астана: «Агтап-РВ баспасы», 2023.
10. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» тұжырымдамасы. <https://www.akorda.kz/>
11. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы, 2007.
12. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қарым-қатынастар / Мемлекеттік қызметкерлерге арналған әдістемелік құрал – Астана: МДХО, 2014.
13. Құдайбердіұлы Ш. Мұсылмандық шарты. – Алматы, 1993.
14. Төлебиев Ә. Т. ж.б. Өнер тарихы. «Агтап-РВ баспасы», 2013.
15. Ясауи Қ.А. Диуани Хикмет. Даналық кітабы. Жоғары сынып оқушыларына арналған. Астана: «Агтап-РВ баспасы», 2023.

Электрондық ресурстар:

1. <https://www.akorda.kz/>
2. https://egov.kz/cms/kk/articles/religion/destructive-ideas_1
3. <https://adilet.zan.kz>
4. www.inform.kz/kaz/article/2518839
5. <https://www.muftyat.kz>
6. <https://www.kaznu.kz>
7. <https://religions-congress.org/kz>
8. <https://amin.kz>
9. <https://www.gov.kz>
10. <https://philart.kaz.nu>

Мазмұны

Кіріспе.....	4
I БӨЛІМ. ЭТИКА ЖӘНЕ ӘДЕП.....	5
§1. Еңбек мәдениеті.....	6
§2. Ел игілігіне еңбек ет.....	12
§3. Қарым-қатынас мәдениеті және этикет.....	17
§4–5. Сыбайлас жемқорлыққа нөлдік төзімділік.....	22
§6. Өзіңнен есеп алу: жасағандарым пайдалы болды ма?.....	28
II БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ПАТРИОТИЗМ.....	33
§7. Өзгені өзіндей сыйла.....	34
§8. Әлеуметтік жауапкершілік.....	38
§9. Ертеңгі жастар қандай болмақ?.....	42
§10. Ынтымағы жарасқан ел.....	46
III БӨЛІМ. МЕДИАСАУАТТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ.....	51
§11. Әлеуметтік желідегі блогерлер.....	52
§12. Кибербуллинг.....	56
§13. Белсенді және пассив кірістер. Отбасы бюджетінің түрлері.....	60
§14. Отбасы бюджетін жоспарлау. Жинақтарды қалай сақтауға болады?.....	63
§15. Қаржы пирамидасы.....	67
§16. Қаржылық байлық.....	71
IV БӨЛІМ. ӨМІР СҮРУ ҚАУІПСІЗДІГІ.....	75
§17–18. Қандай да бір қауіп туындаған жағдайда нені білу маңызды?.....	76
§19. Төтенше жағдайларда өзіме және басқаларға қалай көмектесе аламын?.....	82
§20. Өмір мен денсаулыққа қауіпті жағдайлардан қалай шығуға болады?.....	86
§21. Жаман әдеттердің алдын алу.....	90
V БӨЛІМ. ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ.....	95
§22. Табиғат ресурстарын қалай пайдаланамыз?.....	96
§23. Экологиялық тұрақтылық.....	103

§24. Апаттар мен табиғи апаттардың қоршаған ортаға әсері	108
§25. Таза экологияға құқылымыз.....	114

VI БӨЛІМ. ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ

НЕГІЗДЕРІ	119
§26. Зайырлы мемлекет және дін.....	120
§27. Діннің пайда болуы және маңыздылығы, әлеуметтік мақсаты мен жіктелуі. Діннің құрылымы мен қызметтері	124
§28. Діннің шығу тегі мен тарихи формалары	127
§29. Ежелгі сенім жүйесі, ұлттық және дәстүрлі діндер.....	132
§30. Буддизм. Дін ілімі негіздері.....	136
§31. Христиан діні. Дін ілімі негіздері.....	140
§32. Ислам. Дін ілімі негіздері. Ислам мәдениеті	144
§33. Қазақстан жеріндегі ислам. Қазақстан аумағындағы діни ұйымдардың қызметі.....	149
§34. Теріс пиғылдағы діни ағымдар туралы түсінік. Терроризм	153
§35. Қазақстан – унитарлық және зайырлы мемлекет	157
§36. Қазақстанның дінаралық келісім мен татулық аясындағы саясаты.....	162
Глоссарий.....	166
Пайдаланылған әдебиеттер.....	171

Оқулық басылым

**Бакытгуль Урынбасаровна Салыхова
Жазира Жайлаубековна Акимбаева
Рахима Айтбаевна Абдраимова
Қанат Әуесбайұлы Әуесбай
Досай Тұрсынбайұлы Кенжетаев
Мая Несипбековна Диханбаева
Есет Жаумбаевич Караев**

ЖАҢАНДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТЕР

**Негізгі орта білім беру деңгейінің 9-сынып
оқушыларына арналған оқулық**

**Бас редакторы А.Бекболатова / Редакторы Н.Абдижаппарова
Техникалық редакторы В.Бондарев / Арт-директоры О.Подопригора
Көркемдеуші редакторы Т.Давлетова / Билд-редакторлары А.Умбетқалиева,
Ш.Есенкулова / Суретшілері А.Айтжанов, А.Сыргабаев, О.Кудрина,
Беттегіңдер Г.Илишева, Л.Костина, Ж.Илахунова, Н.Нержанова, С.Сулейменова**

Біздің мекенжайларымыз:

Астана қ., 4-ы/а, 2-үй, 55-пәтер.

Тел.: +7 (7172) 92-50-50, 92-50-54. E-mail: astana@arman-pv.kz

Алматы қ., Ақсай-1А ы/а, 28Б үй.

Тел.: +7 (727) 973-83-83, 973-63-63. E-mail: info@arman-pv.kz

Павлодар қ., Академик Сәтбаев көшесі, 71-үй, 412-офис

«Arman-PV baspasy» кітап дүкені

Алматы қ., 8-ы/а, 87-үй, Тел.: +7 (727) 303-94-43

Теруге 16.10.23 берілді. Басуға 07.06.24 қол қойылды. Пішімі 70 x 100¹/₃₂. Қағазы офсеттік.
Қаріп түрі «ММ Мектептік». Офсеттік басылым. Шартты баспа табағы 14,19. Тиражымы 50000 дана.
«BAYRAS» ЖШС. 050012. Алматы қ., Жамбыл к., 111/72 үй.

Артикул 809-018-001к-24